# Мазмұны


## 1 Қор туралы

1.1. Қордың тарихы
1.2. Қор қызметінің географиясы
1.3. Қордың даму стратегиясы

## 2 Қазақстандағы ШОК-ты талдау. Даму перспективалары

## 3 Қызметтің негізгі бағыттары

3.1. Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау
3.2. Қаржы бағдарламаларының мониторингі
3.3. Проблемалық активтермен жұмыс істеу
3.4. Клиенттік сервис
3.5. Ақпараттық технологияларды дамыту
3.6. Халықаралық ынтымақтастық
3.7. Жарнамалық қызмет және БАҚ-пен жұмыс

## 4 Қызмет нәтижелері

4.1. Даму жоспарының стратегиялық көрсеткіштерін орындау
4.2. Активтерді тиімді басқару
4.3. Қаржылық нәтижелер

## 5 Қызметтің рентабельділік көрсеткіштері

## 6 2023 жылға арналған жоспарлар

## 7 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

## 8 Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты

## 9 Экологиялық саясат

## 10 Корпоративтік басқару

10.1. Корпоративтік басқару жүйесі
10.2. Ұйымдастырушылық құрылымы
10.3. Жалғыз акционер
10.4. Директорлар кеңесі
10.5. Басқарма
10.6. Сыйақы саясаты
10.7. Еншілес компаниялар
10.8. Ірі мәмілелер және мүдделі мәмілелер туралы ақпарат
10.9. Ішкі аудит
10.10. Сыртқы аудит
10.11. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

## 11 Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер



**Жамаубаев Ерулан Кенжебекович**

Премьер-Министрдің орынбасары
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

# «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Кәсіпкерлікті дамыту басымдық, сондай-ақ ұлттық экономиканың орнықтылығының маңызды факторы болып табылады.

Өткен жылдың сәуірінен бастап Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасы іске асырылуда. Аталған құжаттың негізінде негізгі институционалдық шарттар мен елдің шағын және орта кәсіпкерлігін дамытуды жандандыру үшін қажетті алғышарттар салынған.

Осы Тұжырымдама аясында 2030 жылға қарай осы салада 5 млн адамға дейін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Стратегиялық мақсат 2025 жылға қарай ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 35%-ға дейін және 2030 жылға қарай 40%-ға дейін ұлғайту болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу азаматтар үшін кәсіпкер ретінде өзін-өзі іске асыру бойынша жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау кезінде мүмкін болады.

Ол үшін бизнесті ашу және дамыту бойынша жан-жақты шаралар қабылдануда.

Ұлттық жобалар шеңберінде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кредиттер бойынша кепілдіктер, жеңілдікті қарыздар және басқа да қолдау шаралары жүзеге асырылады.

Осы саладағы мемлекеттік саясаттың жүргізушісі бизнес үшін сенімді серіктес ретінде «Даму» қоры болып табылады.

Жалпы осы жылдар ішінде ЖІӨ-дегі кәсіпкерліктің үлесі ұлғайды, бұл бірлескен жұмыстың нәтижелерінің бірі болып табылады.

2022 жылы елімізде ШОК субъектілерінің саны 27%-ға өсіп, 1,8 млн-ға жетті, ал ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны 18,3%-ға (4,1 млн-ға дейін) өсті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 36,5% құрады.

ЖІӨ өсімі нақты мәнде 3,3%-ды құрап, 102,9 трлн теңгеге жетті.

Экономиканың барлық салалары бойынша өсімнің оң серпіні байқалады.

Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс деңгейі 3,4%-ға, құрылыста - 9,4%-ға, ауыл шаруашылығында - 9,1%-ға өсті.

2022 жылдың қорытындысы бойынша микрокредиттеу саны айтарлықтай артқанын көріп отырмыз, яғни мемлекеттік қолдау шараларына кәсіпкерлердің кең ауқымы қол жеткізді.

Бұл ретте, мемлекеттік қолдау шараларымен «Даму» қорының құралдары арқылы бүкіл Қазақстан бойынша 50,5 мыңнан астам кәсіпкерлердің жобаларына, жалпы сомасы 1,5 трлн теңгеден астам қарыздарға қолдау көрсетілді.

Берілген қарыздардың 63%-дан астамы жаңа жобаларға инвестициялауға және жұмыс істеп тұрған бизнес объектілерін жаңғыртуға бағдарланған.

Бұл көрсеткіш «Даму» қоры көрсететін қолдау құралдарының белсенді қолданылғанын көрсетеді.

Сондай-ақ жыл сайынғы негізде ШОК-ты қолдау үшін бөлінетін бюджет ұлғаюда. Өткен жылдың өзінде бюджеттің көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 30%-ға өсті.

Жалпы, «Даму» қоры тарапынан отандық кәсіпкерлерге тұрақты көмек пен қолдау көрсетілуде. Қор өз қызметінде ШОК дамыту және халықтың әл-ауқат деңгейін арттыру саласындағы экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын басшылыққа алуды жалғастырады.

Сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз санаттарын, оның ішінде ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдауға аса назар аударылатын болады.



# «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының үндеуі

## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазақстанда бизнес ортаны дамытуға 25 жылдан астам уақыт бойы өз үлесін қосып келеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттің ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 36,5%-ға жетті. ШОБ субъектілері дамыған елдер экономикасының драйвері болып табылатыны белгілі. Біздің республика микро, шағын және орта бизнестің экономикадағы рөлін арттыру жөніндегі өршіл жоспарларды алға қойып отыр. Осы мақсатқа қол жеткізуге мемлекеттік бағдарламалар бағытталған, олардың көпшілігін тек «Даму» қоры жүзеге асырады.

Мемлекеттік қолдау шаралары мен Қордың өз бағдарламаларын іске асыру 2022 жылы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 50,5 мыңнан астам жобаны дамытуға ықпал етті. Осылайша, кәсіпкерлердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау құралдарымен 24,5 мың жоба, кепілдік беру құралдарымен 20,8 мың жоба қолдау тапты, 5,3 мың жоба жеңілдікпен қаржыландырылды. Кредиттердің жалпы сомасы 1,5 трлн теңгені құрады. Бұл соманың 63,3% – инвестиция. Яғни, қаражаттың жартысынан астамы жаңа жобаларды дамытуға және Қазақстандағы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға бағытталған.

Қазақстан Республикасында Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының құрылуына байланысты «Даму» қоры осы өңірлердің кәсіпкерлеріне қолайлы болу үшін облыс орталықтарында үш жаңа филиал ашты. Бұл Қордың нысаналы аудиториясын қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді және кәсіпкерлердің мемлекеттік бағдарламаларға және басқа да іске асырылып жатқан қолдау шараларына қатысуға неғұрлым жедел қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

«Даму» қоры бизнес-процестерді кәсіпкерлер үшін барынша қолжетімді, ыңғайлы және ашық етуге ұмтылады. Осы мақсатты іске асыру үшін 2016 жылдан бастап жоспарлы түрде цифрлық технологиялар енгізілді. Осының арқасында 2022 жылы Қордың цифрландыру деңгейі 100% құрады, бұл кәсіпкерлерге онлайн-өтінімдер беруге және Қордың қолдауын қашықтықтан алуға мүмкіндік берді.

Өткен жылы пандемияға байланысты екі жылдық үзілістен кейін отандық өндірушілердің «ULTTYQ ÓNIM» көрмесінің жұмысы қайта жанданды. Бұл іс-шараны «Даму» қоры 2015 жылдан бері ұйымдастырып келеді. Осы уақыт ішінде көрме отандастарымыздың арасында танымал болып, қазақстандық тауар өндірушілер өз өнімдерін көрсетіп, тәжірибе жинақтап, табыс тарихымен бөлісетін жаңа, ауқымды алаңға айналды. Көрме отандық компаниялар арасындағы экономикалық кооперацияны кеңейту және өндірістің жаңа технологияларын енгізу үшін нақты іргетас болды.

Ірі іс-шараға қатысатын кәсіпкерлер өндірілетін өнімнің танымалдылығын арттыруға, сатуды ұлғайтуға, жаңа серіктестерді, өткізу арналарын табуға және жаңа келісімшарттар жасасуға мүмкіндік алады. VI «ULTTYQ ÓNIM» көрмесіне қазақстандық 345 кәсіпкер қатысып, көрмеге 20 мың адам келді. Осы іс-шара кезінде өнімді жеткізуге қатысты 120 шарт жасалды.

2022 жылы 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлер үшін бизнеске қаражат тарту бойынша баламалы көздер ретінде облигацияларға кепілдік беру бағыты әзірленді.

2022 жылы әлеуметтік облигацияларды дебюттік орналастырғаны үшін «Даму» қоры жыл сайынғы Cbonds Awards сыйлығының «Алғашқы орналастырудың үздік мәмілесі (Қазақстан)» номинациясында жеңімпаз болып танылды. Эмиссия көлемі 1 млрд теңгені құрады, айналым мерзімі 5 жыл. Шығарудың мақсаты мәміледен алынған қаражатты ЕДБ арқылы ШОКС кредиттеуге жіберу болып табылды. Әлеуметтік бағыттылығына байланысты Қордың орналастырылған облигациялары тұрақты даму мақсаттарына және ESG өлшемдеріне сәйкес келеді.

**Бурибаева Гаухар Асылбековна**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымы

# Бизнесті дамыту үшін қосымша шаралар

Сонымен қатар, 2022 жылы қолдау шараларының қолжетімділігі мақсатында мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер енгізілді.

Мәселен, республикалық маңызы бар қалаларда/облыс орталықтарында басым бағыттар тізбесіне (63 ЭҚЖЖ) сәйкес қызмет көзделген.

Кредиторлар ретінде лизингтік компаниялар әрекет ететін кепілдік беру құралы бойынша кепілдік мөлшері ұлғайтылды және лизинг нысанасы құнының 70%-нан аспайды. Кепілдік беру жүзеге асырылатын лизинг нысанасының сомасы бір қарыз алушыға 500 млн теңгеден аспауы тиіс.

Сондай-ақ, кепілдік беру құралы шеңберінде KASE/АХҚО алаңдарында жеке және институционалдық инвесторлардың қаражаты есебінен орта бизнес субъектілерін қаржыландырудың баламалы арнасы көзделген: құрал түрі - қамтамасыз етілген борыштық облигациялар (50%-дан өтімді кепіл + 50%-ға дейін Қор кепілдігі); кепілдік мерзімі 5 жылға дейін жетуі мүмкін; кепілдік сомасы - 2,5 млрд теңгеге дейін; жобаның мақсаты - негізгі құралдарды қаржыландыру (инвестициялық жоба); сала басым бағыттар тізбесіне (63 ЭҚЖЖ) сәйкес жүзеге асырылады.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында кепілдік беру және субсидиялау құралдары бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі - ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 4,5% белгіленді, оның 7%-ын ЖКС төлейтін, ал айырмасын мемлекет субсидиялайтын болады.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде елді мекендерде, оның ішінде моно-, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде жобаларды іске асыратын кәсіпкерлер үшін субсидиялау құралы бойынша экономиканың басым секторлары шеңберінде 3 млрд теңгеден аспайтын, кепілдік беру құралы бойынша 1 млрд теңгеден аспайтын кредит/лизинг сомасы ұлғайтылды.

Облигациялар бойынша купондық сыйақы бойынша талаптар қайта қаралды, оның ішінде субсидиялау құралы бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі - ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 5% белгіленді, оның 6%-ын кәсіпкер төлейтін болады, ал айырмасын мемлекет субсидиялайтын болады, кепілдік беру құралы бойынша облигациялар бойынша эмитентті мүлікпен қамтамасыз етудің міндетті болуы жөніндегі нормалар және үшінші тұлғалардың кепілдемелері алынып тасталды.

2023 жылы «Даму» қоры Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдау және дамыту, сондай-ақ өзінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Сондай-ақ, 2023 жылы Қордың келесі онжылдық даму стратегиясын әзірлеу және бекіту жоспарлануда. Дайындық жұмыстары шеңберінде Қор өз қызметін бұрынғыдай микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға бағыттайды деп болжанып отыр. Негізгі назар кепілдік беру құралын одан әрі дамытуға аударылатын болады.



# Қордың тұрақты даму саласындағы қызметі (ESG)

"Даму" қоры Қазақстанда және оның өңірлерінде кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың мемлекеттік кешенді шараларын іске асыратын әлеуметтік жауапты ұйым ретінде өз қызметі шеңберінде экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік міндеттерді (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) шешуге тартылған. Қор корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, орнықты даму, экологиялық, әлеуметтік және гендерлік саясат саласында үздік тәжірибелерді енгізу және өзінің ішкі нормативтік құжаттарын жетілдіру арқылы орнықты даму бастамаларын белсенді қолдауға ұмтылады.

2022 жылғы жылдық есеп GRI Standards халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалды және Қордың орнықты даму саласындағы, оның ішінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология және корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі қызметі туралы ақпаратты ашады.






# Ішкі бағалау аясында «Даму» қоры бүгінгі күні өз қызметінде БҰҰ 17 мақсатының 13 мақсатын ескереді:

Мақсат 1




Мақсат 2




## Қайырымдылық

2022 жылы хирургиялық араласуға мұқтаж науқасқа операция жасауға 5 000 000 теңге сомасында қайырымдылық көмек көрсетілді. Қор ҰОС ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне және соғыс балаларына азық-түлік себеттері түрінде қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді. Қор Жеке қайырымдылық қорларына көмек көрсетеді, жыл сайын қайырымдылық жәрмеңкелері ұйымдастырылады.

Мақсат 3




## Әлеуметтік облигация

Қорда еңбекті қорғау бөлігінде жұмыс процесін ұйымдастыру қызметкерлердің қорғалу жай-күйінің деңгейін арттыруға, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және қызметкерлердің денсаулығын сақтауға, қауіпсіздік мәдениетін жүйелі түрде енгізуге және жазатайым оқиғаларға жол бермеуге бағытталған. COVID-19-дан зардап шеккен экономика секторларын қолдау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде 2021 жылғы қыркүйекте «Даму» Қоры KASE алаңында 1 млрд теңге сомасына әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымын жүзеге асырды.

Мақсат 4




## 446 жұмыскер

Қор тұрақты негізде қор қызметкерлерін оқыту жоспарына сәйкес қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту бойынша жұмыс жүргізеді. Қор лайықты уәждемемен және сыйақымен қамтамасыз ете отырып, кадрлық резервке ие. 2022 жылы 446 қызметкер оқудан өтті.

Мақсат 5

## Гендерлік саясат

Қор тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктерді құруға ұмтылады және гендерлік, этникалық немесе басқа кемсітушілікке жол бермейді. «Даму» қорының гендерлік саясаты енгізілді.

2022 жылдың деректері бойынша «Даму» қоры қызметкерлерінің жалпы штат санындағы ерлер үлесі 43%, әйелдер – 57%, орташа басшылықтағы әйелдер – 40% құрайды.

Мақсат 6

## Жасыл кеңсе

«Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы шеңберінде Қор су ресурстарын ұтымды пайдалану және санитария мәдениетін арттыру бойынша жұмыс жүргізуде, оның ішінде Қор қызметкерлерді таза ауыз сумен, сондай-ақ санитария заттарымен (санитайзерлер, сабын, майлықтар және басқалар) қамтамасыз етеді.

Мақсат 7

## Жасыл облигация

2020 жылы Қор «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін төмендету» жобасы шеңберінде БҰҰДБ қолдауымен АХҚО қор биржасының алаңында «жасыл» облигацияларды дебюттік орналастыруды 200 млн теңгеге жүзеге асырды.

Ол үшін «Жасыл» нарықтың пионері» - Climate bonds Awards марапаты алынды.

Мақсат 8

Қор жыл сайынғы негізде кадр резервін бекітеді. Сондай ақ қызметкерлердің кәсіби және жеке құзыреттерін дамыту бағытында белсенді жұмыс істейді

Мақсат 9

Қор экономиканың басым салаларын, оның ішінде қайта өңдеу, өңдеу өнеркәсібі, медицина, оқыту және туризм салаларын қолдауды жүзеге асырады.

Мақсат 10

## Қор қолдауы

Қор іске асыратын бағдарламалар шеңберінде әлеуметтік және жастар кәсіпкерлігін қолдау құралдары әзірленуде.

Қордың физикалық дамуында қиындықтары бар, оның ішінде мүгедектігі немесе ақыл-ой ерекшеліктері бар адамдарды қолдау және белсенді өміріне қосу мақсатында Қор қызметкерлерінің жалпы штат санында мүгедектігі бар қызметкерлер бар.

Мақсат 11

## 585,4 млн теңге

2017 жылы Қор БҰҰДБ-ЖЭҚ «Қазақстандағы Төмен көміртекті даму үшін Тұрақты қалалар» жобасын орындау шеңберінде БҰҰДБ-мен келісімге қол қойды.

2022 жылы БҰҰДБ тарапынан 585,4 млн теңге сомаға грант бөле отырып, жобаларды субсидиялау жөніндегі келісімге қол қойылды.

Мақсат 12

## Оңтайлан-дыру 12% дейін

«Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы шеңберінде энергия үнемдеу мәдениетін арттыру, ресурстарды (энергия тұтыну, су тұтыну) тұтынуды қысқарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қағаз құжат айналымын оңтайландыру – Paper free.

2022 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда 12% - ға төмендеді.

Мақсат 13

## 141 жасыл жоба

Іске асырылып жатқан құралдар шеңберінде Қор жалпы сомасы 150,4 млрд теңгеге 141 жасыл жобаға қолдау көрсетті.

## Біздің үлес

**36,5%**

*- еліміздің ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі*

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазақстанда бизнес ортаны дамытуға 25 жылдан астам уақыт бойы өз үлесін қосып келеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттің ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 36,5%-ға жетті. ШОБ субъектілері дамыған елдер экономикасының драйвері болып табылатыны белгілі.

**1 819 мың бірлік**

Жұмыс істеп тұрған ШОК саны

Тіркелген ШОК жалпы санындағы жұмыс істеп тұрған ШОК үлесі – 89,7%

**4,1 млн адам**

ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны

Жалпы қамтылғандардың ішіндегі ШОК үлесі – 45,8%

**59,2 трлн теңге**

ШОК өнімдерін шығару

ЖІӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі - 36,5%

2022 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілері санының **20%-ға** **2 027 мың** бірлікке дейін айтарлықтай өсуі байқалды.

**1,8 млн**

шағын және орта кәсіпорын

**97%**

ЖКС жалпы санынан ШОБ үлесі

**46%**

ШОБ секторында жұмыс істейтін халық үлесі

## Рейтингтер

### Moody`s

Moody's шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді несиелік рейтингтерді Baa3 (тұрақты) деңгейінде растады.

### S&P Global Ratings

S&P Global Ratings қордың шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «BBB-/A-3» деңгейінде растады.



## 2022 жылғы Қордың жетістіктері

| Субсидиялау | Кепілдік беру | Жеңілдікпен қаржыландыру | Барлығы |
|---|---|---|---|
| 24.5 мың жоба | 20.8 мың жоба | 5.3 мың жоба | 50.5 мың жоба |
| 993 млрд теңге | 378 млрд теңге | 184 млрд теңге | 1.55 трлн теңге |

# 1. Қор туралы

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – мақсаты қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті сапалы дамытуға жәрдемдесу болып табылатын мемлекеттік қолдау құралдарын іске асыратын Қаржы агенттігі.

Қор кәсіпкерлер үшін ЕДБ, МҚҰ, ЛК және өзге де заңды тұлғалар арқылы кредиттеу бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, кредиттерге кепілдік беру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдау материалдарын тарату сияқты кең ауқымды өнімдер мен қызметтерді ұсынады.

## Қордың бизнес-үлгісі

1 Қаржылық қолдау

2 Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және дамыту

3 Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері



# 1.1. Қордың тарихы

*Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.

**199**
Қорды құру («Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысы)*

**20**
«Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне республикалық бюджет қаражатынан кредит беру бағдарламасы» және «Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы» іске асырылды

**20**
Қазақстанда шағын кредит беру жүйесін дамыту бағдарламаларын, екінші деңгейдегі банктерден алынатын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру бағдарламаларын іске асыру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыру

**20**
Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шаралар бағдарламасы бойынша, сондай-ақ Азия Даму Банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің кредиттік желілері бойынша мемлекеттік бюджет қаражатының пайдаланылуын есепке алу және бақылау жөніндегі агент функциясын жүзеге асыру

**20**
2007 жылдан бастап тартылған және меншікті қаражат есебінен шартты орналастыру бойынша оператордың функцияларын жүзеге асыру

**20**
2010 жылдан бастап Қор кәсіпкерлердің кредиттері/лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың және кәсіпкерлердің банктер/лизингтік компаниялар алдындағы кредиттеріне кепілдік берудің қаржы агенттігі болып табылады

**201**
2013 жылы Жалғыз акционер – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ауысуы

**201**
2016 жылы Қор Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша Қаржы агенті болып таңдалды

**201**
2017 жылы Қордың 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы өзектендірілді

**2018**
2018 жылы Қор «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында облигациялардың алғашқы шығарылымын жүзеге асырды

**202**
2020 жылы Қор «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының алаңында «жасыл» облигацияларды сәтті орналастыруды жүзеге асырды

**202**
2021 жылы Қор Қазақстан қор биржасының алаңында «әлеуметтік» облигацияларды сәтті орналастыруды жүзеге асырды



# 1.2. Қор қызметінің географиясы

Қор өз қызметін толыққанды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде ұсынылған және өз функцияларын Қазақстанның барлық облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда жүзеге асырады:

Қор құралдары бойынша қаржылық қолдау алуға ЕДБ/ЛК/МҚҰ мақұлдағанға дейін жобаларды сүйемелдеу бойынша қызмет көрсету шеңберінде аймақтық филиалдардың жобаларын сүйемелдеу жөніндегі менеджерлер кәсіпкерлердің

**7 297 жобасын сүйемелдеді**

Қордың аймақтық желісінің филиалдарына

**9 868 клиент жүгінген**

**12 299 қызмет көрсетілген**



# 1.3. Қордың Даму стратегиясы

## Қордың Миссиясы

Қордың миссиясы Қазақстанда микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді және тиімді құралдарын іске асыру арқылы тұрақты дамытудағы белсенді рөлі болып табылады.

## Қордың Пайымы

Қордың 2023 жылға қарай пайымы – ұлттық даму институты – микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі бағдарламалардың бастамашысы және іске асырушысы.

Қордың даму стратегиясы Қазақстанның микро, шағын және орта кәсіпкерлік секторын дамытуға бағытталған және микро, шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі – МШОК) дамытудың мемлекеттік, сондай-ақ өзінің бағдарламаларын табысты және тиімді іске асыру тәжірибесін ескереді. Қордың Даму стратегиясын тиімді іске асыруды арттыруда және алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде қолданылатын микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың 20 жылдан астам тәжірибесі және басқа да бірқатар күшті жақтары бар.

## Қорды дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары

| Стратегиялық бағыттар | Стратегиялық міндеттер |
|---|---|
| Ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді қолдау және дамыту | ■ Микробизнесті кредиттеуді кеңейту, МҚҰ мен кредиттік серіктестіктерді қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру<br>■ Қордың қаржылық бағдарламаларымен қолданыстағы МШОК-тарды қамту үлесін ұлғайту<br>■ Қолдау көрсетілетін МШОК кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру |
| Қордың орнықты институционалдық дамуы | ■ Қосымша қаржыландыру көздерінің қаражатын тарту<br>■ Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу<br>■ Бизнес-процестерді автоматтандыру<br>■ Корпоративтік басқару деңгейін арттыру |

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ даму стратегиясы (бұдан әрі - Қордың даму стратегиясы) Қордың Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 шілдедегі шешімімен бекітілген. 2022 жылы Қордың даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қордың Даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қордың Жалғыз Акционерінің Даму стратегиясын өзектендіруге байланысты болды. Қордың Даму стратегиясының толық мәтіні: https://damu.kz/o-fonde/o-nas/strategicheskie-napravleniya/ сілтемесі бойынша қолжетімді.



## ТОО «QazAlPack»

«QazAlPack» ЖШС – Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» индустриялық аймағында 2019 жылдан бері сусындарға арналған алюминий банкалар шығарып келе жатқан кәсіпорын. 2020 жылдан бері аумақта өндіріс-қойма кешенін де салып жатыр.

Алюминий банкалар мен сусындарға арналған қақпақ түрлерін шығаратын Орталық Азиядағы жалғыз зауыт. Жылына 750 миллион жиынтық өнім шығаруға қуаты жетеді. Осындай жабдықты өндіруде әлемдік көшбасшы саналатын «Stolle Machinery» (АҚШ) компаниясының ең заманауи технологиясы қолданылады.

Сусындарға арналған бұл ыдыс түрі басқа шикізаттан жасалған қаптамалармен салыстырғанда экологиялық жағынан таза болып саналады.

Көлемі 22 000 шаршы метрді алып жатқан алып зауытта 13 өндірістік операция мен сапаны бақылау жүйесінен тұратын 800 м ұзындықтағы желі бар.



# 2. Қазақстандағы ШОБ-ты талдау. Даму перспективалары

2022 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілері санының

**20%-ға**

2 027 мың бірлікке дейін айтарлықтай өсуі байқалды

Елдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы ШОК үлесі

**96,9%-ға**

дейін өсті

Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер саны

**27%-ға**

артты

бұл өсім ЖК санының 2021 жылғы 908 мың бірліктен 2022 жылы 1 234 мың бірлікке дейін немесе 36%-ға өсуіне байланысты. 2017-2022 жылдары тіркелген ШОК саны өсімінің орташа жылдық көрсеткіші 5,4% деңгейінде бағаланды, ал осы кезеңде жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер өсімінің мәні - 8,9%. Тіркелгендер санының өсу қарқынынан озып, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер санының өсуі бұрын тіркелген кәсіпкерлердің бизнесті белсенді жүргізуінің артқанын көрсетеді.



## ҚР-да тіркелген ШОК субъектілері санының серпіні




Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

ҚР СЖЖРА Статистика бюросының деректері бойынша 2022 жылдың соңында жұмыспен қамтылған халық саны 8 966 мың адамды құрайды. Бұл ретте ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны - 2023 жылғы 1 қаңтарда 4 110 мың адам (барлық жұмыспен қамтылғандардың 45,8%). Өткен жылмен салыстырғанда ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны 18,3%-ға өсті. Сонымен қатар, ҚР-да жұмыспен қамтылған халық санының 1,8%-ға өсуі байқалады.

## ҚР-да жұмыспен қамтылған халық санының серпіні




Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

Соңғы 9 жыл ішінде Қазақстанның ЖІӨ нақты мәнде өсуін көрсетті (2020 жылдан басқа, COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген бірқатар шектеулерді ескерсек).

Осылайша, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ЖІӨ өсімі байқалады, нақты мәнде **3,3% өсім көрсетіп, 102,9 трлн теңгені құрады.**

| Тауарлар өндірісі ЖІӨ-нің | Қызмет көрсету өндірісі | Өнімге салынатын салықтар |
|---|---|---|
| **39,8%-ын** | **52,5%** | **7,7%-ын** |
| (оның ішінде өнеркәсіптік өндіріс есебінен 29,3%) | | құрайды |

ҚР СЖЖРА Статистика бюросының мәліметінше, 2022 жылы ШОК өнімдерін шығару 59 222 млрд теңгені құрады. 2022 жылы ШОК өнімінің 71%-ын шағын кәсіпорындар, 16,4%-ын орта кәсіпорындар және 12,6%-ын жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары шығарды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала деректер бойынша ЖІӨ-дегі ШОК-тың жалпы қосылған құнының үлесі 36%-ға бағаланады.

## ҚР-да ЖІӨ және ШОК өнімдерін шығару серпіні




Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

## Кәсіпкерлікке кредит беру көрсеткіштері және Қордың кредит берудегі үлесі

Жалпы алғанда, 2022 жылы банктік несиелеу көлемі 12%-ға 24,1 трлн теңгеге дейін өсті. Өсу экономиканың көптеген секторларында және кредиттеудің барлық объектілері бойынша байқалады. Оның ішінде кәсіпкерлік мақсаттарға берілген кредиттер бойынша 2022 жылы өсімі 9,3% құрап, 13,5 трлн теңгеге жетті. Шағын кәсіпкерлікті кредиттеуде барлық банктік кредиттеудің өсуінен озу байқалады (өсім 16,4%).

## Экономика мен шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің жыл сайынғы көлемі




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz).

Қор 2022 жылы ЕДБ, ЛК, МҚҰ-ға қаражатты шартты орналастыру, кәсіпкерлердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды. Сондай-ақ 2022 жылы микро және шағын кәсіпкерлікті қоржындық әдіспен қолдау шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру құралдарын іске асыру жалғастырылды, ол 2020 жылдың соңында іске қосылды.

Жалпы, Қорды қолдау бағдарламасы аясында өткен жылы ЕДБ арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне 1 554 млрд теңге кредит сомасына қолдау көрсетілді. Кәсіпкерлік мақсаттарға банктік кредиттеудің жалпы сомасында Қордың бағдарламаларына қатысушыларға берілген кредиттердің үлесі 11,5%-ды құрады. Бұл көрсеткіш Қордың елдегі кәсіпкерлікті қолдаудағы рөлінің жоғары екендігін көрсетеді.

Экономиканың басым секторларын қаржыландыруға баса назар аудара отырып, Қордың салымын қарау кезінде 21,5%-ға дейін жалғасып келе жатқан оң өсім байқалады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 0,7 пайыздық тармаққа жоғары.

## Экономиканың басым секторларындағы жобаларға кредиттердің серпіні




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

Өңдеу өнеркәсібіндегі Қор кредиттерінің үлесі де ұлғайып, 28,3% құрады. Қордың үлесінің ұлғаюы өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жобаларды қолдаудың ұлғаюы және өңдеуші өнеркәсіп банктері берген кредиттердің шамалы азаюы есебінен болды.

## Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға берілетін кредиттердің серпіні




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).



## Қазақстанда экономика мен ШОК-ты дамытудың 2023 жылға арналған перспективалары

COVID-19 пандемиясына байланысты шектеу шараларының орнына 2022 жылы Қазақстан экономикасы Украинадағы әскери қақтығыстың теріс салдарына тап болды. Әлемдегі геосаяси жағдайға байланысты «Сбербанк» ЕБ АҚ, «Альфа-Банк» ЕБ АҚ және «Банк ВТБ (Қазақстан)» ЕҰ АҚ ресейлік санкцияларға тартылды, оларда кепілдік беру және субсидиялау құралдары бойынша портфельдің үлесі шамамен 27%-ды құрады. Ал қаражатты шартты орналастыру құралы шеңберінде Қор ресейлік банктердің қарызын мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына сәйкес келетін қазақстандық банктерге – Қордың серіктестеріне беру рәсімін жүзеге асыруға мәжбүр болды.

Жоғарыда көрсетілген банктердің қызметін тоқтата тұру Ұлттық жобаның бірінші бағыты шеңберінде кепілдік беру және субсидиялау жобаларының, сондай-ақ қаражатты шартты орналастыру бағдарламалары шеңберінде кредиттеудің азаюына және соның салдарынан микро және шағын кәсіпкерлікті қолдаудың азаюына әкелді. Атап айтқанда, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің жобалары бойынша қолдау азайды, себебі кәсіпкерліктің осы сегменті үшін негізгі кредитор «Сбербанк» ЕБ АҚ болды.

Әрине, геосаяси сілкіністер экономикалық дамудың алдағы перспективаларында өз көрінісін табуы мүмкін. Қолайсыз жағдай елдің шағын және орта кәсіпкерлігінің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін: өнімді, шикізат пен жабдықты жеткізу тізбегі бұзылады, инфляция өседі. Осы факторлардың барлығы инвестициялық жобаларды толық қаржыландырмауға, жобаларды іске асыру мерзімдерін ұлғайтуға, шикізат пен жинақтаушылардың қымбаттауына әкеп соғуы мүмкін. Осыған байланысты екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдері сапасының нашарлауын және тиісінше кепілдік беру портфелі бойынша төлемдер талаптарының өсуін күтуге болады.

Сонымен қатар, сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан, Қазақстан экономикасы жаңа жағдайларға сәтті бейімделіп, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің 3,3% деңгейінде өсуіне қол жеткізді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Қазақстан Республикасының 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы» баяндамасына сәйкес тауар өндірісі 3,2%-ға, қызмет көрсету өндірісі 2,9%-ға өсті. Экономикалық өсудің негізгі факторы экономиканың базалық салаларындағы өндірістік белсенділік болды. Өңдеу өнеркәсібі 3,4%-ға өсті. Салалар бөлінісінде машина жасауда өндірістің 9,4%-ға, оның ішінде автомобиль жасауда – 19,1%-ға және электр жабдығы өндірісінде – 22,2%-ға, азық-түлік өндірісінде – 3,9%-ға, сусындарда – 11,2%-ға, мұнай өңдеу өнімдері – 1,9%-ға, химия өнеркәсібі – 10,2%-ға, пластмасса бұйымдары – 2,1%-ға, жеңіл өнеркәсіп – 6%-ға өсуі қамтамасыз етілді. Ауыл шаруашылығындағы өнімнің (қызметтің) жалпы шығарылымы 9,1%-ға ұлғайды. ҚР ҰЭМ баяндамасында сипатталған базалық сценарийге сәйкес Қазақстан экономикасы тұрақтану және жылдам өзгерістерге бейімделу және көлік және қаржы ағындары сияқты халықаралық сауда мен логистиканы жүргізудің жаңа негіздері аясында дамитын болады.

# 3. Қызметтің негізгі бағыттары




Қор өз миссиясы мен пайымын іске асыру мақсатында дамудың екі негізгі стратегиялық бағыты бойынша жұмыс жүргізеді, жаңадан бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді қолдау мен дамытуды жүзеге асырады, сондай-ақ орнықты институционалдық даму

және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру жүзеге асырылады, қосымша қаржыландыру көздерінің қаражатын тарту, бизнес-процестерді автоматтандыру,

# 3.1. Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау

## 2022 жылы

2022 жылы Қор қолдағандар

**50,5 мың жоба**

қаржы құралдары аясындағы несие сомасы

**1,55 трлн теңге**

2022 жылы барлық құралдар бойынша қолдау 11,9% –ға төмендеді, 2021 жылы жобалар саны 2,19 трлн теңге кредит сомасына 57,4 мың жобаны құрады. 2021 жылы мемлекеттік қолдаудың айтарлықтай жоғары көтерілуіне ықпал етудің негізгі факторы ҚР Үкіметі қабылдаған дағдарысқа қарсы шаралар топтамасы болды. Бұл ретте, 2022 жылға қарай кәсіпкерлердің белсенділігі төмендеді, олардың себептерінің бірі экономиканың басым секторларының тізбесіне сәйкес 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда субсидиялау және кепілдік беру жөніндегі шарттарды енгізу болып табылса, сондай-ақ, субсидиялау құралы аясында несие сомасын бір кәсіпкерге 7 млрд теңгеден 3 млрд теңгеге дейін төмендету болды.

## Барлық кезеңде

Бағдарламалар жүзеге асырыла бастаған барлық кезеңде Қордың қолдауын алған

**184,7 мың жоба**

жалпы сомасы

**10 531 млрд теңге**

*жобалардың жалпы санынан портфельдік әдіспен микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау шеңберінде субсидиялауға арналған жобаларды шегеруді ескере отырып, портфельдік кепілдіктер мен субсидиялар бойынша микро және шағын бизнес қайталанады

# Қаржылық бағдарламаларды іске асыру қорытындылары

| | Іс жүзінде 2018 ж. | Іс жүзінде 2019 ж. | Іс жүзінде 2020 ж. | Іс жүзінде 2021 ж. | Іс жүзінде 2022 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кәсіпкерлерді ЕДБ/МҚҰ/ЛК-да қаражатты шартты орналастыру арқылы қаржыландыру** | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 18 656 | 18 933 | 11 136 | 7 783 | 5 278 |
| Қаржыландыру сомасы, млн теңге | 272 912 | 239 508 | 207 588 | 213 304 | 183 917 |
| **Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау** | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 1 470 | 2 647 | 14 679 | 32 351 | 24 485 |
| Кредит сомасы, млн теңге | 198 380 | 269 786 | 1 197 058 | 1 588 280 | 992 562 |
| **Кредиттерге кепілдік беру** | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 1 950 | 2 674 | 7 346 | 17 219 | 20 781 |
| Кредит сомасы, млн теңге | 65 455 | 102 740 | 275 546 | 365 286 | 377 576 |

# 2022 жылы Қор қолдаған МШОК субъектілері

**10,8 трлн теңге**

сомаға өнім (жылдық жиынтық кіріс) шығарды

**1 205 млрд теңге**

сомасына салық төледі

**352 мыңнан астам адам**

Қор қолдаған МШОК кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар

*микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау шеңберінде жобалардың жалпы санынан портфельдік әдіспен субсидиялау жөніндегі жобаларды шегеруді ескере отырып, портфельдік кепілдік беру және субсидиялау бойынша микро және шағын кәсіпкерліктің жобалары қайталанады

## Бюджет қаражатын және халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тарту және орналастыру.

Қор Қазақстанда МШОК секторын дамыту және МШОК-тың қаржы ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету шеңберінде 2022 жылы бюджет қаражаты есебінен де, бұрын тартылған мемлекеттік емес қарыз алу көздері есебінен де іске асырылатын ағымдағы және жаңа қаржылық бағдарламаларды белсенді түрде іске асыруды жалғастырды. Негізгі өнім «Шағын жеке және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» болып табылады, оның шеңберінде белгілі бір облыстың/қаланың ШОКС қаржыландырылады. Бағдарламаның мәні Әкімдіктердің (бұдан әрі - ЖАО) және Қордың өз жобаларын басым салаларда/нақты өңір үшін басым салаларсыз іске асыратын кәсіпкерлерді қаржыландыруға бірлесіп қаражат бөлуі болып табылады. ЖАО өз өңірі үшін басым салалар/олардың болмауы анықталады. Осылайша, екі көзден алынатын ақша екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы әрбір өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын ескере отырып, жеңілдікті шарттармен ШОКС кредиттеуге жіберіледі.

2022 жылы Нүктелік өңірлік бағдарлама шеңберінде бірлесіп қаржыландыру шарттарында Алматы, Астана, Шымкент қалаларының, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының жергілікті атқарушы органдарынан 4,366 млрд теңге көлемінде қаражат тартылды. Қордың 6,534 млрд теңге қаражатын есепке алғанда, өңірлік қаржыландыруға бағытталған жалпы сома 10,900 млрд теңгені құрады. Қаражат «Bank RBK» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ-да экономиканың басым секторларында аталған өңірлердің ШОКС кредиттеуге орналастырылған, бұл ретте Ақтөбе облысында Хромтау қаласының кәсіпкерлері қаржыландыруға ие болады. Бір ШОКС шаққанда қарыздың ең жоғары сомасы өңірге байланысты 10 млн теңгеден 100 млн теңгеге дейін өзгереді.

Сонымен қатар, 2022 жылы халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты тартылмады. Бұл мемлекеттік емес көздерден қаражат тарту үшін нарықтық жағдайлардың 2022 жылы Қор үшін де, ЕДБ/МҚҰ/ЛК үшін де тартымды болмауына байланысты, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің көтерілуі аясында өтімділік құнының жоғары болуына байланысты болды.

## Қаражатты шартты орналастыру

Жұмыс істеп тұрған МШОК-ты қаржылық бағдарламалармен қамтуды ұлғайту мақсатында Даму стратегиясы шеңберінде Қор қаржылық серіктестер желісі - ЕДБ/МҚҰ/ЛК арқылы кредиттік ресурстарды шартты орналастыру бағыты бойынша жұмысты жалғастырды.



2022 жылы ЕДБ/ЛК/МҚҰ қаражатын шартты орналастыру бағдарламасы аясында 183,7 млрд теңгеге 5 278 жоба қаржыландырылды.

«Еңбек» бағдарламасы шеңберінде босатылатын ақша қаражаты есебінен халықты кәсіпкерлік қызметке тартуға бағытталған МШОК субъектілеріне қайта кредит беру жүзеге асырылды. Бұрын осы бағдарлама шеңберінде бөлінген қаражаттар бойынша револьверлік берулерді ескере отырып, 2022 жылы МШОК-тің 306 субъектісі 4,4 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға және кеңейтуге бағытталған облыстық бюджет қаражатымен бірлесіп қаржыландыру шартымен ШОКС өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асыру жалғастырылды - 2022 жылы бағдарлама бойынша 25,3 млрд теңге сомасына 361 ШОКС қаржыландырылды. Сонымен қатар, 2022 жылы бағдарламаға факторинг құралы енгізілген, енді жеңілдікті шарттармен факторингтік мәмілелерді қаржыландыруға болады.

Өңдеу саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан іске асырылатын қолданыстағы бағдарламаларды іске асыру жалғасуда - 2022 жылы бағдарламалар бойынша осы бағдарламалар шеңберінде бұрын бөлінген қаражат бойынша револьверлік берулерді ескере отырып, 105,7 млрд теңге сомасына 288 ШОКС қаржыландырылды.

## Қордың даму стратегиясын іске асыру шеңберінде 2022 жылы мынадай іс-шаралар өткізілді:

2022 жылғы 21 қарашада субсидиялау құралы шеңберінде Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасымен «Ұлттық деңгейде төмен көміртекті қалалық даму үшін салдарды жеңілдету бойынша тиісті шаралар» жобасы бойынша келісім жасалды. Осы Келісімнің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы қалалық инфрақұрылымының энергия тиімділігіне инвестицияларды ынталандыру тетігін іске асыру бойынша қаржылық қолдау көрсету болып табылады. Кәсіпкерлердің өз бизнесінде (қызметінде) қолданыстағы табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін, энергия үнемдеуді арттыруға бағытталған технологияларды қолдануға мүдделілігін кеңейту. «Жасыл жобалар» 2021 жылғы 2 қаңтардағы ҚР Экологиялық Кодексінің (№ 400-VI ҚРЗ) 130-бабының 2-тармағына сәйкес келуі тиіс. Келісімде БҰҰДБ бағдарламасында көзделген процесс шеңберінде қолдау алуға үміткер жобалар үшін: жарықтандыру саласындағы жобалар үшін кемінде 45%, кемінде 15% - өзге жобалар үшін және энергия үнемдеуге талаптарсыз - ғимараттарда жылу тұтынуды есепке алу

және ғимараттарға жылу беруді автоматты түрде ауа райына тәуелді реттеу функциялары бар автоматтандырылған жылу пункттерін орнатуға, оның ішінде ғимараттар ішінде жылу тұтынуды теңгерімдеуге, сондай-ақ шағын жаңартылатын энергия көздерін орнатуға байланысты жобалар үшін. Энергия үнемдеу әлеуетінің болуын БҰҰДБ-дан бір рет техникалық сарапшы бағалайды, оның іс-әрекеттері (қорытындылар түрінде) Келісімге қосымшаларда да көзделген. Бұл оқиға экология мен ресурстарды қорғау және сақтау бөлігінде экономиканың орнықты даму стандарттарына көшуі бойынша қосымша қадам болып табылады.

2022 жыл ішінде қаражатты шартты түрде орналастырудың мынадай бағдарламалары қайта бағдарланды:

- «Даму-Факторинг» бағдарламасы бойынша: микроқаржы ұйымдары да бағдарлама бойынша серіктестер бола алады. ШОКС үшін қарыздың ең жоғары сомасы ЕДБ/ДБ арқылы 500 млн теңгеге дейін МҚҰ арқылы 20 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды, МҚҰ/ЛК арқылы регреспен ШОКС қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемелері қайта қаралды - жылдық 12%-дан асырмай ұлғайтылған Серіктеске орналастыру мөлшерлемесі, регрессіз - жылдық 13%-дан аспайтын ұлғайтылған Серіктеске орналастыру мөлшерлемесі;
- «Даму-Лизинг» бағдарламасы бойынша: Серіктеске берілетін кредиттің ең аз сомасы белгіленді;
- «Даму-Микро» бағдарламасы бойынша: Серіктеске берілетін кредиттің ең төменгі сомасы белгіленді, нарықтық құны 3500 АЕК астам жеңіл автомобильдерді сатып алуға тыйым салу толықтырылды;
- Нүктелік өңірлік бағдарлама бойынша: қарыз мерзімі 36 айдан аспайтын факторингтік мәмілелерді қаржыландыру көзделген, МҚҰ арқылы факторинг бойынша кредит беру кезінде қарыз сомасы 20 000 АЕК дейін ұлғайтылды (ерекше жағдайларда «Даму» қорының уәкілетті органының шешімі бойынша), сондай-ақ факторинг бойынша серіктестер лизингтік компаниялар болуы мүмкін.

# 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба

2022 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба («БЖК-2025» күші жойылды деп танылды) шеңберінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және кепілдік беру қағидалары бекітілді. Аталған Қаулымен субсидиялау және кепілдік беру шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар қолданыстағы жұмыс орындарын қолдау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру, отандық кәсіпорындар өндірісінің деңгейін ұлғайту және қаржыландырудың барынша қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МШОК-ты ынталандыруға бағытталған. Моноқалаларды одан әрі дамыту бойынша пәрменді және тиімді шаралар қабылдау шеңберінде Субсидиялау және кепілдік беру қағидаларында республикалық маңызы бар қалаларды/облыстық орталықтарды қоспағанда, моно-, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде жобаларды іске асыратын кәсіпкерлер үшін жеңілдікті жағдайлар көзделген, сондай-ақ МШОК-ты өңірлік қаржыландыру шеңберінде кредиттер/микрокредиттер бойынша субсидиялар беру шарттары әзірленген.

Қор Ұлттық жобаның қаржы агенті болып табылады және кредиттер/микрокредиттер/лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау/облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кредиттерге/микрокредиттерге/лизингтік мәмілелерге/облигацияларға кепілдік беру жолымен МШОК-ты қолдауды екі міндеттің шеңберінде жүзеге асырады:

- кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру;
- өз ісін ашу және дамыту үшін жағдайлар жасау.

Сондай-ақ, субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша Қор 2022 жылы өңдеу және агроөнеркәсіп салаларында қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыруды жалғастырды.

Қор микро және шағын кәсіпкерлікті портфельдік әдіспен қолдау шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру құралдарын іске асыруды жалғастырғанын

.

атап өткен жөн. Өнімнің мәні қаржы серіктестеріне (ЕДБ, МҚҰ) әрбір жеке жобаның Қордың келісімінсіз субсидиялауды және кепілдік беруді жүзеге асыру үшін белгілі бір лимит беру болып табылады. Микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау шеңберінде портфельдік субсидиялау және кепілдік беру бойынша Қор әдістемені әзірледі, оның шеңберінде қаржы серіктестеріне (ЕДБ, МҚҰ) нақты критерийлерді, сақталған кезде портфельдік субсидиялау және/немесе кепілдік беру әдісін қолдана отырып кредит берілуі мүмкін ШОКС үшін критерийлерді айқындады. Осы әдісті іске асыру МШОК үшін де, Қордың қаржылық серіктестері үшін де (ЕДБ, МҚҰ) бірқатар мүмкіндіктерді көрсетеді:

- Қорды қолдау құралдарын қолдана отырып, кредит алу жылдамдығын ұлғайту;
- жеткілікті кепіл болмаған жағдайда да кредиттерге қолжетімділік;
- кепілді бағалауға және ресімдеуге жұмсалатын уақыт шығындарын азайту;
- басқа банктер алдындағы бәсекелестік артықшылық.

# Субсидиялау

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау Қарапайым заттар экономикасы шеңберінде, сондай-ақ 2022 жылдан бастап 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылады, оларды іске асыру кезінде аталған құрал кәсіпкерлер арасында танымалдыққа ие болды және экономиканың басым секторларына кредиттер тарту тұрғысынан нәтижелілікті көрсетті. Ұлттық жоба сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау талаптарын және ислам банктері кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырған кезде тауарға үстеме бағаның бір бөлігін және ислам банктерінің кірісін құрайтын жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялау талаптарын қамтиды.

2022 жылы субсидиялау құралы бойынша Қор МШОК субъектілеріне мынадай қолдау көрсетті:

| | Ұлттық жоба | Қарапайым заттар экономикасы | «Төмен көміртекті даму үшін орнықты қалалар» | Микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау аясында субсидиялау |
|---|---|---|---|---|
| Қолдау көрсетілді | **5 756 жоба** | **177 жоба** | - | **18 552 жоба** |
| кредит портфелінің сомасы | **599,5 млрд теңге** | **260,5 млрд теңге** | - | **132,6 млрд теңге** |
| төленген субсидиялар сомасы | **116,4 млрд теңге** | **54,1 млрд теңге** | **61,8 млн теңге** | **11,1 млрд теңге** |

# Кепілдік беру

Кепілдік беру құралын Қор мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде 2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Қарапайым заттар экономикасы» және «Даму Оптима» бағдарламасы шеңберінде Қордың өз күштерімен де іске асырады.

2022 жылы кепілдік беру құралы үшін маңызды оқиғалардың бірі кәсіпкерлік субъектілері шығаратын облигациялар бойынша кепілдік беру - жаңа тетікті енгізу болып табылады. Бұл тетік Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (ҚНРДА), KASE Қазақстан қор биржасымен және «Астана» халықаралық қаржы орталығымен (АХҚО) бірлесіп әзірленді. Жаңа өнімнің негізгі идеясы жеке және институционалдық инвесторлардың қаражаты есебінен жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың тиімді әдістерін дамыту, экономиканы қаржыландырудың баламалы арнасы ретінде KASE және АХҚО алаңдарында шығарылған корпоративтік облигациялар бойынша кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау құралы ретінде кепілдіктер беру тетігін енгізу арқылы Қазақстанның қор нарығының құралдарын дамыту болып табылады.

2022 жылы кепілдік беру құралы бойынша Қор МШОК субъектілеріне мынадай қолдау көрсетті:

| | Ұлттық жоба | Даму Оптима | Қарапайым заттар экономикасы | Агроөнеркәсіптік кешен | Портфелдік кепілдік |
|---|---|---|---|---|---|
| Қолдау көрсетілді | **2 952 жоба** | **129 жоба** | **40 жоба** | **2 жоба** | **17 658 жоба** |
| кредит портфелінің сомасы | **225,1 млрд теңге** | **11,3 млрд теңге** | **11,1 млрд теңге** | **0,46 млрд теңге** | **129,6 млрд теңге** |
| төленген субсидиялар сомасы | **88,2 млрд теңге** | **4,9 млрд теңге** | **4,9 млрд теңге** | **0,23 млрд теңге** | **108,9 млрд теңге** |

# Субсидиялау және кепілдік беру бағдарламалары бойынша өзгерістер

2022 жылы мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру шеңберінде мынадай бағдарламаларға өзгерістер енгізілді:
Кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін қолдау бағыты бойынша Ұлттық жоба:

**01** 2 (екі) жыл ішінде банктер/лизингтік компаниялар және кредиттік серіктестіктер, қаржы ұйымдары бұрын берген кредиттерді/лизингтік мәмілелерді қайта қаржыландыру көзделген.

**02** субсидиялау құралы бойынша экономиканың басым секторлары шеңберінде моно-, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлер үшін кредиттің ең жоғары сомасы 3 млрд теңгеден аспайтын сома ұлғайтылды.

**03** кепілдік беру құралы бойынша экономиканың басым секторлары шеңберінде моно-, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлер үшін кредиттің ең жоғары сомасы 1 млрд теңгеден аспайтын сома ұлғайтылды.

**04** өткізу және тіркеу орны бойынша шектеулер көзделген:
- экономиканың басым секторларындағы жобалар кәсіпкердің тіркелген жері ескерілмей қаралады;
- елді мекендерде, оның ішінде моно және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде іске асырылатын жобалар іске асыру орны мен кәсіпкердің тіркелген орны ескеріле отырып, салалық шектеулерсіз жүзеге асырылады.

**05** субсидиялау құралы бойынша Шымкент қаласында, Түркістан, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстарында, оның ішінде көрсетілген өңірлердің облыс орталықтарында өңдеу өнеркәсібінің жобалары бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі белгіленген – базалық мөлшерлеме + 5%, оның 5%-ын кәсіпкер төлейді, ал айырмашылығын мемлекет субсидиялайды.

**06** кепілдік беру құралы бойынша Шымкент қаласындағы, Түркістан, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстарындағы, оның ішінде аталған өңірлердің облыс орталықтарындағы жобалар бойынша кредит сомасы 360 млн теңгеден аспауы тиіс, кепілдік мөлшері кредит сомасының 85%-нан аспауы тиіс.



«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы:

**01** субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі белгіленген – ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 4,5%, оның 7%-ын ЖКС төлейді, ал айырмасын мемлекет субсидиялайды;

**02** субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша екінші деңгейдегі санкциялық банктерден кредиттерді қайта қаржыландыру көзделген;

**03** инвестицияларға бағытталған кредиттерді субсидиялау мерзімі 5 жылға дейін қысқартылды.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер қолданыстағы жұмыс орындарын қолдау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру, отандық кәсіпорындар өндірісінің деңгейін ұлғайту және қаржыландырудың барынша қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МШОК-ты ынталандыруға ықпал ететін болады.



## 3.2. Қаржы бағдарламаларының мониторингі

Қордың қаржылық бағдарламалары шеңберіндегі, сондай-ақ агенттік келісімдер және Қор мониторинг функцияларын жүзеге асыратын өзге де шарттар шеңберіндегі жобалар мониторингі бойынша ақпарат.

| Мониторинг атауы | Нақты тексерілді (жобалар саны) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
| Қор қаражатын шартты орналастыру бағдарламалары шеңберіндегі жобалардың мониторингі (17 бағдарлама) | 2 334 | 1238 | 1548 | 1712 | 954 | 1350 |
| Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОКС қолдау бағдарламалары шеңберіндегі жобалар мониторингі (ҚР ҰҚ қаражаты) | 576 | 896 | 1610 | 1029 | 836 | 903 |
| БЖЗҚ жобаларының мониторингі жөніндегі агенттік келісімдер (ҰБ, ҚДБ) | 777 | 737 | 321 | 5 | 0 | 0 |
| Субсидияланатын жобалардың мониторингі | 2 595 | 2 339 | 2 793 | 2 912 | 5 583 | 6 535 |
| Кепілдік берілетін жобалардың мониторингі | 989 | 1131 | 2 257 | 1919 | 2 269 | 1265 |
| Гранттар мониторингі | 183 | 522 | 523 | 834 | 1007 | 1059 |
| Қордың балансына өткен жобалардың мониторингі | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 201 |
| ЖИЫНЫ | 7 454 | 6 863 | 9 052 | 8 411 | 10 649 | 11 313 |

## Ескертулер/бұзушылықтар бойынша қабылданған шаралар

| Мониторинг атауы | Ескертулер/ бұзушылықтар саны | оның ішінде қаражатты мақсатты пайдалану бойынша ескертулер, млн теңге | | Айыппұлдар есептелді, млн теңге | | Айыппұлдар өндірілді, млн теңге | | Алмастыру жүргізілді, млн теңге | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Саны | Сома | Саны | Сома | Саны | Сома | Саны | Сома |
| Қор қаражатын шартты орналастыру бағдарламалары шеңберіндегі жобалардың мониторингі | 29 | 29 | 350,9 | 9 | 7,5 | 9 | 7,5 | 29 | 350,9 |
| Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОКС қолдау бағдарламалары шеңберіндегі жобалар мониторингі (ҚР ҰҚ) | 3 | 3 | 281,6 | 3 | 42,2 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Субсидияланатын жобалардың мониторингі | 251 | қайтарудың жалпы сомасы 645,5 млн теңгені құрайды, оның ішінде 147 жоба бойынша 118 млн теңге сомасына субсидияларды қайтару жүзеге асырылды | | | | | | | |
| Кепілдік берілетін жобалардың мониторингі | 109 | оның ішінде 2 840 млн теңге сомасына 77 кепілдік жойылды, кепілдіктер сомасын төмендету 61,2 млн теңге сомасына 32 жоба бойынша жүзеге асырылды | | | | | | | |
| Гранттар мониторингі | 268 | анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің, конкурстық комиссияның атына жіберіледі. | | | | | | | |
| ЖИЫНЫ: | 660 | 32 | 632,5 | 12 | 49,8 | 9 | 7,5 | 29 | 350,9 |

## Бағдарламалардың тиімділігінің мониторингі

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға (бұдан әрі - Ұлттық жоба) қатысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлер бойынша Қордың болжамды деректері бойынша 2023 жылғы 1 қаңтарға өнім шығару көлемі 59,1 трлн теңгені, оның ішінде 2022 жылы – 9,8 трлн теңгені құрады.

Ұлттық жоба шеңберінде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді, бұл әсіресе қазіргі экономикалық жағдайда өзекті. Өз кезегінде кәсіпорындар қызметіндегі жақсарулар есебінен бюджетке түсетін түсімдердің өсуі қамтамасыз етіледі, бағдарламаның бюджеттік тиімділігі мен оның экономикалық негізділігі жақсарады. 2023 жылғы 1 қаңтардағы бағалау бойынша жобаға қатысушылар төлеген салықтардың жалпы сомасы 4,2 трлн теңгені құрады, оның ішінде ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - МКК) алдын ала деректері бойынша - 2022 жылы 1 069 млрд теңге.

### Ұлттық жобаға қатысушылардың өнім шығаруы, млрд теңге




*МКК алдын ала деректері бойынша

### Ұлттық жобаға қатысушылар төлеген салықтар, млрд теңге




Ұлттық жобаның кәсіпкерлік секторын кеңінен қамту және ШОК субъектілері тарапынан бағдарламаға қызығушылықтың өсуі оны іске асырудан халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуден көрінетін әлеуметтік тиімділікті бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, Ұлттық жоба аясында қолдау тапқан кәсіпорындарда 2023 жылдың 1 қаңтарына 324 мыңнан астам адам алдын ала жұмыспен қамтылған.

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен өңдеу өнеркәсібінде ШОК қолдау бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен Өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК қолдау бағдарламасына қатысушылардың кәсіпорындарынан өнім шығару көлемі 2014-2022 жылдары шамамен

**11,3 трлн теңге**

оның ішінде 2022 жылғы алдын ала деректер бойынша

**1 616 млрд теңге**

Аталған бағдарлама аясында қаржыландыруды алған кәсіпкерлер 2014-2022 жылдары

**816 млрд теңге** салық төледі

Оның ішінде 2022 жылы

**184 млрд теңге**

## 3.3. Проблемалық активтермен жұмыс істеу

Проблемалық активтерді қайтару мақсатында Қор Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде сот және соттан тыс тәртіппен берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу жөніндегі жұмысты жүргізеді.

Осылайша, 2022 жылы орындалған кепілдіктер бойынша проблемалық қоржынды 570 млн теңгеге азайту қамтамасыз етілді.

2022 жылы жалпы портфель (ВТБ Банк, «Жинақ банкі» ЕБ АҚ) қайтаруға 81,08 млрд теңгені құрады, оның 100% портфельді Қор:

- ақшалай қаражатпен – 64,54 млрд теңге;
- қарызды «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ға аудару – 4,9 млрд теңге;
- Қордың қабылдаған қоржыны – 11,64 млрд теңге қайтарды:

01.01.2023 жылғы жағдай бойынша қабылданған қоржын бойынша өтеу **8,16 млрд теңге** немесе қабылданған қоржынның **70,10 %** құрады

Сондай-ақ, 2022 жылы Қор 218 млн теңге сомасына баланстық мүліктің 11 нысанын (берешекті өндіріп алу нәтижесінде Қорға өткен) өткізді.

## 3.4. Клиенттік сервис

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2022 жылы Қор оқыту бағдарламаларын іске асыру және кәсіпкерлерді ақпараттық-консультациялық қолдау жөніндегі жұмысты жалғастырды.

2022 жылы Қор белгілі бір тақырыптар бойынша блоктарға бөлінген табысты қазақстандық және халықаралық кәсіпкерлердің көптеген түрлі сөз сөйлеуімен жұмыс істеп тұрған және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін оқыту курстарын қамтитын бейнеплатформа түрінде қашықтан оқыту іске қосылды. Есепті жылы Қордың қашықтан оқыту платформасында 2 827 адам тіркелген.

### Корпоративтік сайт

Кәсіпкерлерді қолдау бағдарламаларын ілгерілету мақсатында әлеуметтік желілер мен Қордың корпоративтік сайтында жұмыстар белсенді жүргізілді. 2022 жылы корпоративтік сайтта Қорды қолдау бағдарламаларына 650 мыңнан астам бірегей пайдаланушылар қызығушылық танытты. Одан әрі кеңес алу үшін әлеуметтік желілердегі жарнама посттары арқылы кәсіпкерлерден 2000-нан астам өтінім алынды.

### Әлеуметтік желілер

2022 жыл ішінде Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде 525 және 510 посттар/жарияланымдар, фотоматериалдар, ақпараттық-түсіндіру, жарнамалық және имидждік бейнематериалдар, инфографикалар, маңызды оқиғалар/іс-шараларды жариялау, сондай-ақ қолдау тапқан МШОК табысты оқиғалары орналастырылды. Телеграмм арнасында 250 жарияланым бар.

### Call center

Сондай-ақ, кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың өтініштерін өңдеу және түрлі байланыс арналары бойынша ақпараттандыру орталығы – Қордың Колл-орталығы өз жұмысын жалғастыруда. 2022 жылы Қордың Колл-орталығының қызметкерлері 38 272 клиентке кеңес берді. Кеңес беру мақсатында 8 891 шығыс қоңырау соғылды, 2 368 кері қоңырау қабылданды. Қордың корпоративтік сайтында қалқымалы терезе бойынша 23 512 өтініш, сондай-ақ 6 844 офлайн өтініш қабылданды.

Қор «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы шеңберінде «Қолданыстағы кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік қолдау көрсету» компонентінің мониторингі бойынша жұмысты жалғастыруда.

2022 жылы сервистік қолдау көрсетуге 23 044 ШОКС өтініш білдіріп, 27 732 қызмет алды.

Сондай-ақ, 2022 жылы Қордың аймақтық филиалдарына **9 868 клиент жүгінген** **12 299 қызмет көрсетілген**

Аймақтық филиалдардың жобаларын сүйемелдеу жөніндегі менеджерлер ЕДБ/ЛК/МҚҰ мақұлдауына дейін жобаларды сүйемелдеу бойынша қызмет көрсету шеңберінде Қор құралдары бойынша қаржылық қолдау алуға кәсіпкерлердің 7 297 жобасын сүйемелдеді.

Қор халық пен кәсіпкерлер арасында Қор жүзеге асыратын кәсіпкерлікті қолдау құралдары мен шарттары туралы хабардарлықты арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізуді жалғастыруда. Бұл ретте Қор іске асырылып жатқан оффлайн-таныстыру әдістемесімен қатар Қордың қызметін онлайн түсіндіру бойынша іс-шараларды өткізу жөніндегі тәжірибені қолға алды.

## 3.5. Ақпараттық технологияларды дамыту

2022 жылы Қордың IT бөлімшесі Қордың негізгі бизнес-процестерін цифрландыру бойынша белсенді жұмыс жүргізді.

Қордың даму стратегиясын іске асыру шеңберінде қолда бар ақпараттық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында Қор Big Data технологиясын пайдаланды. Жүйе-көздерден бастапқы деректерді жүктеу және өңдеу, Қордың деректерін орталықтандырылған жинақтау және сақтау есебінен оларды кешенді және тиімді басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету, Қордың негізгі көрсеткіштерін есептеуді цифрландыру және сыртқы көзден қосу үшін қолжетімді есептелген көрсеткіштері бар деректер витриналарын қалыптастыру мақсатында корпоративтік деректер қоймасы енгізілді. Осы шешімді қолдану Қорға жаңа сұранысқа ие өнімдерді әзірлеу үшін де, қолданыстағы бағдарламаларды тиімді ілгерілету үшін де өнімдер мен әлеуетті тауашаларды сегменттеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, фото және бейне тіркеу бойынша «DAMU Check-up online» бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу бойынша жұмыстар аяқталды, ол Қор қызметкерлеріне тексеру орнына бармай, мақсатты пайдалану мен кепілдікті қамтамасыз етуге мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Ұлттық жобаның портфельдік субсидиялау және кепілдік беру құралдарын микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау шеңберінде өтінімдер бойынша ЕДБ-ден деректерді қабылдау-беру бойынша цифрлық сервисті іске қосу жүзеге асырылды, бұл кепілдік міндеттемені шығару мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді. ЕДБ-ге кепілдік міндеттеменің цифрландырылған файлын беру web-сервис арқылы да жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, 2022 жылы Қордың ақпараттық жүйесін «Kompra» сервисімен біріктіру жүзеге асырылды, соның арқасында кепілдік беру өтінімдері бойынша контрагенттердің сенімділігін тексеру процесі цифрландырылды.

Қордың ақпараттық жүйесіне рейтингтік модель енгізілді, бұл кепілдік беру өтінімдері бойынша кәсіпкердің рейтингін есептеуді автоматты түрде жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

## 3.6. Халықаралық ынтымақтастық

2022 жылы Қор халықаралық қаржы институттарымен және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимылды кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастырды.

### 7 ішкі конференцияға қатысты:

1. ОДМ Екінші Өңірлік саммиті – COVID-тен тыс - Орталық Азияны әділ қалпына келтіру жолында,
2. Astana Finance Days 2022 конференциясы түрлі панельдік сессиялармен (ТМД аймағы үшін ислам банкингінің мүмкіндіктері мен сын-қатерлері),
3. Ұлттық ESG клубы бизнес трансформация алаңы ретінде,
4. Әйелдерді ел экономикасына белсенді енгізу есебінен Қазақстанда ШОБ секторын нығайту,
5. Қазақстан қаржыгерлерінің X конгресі - ESG қаржыландыру,
6. ШОБ сегментін жасыл қаржыландыруға жәрдемдесу,
7. Шағын және орта бизнестің жасыл қаржыға қолжетімділігі мәселелері бойынша UNDP ұйымдастырған дөңгелек үстел.



Moody's және Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттіктерімен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізілді. Moody 's International агенттігі Baa3 (тұрақты) деңгейінде шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерді растады. Бұл ретте, 2022 жылғы қыркүйекте S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қордың шетелдік және ұлттық валюта бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «BBB-/A-3» деңгейінде растай отырып, Қазақстан Республикасының рейтингтері бойынша болжамды «тұрақтыдан» «теріске» қайта қарауға байланысты Қордың рейтингі бойынша болжамды қайта қарады. Қордың рейтингтері бойынша теріс болжам тәуелсіз рейтингтер бойынша ұқсас болжамды көрсетеді.

Қор мынадай 4 ресми маңызды іс-шараға қатысты:

1. Екатеринбург қаласында ИННОПРОМ халықаралық өнеркәсіптік көрмесі;
2. Бішкек қаласында «Жасыл экономика - 2022» өңірлік форумы;
3. «ШОК-ты қолдау және бағалау тетіктері бойынша озық тәжірибе алмасу» KOSGEB Анкара қаласында онлайн форматта өтті;
4. Орынбор қаласында «Жастар бизнес жобаларын дамыту және қолдау» сессиясы бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өңіраралық ынтымақтастық форумы.

«Банк ЦентрКредит» АҚ, «KMF (КМФ)» МҚҰ, «Арнур Кредит» МҚҰ және Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), сондай-ақ Франкфурт бизнес мектебі қолдауымен іске асырылған «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы шеңберінде еліміздің шағын және орта бизнес әйелдері кәсіпкерлігінің өкілдері үшін 2 онлайн тренинг ұйымдастырылды.





# 3.7. Жарнамалық қызмет және БАҚ-пен жұмыс

Қордың аймақтық филиалдарының тармақталған желісі болғандықтан, коммуникациялар аймақтардағы аудиторияның мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып құрылған. Ақпарат теледидар, радио, баспа басылымдары және электрондық БАҚ арқылы таратылды.

Нәтижесінде, 2022 жылы БАҚ-та мемлекеттік бағдарламалар мен Қор бағдарламаларын іске асыру туралы 868-ден астам материал жарияланды. Отандық өндірушілердің «ULTTYQ ÓNIM» көрмесі аясында 1 баспасөз конференциясы, 14 Ашық есік күні және 16 баспасөз туры өткізілді.

Қор микро, шағын және орта бизнес өкілдеріне қолайлы болуы үшін цифрлық арналарды дамытуды жалғастыруда. Коммуникациялардың маңызды цифрлық арналарының бірі кәсіпкерлер мен халықты Қор іске асыратын қызметтің нәтижелері, қабылданған өзгерістер немесе қолдаудың жаңа бағдарламалары туралы жедел хабардар етуге, сондай-ақ неғұрлым өзекті проблемалар бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік беретін Қордың www.damu.kz корпоративтік сайты болып табылады.

Сайтта сонымен қатар қазақстандық экономиканың нарықтары мен секторлары бойынша барлық талдамалық ақпарат шоғырланған, оны кәсіпкерлер зерделеп, шешім қабылдау кезінде зерттеулерге сүйене алады.

Қордың қызметтерін цифрландыру шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін өтінімдер беру online.damu.kz интернет-порталы, egov.kz «электрондық үкімет» сайты, сондай-ақ ЕДБ-ден деректерді қабылдау-беру жөніндегі web-сервис арқылы жүзеге асырылады.

PR-науқанының барлық бағыттары мен аспектілері әлеуметтік желілер арқылы іске асырылады: бұл - Қордың өнімдері мен бағдарламалары туралы аудиторияны дәйекті және мақсатты түрде хабардар ететін контент-стратегия, кәсіпкерлермен қарым-қатынас, жарнамалық науқандар, акциялар, конкурстар өткізу, аудиторияның көңіл-күйін анықтау, адалдықты арттыру. Digital-маркетингтің осы бағытын дамытудың арқасында 2022 жылы Instagram және Facebook-та 1 056-дан астам жарияланым орналастырылды. Қор парақшаларына жазылушылардың жиынтық аудиториясы әлеуметтік желілерде 86 мың адамнан асады.

Микро, шағын және орта бизнесті ақпараттандырудың айрықша маңыздылығын түсіне отырып, Қор «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы» және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ 2019-2023 жылдарға арналған PR-стратегиясының» ережелері негізінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2021-2023 жылдарға арналған коммуникациялық стратегиясын» әзірледі. Бұл құжат даму институтының аудиториямен байланысының сапасын өзгертуге бағытталған. Коммуникациялық стратегияда қол жеткізуге коммуникациялық жұмыс бағытталатын екі негізгі мақсат айқындалған:

- практикалық мақсат – әртүрлі бағдарламалар шеңберінде Қорды қолдау үшін өтініштер санын ұлғайтуға жәрдемдесу;
- имидждік мақсат – Қордың қызметі туралы кең аудиторияның хабардар болу деңгейін арттыру және Қордың қазіргі заманғы, ашық және қолжетімді қаржы институты ретіндегі беделін қалыптастыру.

# 4. Қызмет нәтижелері
## 4.1. Даму жоспарының стратегиялық көрсеткіштерін орындау

| ПҚК атауы | 2021 ж. | 2022 ж. | | | Көрсеткіштерді орындамау/асыра орындау себептері туралы түсіндірме |
|---|---|---|---|---|---|
| | Іс жүзінде | Жоспар | Іс жүзінде | Жоспарды орындау % | |
| Қордың кредиттік портфеліндегі МҚҰ портфелінің үлесі,% | 27,07% | 55% | 57% | 104% | Көрсеткіштің асыра орындалуы МҚҰ-ның кредиттік портфелі көлемінің ұлғаюына байланысты |
| Қолдау тапқан кәсіпкерлердің жалпы санынан микро және шағын кәсіпкерлердің үлесі,% | 88,16% | 87,8% | 98,61% | 112% | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның «Микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау» 1-бағыты шеңберінде қолдау тапқан жобалардың санын ұлғайту есебінен кепілдік беру және субсидиялау құралдары бойынша асыра орындау |
| Нарықтағы жұмыс істеп тұрған МШОК субъектілерінің жалпы санына қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі,% | 10,1% | 11,1% | 9,51% | 86% | Көрсеткіштің орындалмауы бүкіл жылға жоспарланған бірлік 1 500 000 болған кезде нарықтағы МШОК санының 31.12.2022 ж. жағдай бойынша 1 818 764 бірлікке дейін күрт өсуіне байланысты. Көрсеткішті 11,1% деңгейінде жоспарлау кезінде мынадай мәндер қабылданды:<br>144 604 (2014-2021 жылдардағы жаңа жобалар саны) + 22074 (2022 жылға қолдау көрсетілген МШОК-тің жоспарлы саны)/1500000 (2022 жылға арналған нарықтағы МШОК-тың жоспарлы саны) * 100. 2022 жылға арналған нарықтағы МШОК жоспарлы саны бойынша 1500000 көрсеткіші 2021ж. деректерге орай белгіленді - 1 431 647 (2021ж.) * 1,05, өйткені өткен жылдардың осы көрсеткішінің ұлғаю коэффициенті шамамен 1,05 құрады. Сонымен қатар, 2022 жылға арналған МШОК жобаларының жоспарланған саны 128,6%-ға орындалды (22 074 бірлік жоспарланды, 28 393 бірлікке қолдау көрсетілді). |
| Еңбек өнімділігінің ұлғаюын және өткізу нарықтарының кеңеюін ескере отырып, жаңа жобалар мен жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту бойынша жобалардың саны (жыл соңына), бірлік | 144 604 | 166 678 | 172 997 | 104% | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның «Микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау» 1-бағыты шеңберінде кепілдік беру және субсидиялау құралдары бойынша қолдау тапқан жобалардың санын ұлғайта отырып, шамалы асыра орындау. |
| Қордың кредиттік портфеліндегі жеке сектордың үлесі,% | 100% | 95% | 99% | 104% | Көрсеткіштің асыра орындалуы мемлекеттің қатысуы жоқ жобалардың басым қаралуына байланысты |

| ПҚК атауы | 2021 ж. | 2022 ж. | | | Көрсеткіштерді орындамау/асыра орындау себептері туралы түсіндірме |
|---|---|---|---|---|---|
| | Іс жүзінде | Жоспар | Іс жүзінде | Жоспарды орындау % | |
| Қордан қолдау алған кәсіпорындардың кіріс көлемі (бір жылда), млрд теңге | 6 015,6 | 6 000 | 10 787 | 180% | 2022 жылы Қордан қолдау алған кәсіпорындардың кіріс көлемі алдын ала деректер бойынша 10 787 млрд теңгені құрады. |
| Қордың қолдауына ие болған кәсіпкерлік субъектілерінің төленген салықтардың өсімі, млрд теңге | 145,6 | 19 | 28,3 | 149% | Қордың қолдауына ие болған кәсіпкерлік субъектілерінің төленген салықтардың өсімі 2022 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала деректер бойынша 28,3 млрд теңгені құрады. |
| Есепті жылғы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі,% | 46,9% | 44,4% | 0% | 0% | Көрсеткіштің орындалмауы есепті кезеңде мемлекеттік емес көздерден қаражат тарту үшін нарықтық жағдайлардың Қор үшін де, базалық мөлшерлеменің жоғарылауы аясында өтімділік құнының жоғары болуына байланысты ЕДБ/МҚҰ/ЛК үшін де тартымды болмауына байланысты. Қосымша фактор Қордың контрагенттеріне бос лимиттердің төмендеуі/болмауы болып табылды. Қолданыстағы міндеттемелердің болуына байланысты, сондай-ақ қаржы секторының тұрақсыздығына байланысты ЕДБ/МҚҰ/ЛК-ға еркін лимиттер төмендеді, бұл өз кезегінде қаражатты орналастыру нұсқаларының санын азайтты. |
| Қордың негізгі бизнес процестерін цифрландыру,% | 95,2% | 100% | 100% | 100% | Көрсеткіш жыл сайынғы негізде өлшенеді.<br>2022 жылдың қорытындысы бойынша көрсеткіш орындалды.<br>100% = 84/84 * 100, мұнда:<br>барлық 84 бизнес-үдерістің 84 іске асырылды |
| «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметіне МШОК субъектілерінің сенімі мен қанағаттануын бағалау,% | 93,9% | 80% кем емес | 91,4% | 114% | «АРКАР ФИНАНС» ЖШС жүргізген Қордың 2022 жылғы қызметіне микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің сенімі мен қанағаттанушылығын бағалау 91,4%-ды құрады. |

## 4.2. Активтерді тиімді басқару

Қордың активтері мен пассивтерін басқару – бұл стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізуді, кірістілікті қолдауды, қаражатты тарту мен орналастыру сомалары мен мерзімдерінің сәйкестігін қамтамасыз етуді және ақталмаған тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ететін баланс активтері мен пассивтерінің осындай құрылымын қалыптастыру және қолдау процесі. Қордың активтері мен пассивтерін басқарудың басты міндеті тәуекелдерді бір мезгілде азайта отырып, Қор қызметінің жоғары қаржылық көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін активтер мен пассивтерді реттеуден тұрады.

### Қазіргі жағдайда Қордың активтері мен пассивтерін тиімді басқару қажеттілігі:

- жаңа күрделі өнімдердің пайда болуымен;
- тартылған ресурстар құрылымындағы өзгерістермен;
- экономиканың тұрақсыздығымен;
- Қордың қызметін оның барлық бағыттары бойынша үйлестіру қажеттігімен;
- Тәуекелдерді басқарудың жалпы шеңберінде контрагенттерге қаражат беру тәсілдерін үйлестіру қажеттілігімен анықталады.

Активтер мен пассивтерді басқару кезіндегі Қордың негізгі міндеттері өтімділікті ақша ағындарының барлық қажеттіліктерін жабу үшін жеткілікті деңгейде ұстау, мүмкіндігінше өтімділіктің артығын тиімді орналастыру, кез келген іскерлік тәуекелдерді өтеу үшін капиталдың жеткілікті шамасын ұстау, уақытша бос қаражаттың сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем қабілеттілігін, туындайтын инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың активтері

**427,5 млрд теңгені құрады**

және 2022 жылдың басымен салыстырғанда

**50,0 млрд теңгеге ұлғайды**

Қор активтерінің құрылымында негізгі үлесті (40%) кредиттік портфель құрайды. Ақша қаражатының үлес салмағы жиынтық активтердің 20%-ын, «Кері РЕПО» операцияларының – 22%-ын құрайды. Қордың бағалы қағаздар портфелі жалпы активтердің 5%-ын құрайды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қордың міндеттемелері

**252,5 млрд теңгені құрайды**

бұл өткен кезеңмен салыстырғанда

**16,3 млрд теңгеге артық**

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша меншікті капитал

**175,0 млрд теңгені құрады**



# 4.3. Қаржылық нәтижелер

Қордың жалпы кірісі 2022 жылы 93,8 млрд теңгені құрады, оның ішінде негізгі қызметтен түскен кіріс – 73,5 млрд теңге, негізгі емес қызметтен түскен кіріс – 20,3 млрд теңге.

Қордың жалпы шығыстары 2022 жылы 41,8 млрд теңгені құрады. Қордың шығыстарында негізгі үлесті корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар алады – 30%, резерв құру және үмітсіз талаптарды есептен шығару бойынша шығыстар 28%, қаржыландыруға арналған шығыстар 26%, әкімшілік шығыстар 13% құрайды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қордың қаржылық нәтижесі

**51,9 млрд теңгені құрады**

бұл жоспарлы көрсеткіштен

**11%-ға артық**



# 5. Қызметтің рентабельдік көрсеткіштері

| Атауы | 2019 (іс жүзінде) | 2020 (іс жүзінде) | 2021 (іс жүзінде) | 2022 (іс жүзінде) | 2023 (іс жүзінде) |
|---|---|---|---|---|---|
| ROA, активтердің табыстылығы | 1,10% | 1,37% | 6,81% | 12,91% | 7,25% |
| ROE, капиталдың табыстылығы | 4,8% | 4,63% | 19,18% | 32,85% | 17,76% |
| Өлшенген орташа кірістілік ӨОК | 8% | 10,15% | 8,9% | 12,43% | 12,5% |
| Қызметтің табыстылығы | 20,6% | 16,51% | 104,31% | 124,11% | 102,6% |
| NI margin | 19,2% | 23,08% | 55,64% | 70,68% | 57,45% |
| Борыш/меншікті капитал | 2,9 | 1,99 | 1,67 | 1,44 | 1,35 |
| Активтердегі кредиттік портфельдің үлесі | 77,9% | 61,27% | 62,10% | 40,33% | 29,84% |

2022 жылы Қор қызметінің табыстылығы көрсеткіштерінің нақты мәні жоспарлы деңгейден артық таза табыс алуға байланысты жоспарлы мәннен едәуір асады:

- жоспар 11,54% болған кезде ROA (активтердің табыстылығы) 12,91% құрады;
- жоспар 30,07% болған кезде, ROE (капиталдың табыстылығы) 32,85% құрады;
- жоспар 155,35% болғанда қызметтің табыстылығы 124,11% құрады;
- жоспар 63,21% болған кезде NI margin (таза кіріс маржасы) 70,68% құрады.

Есепті күнгі активтердегі кредиттік портфельдің үлесі 40,33%-ды құрайды. Жоспардың орындалуы 111% құрайды.

## Рейтинг

2022 жылы S&P Global Ratings «Даму» қорының шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша «BBB-/A-3» деңгейіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін растады. Ұлттық шкала бойынша «Даму» қорының рейтингі «kzAAA».

Moody 's Investors Service 2022 жылы «Даму» қорының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингін растады. Ұлттық шкала бойынша «Даму» қорының рейтингі Aa2.kz.






## Даму жоспарлары

Даму қорының даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ стратегиялық бағыттарға, мақсаттарға, міндеттер мен түйінді көрсеткіштерге сәйкес «Даму» қорының дамуын қамтамасыз ету үшін қызметті стратегиялық және ағымдағы жоспарлауды үйлестіру мақсатында Қордың Даму жоспары әзірленеді және жыл сайын түзетіледі.

«Даму» қорының Даму жоспары:

- Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының;
- «Даму» қорының Даму стратегиясында көзделген стратегиялық мақсаттары, міндеттері, қызметтің түйінді көрсеткіштері;
- тиісті мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы;
- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған жоспарланатын жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдары;
- «Даму» қоры қызметінің әлсіз және күшті жақтарын талдау нәтижелері;
- «Даму» қорының ағымдағы жылғы даму жоспарының орындалуы мониторингінің нәтижелері;
- «Даму» қоры қызметінің тиімділігін бағалау;
- ағымдағы жылдың алдындағы жыл үшін жыл сайынғы аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде әзірленеді.

«Даму» қорының Директорлар кеңесінің шешімімен 2022 жылғы 23 тамызда «Даму» қорының стратегиялық міндеттерін іске асыру мақсатында жоспарланған қаржылық көрсеткіштерді көздейтін «Даму» қорының 2019 – 2023 жылдарға арналған Даму жоспары бекітілді.

Өз қызметінің нәтижесінде 2023 жылы Қор кемінде 69,5 млрд теңге жалпы кіріс алуды жоспарлап отыр, оның ішінде тартылған және меншікті қаражат есебінен қаражатты шартты орналастыру, кәсіпкерлердің кредиттері/лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кәсіпкерлердің банктер/лизингтік компаниялар алдындағы кредиттеріне кепілдік беру бағдарламаларын іске асырудан. Сондай-ақ, «Даму» қоры қазынашылық қоржыннан түсетін кірісті қамтитын негізгі емес қызметтен кіріс алуды жоспарлап отыр.

Даму жоспарының көрсеткіштері «Даму» қорының 2023 жылға арналған алдағы шығындары бөлігінде 63,7 млрд теңгеден аспайды. Алдағы кезеңде Қор алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстарды, әкімшілік шығыстарды және резервтерді қалыптастыру жөніндегі шығыстарды, корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды, қаржы активтерін бастапқы танудан болатын шығыстарды көтереді.

Нәтижесінде жоғарыда көрсетілген Даму жоспарының көрсеткіштеріне қол жеткізген кезде «Даму» қоры 2023 жылы оң қаржылық нәтижеге қол жеткізуді жоспарлап отыр.



# 6. 2023 жылға арналған жоспарлар

1. Қордың алдағы 2024-2033 жылдарға арналған онжылдық кезеңге арналған даму стратегиясын әзірлеу және бекіту;
2. 2023 жылғы 5-7 мамырда Алматы қаласында «ULTTYQ ÓNIM» ШОБ қазақстандық өндірушілерінің VII көрмесін өткізу;
3. Халықаралық рейтингтік агенттіктен ESG рейтингін алу;
4. Жасыл климаттық қорда аккредиттеу алу үшін дайындық іс-шараларын жалғастыру;
5. Орнықты кепілдік беру құралын енгізу мақсатында мемлекеттік емес көздерден (оның ішінде халықаралық ұйымдардан) қаражат тарту;
6. Еуропалық кепілдікті институттар қауымдастығына (AECM) кіру жолымен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
7. Online DAMU мобильді қосымшасын әзірлеу және қолданысқа енгізу;
8. «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын әзірлеу.
9. Мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялауды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің және «Даму» қорының жұмыс жүйелерін интеграциялауды жүзеге асыру;

## Қордың қолданыстағы бағдарламалары шеңберінде 2023 жылы:

1. әлеуметтік және жастар кәсіпкерлігін қолдау құралын дамыту;
2. факторингтік операциялар құралын дамыту;
3. купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және ШОКС корпоративтік облигациялары бойынша кепілдік беру құралын дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

# 7. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың атқарушы органы мен басқару органын тәуекелдер және оларды азайту жөніндегі шешімдер туралы уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ететін процестер мен рәсімдер жүйесін қамтиды. Қордың тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оның ұйымдық ерекшелігімен, қызметінің негізгі қағидаттарымен, бизнес-процестерімен интеграциялануы және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуы болып табылады.

Қордың тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі – ТБКЖ) біріздiлігі мен үздіксіздігі төмендегі схемада көрсетілген.




Қазіргі уақытта ТБКЖ құрылымы тәуекелдерді басқарудың төрт деңгейін білдіреді: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджменті департаменті, құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдердің иелері).

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «әлсіз» жерлерді анықтау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қолданыстағы тәуекелдер мен олардың мөлшерлері бойынша жалпы пайымды ұсынуға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару шығындардың теріс әсері мен ықтималдығын азайтуға немесе Қор қызметінің тәуекелдеріне байланысты шығындар туындаған кезде қаржылық өтем алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі ШОК жобаларына кепілдік беру жөніндегі бағдарламалар шеңберінде кредиттік тәуекелдерді кешенді талдау қағидаттарын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асырудың маңыздылығын ескере отырып, Қор жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалау әдістемесін жетілдіреді, бұл кредиттік тәуекелдерді ерте кезеңде азайтуға мүмкіндік береді.

Кепілдіктер беру немесе оларды беруден бас тарту туралы шешімдер қабылдау барысында Қор кредиттік тәуекелдерді бағалаудың өзіндік кешенді әдістемесінің нәтижелерін пайдаланады. Осы әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі және тиісінше берілген кепілдіктер портфелі бойынша Қордың кредиттік тәуекел деңгейін ұлғайтуы мүмкін өзара байланысты тәуекелдер факторларын жан-жақты талдауға негізделеді.

Қаржылық тәуекелдерді басқару кезінде 2022 жылы дәстүрлі түрде үш тәуекел аймағы бөлінді: ЕДБ-ге негізделген кредиттер, бағалы қағаздар портфелі және ЕДБ-дегі уақытша бос қаражат. Оларды барынша азайту үшін контрагент банктермен белсенді операцияларға лимиттеу әдістемелері, ЕДБ, ЛК және корпоративтік эмитенттердің кредиттік тәуекелдерін қашықтықтан талдау пайдаланылды.

Лимиттеу әдістемелерін қолдану Тәуекел-менеджменті департаментінің қаржылық тәуекелдерді басқарудың әдістемелік және техникалық базасын жетілдіру жөніндегі күш-жігері нәтижесінде мүмкін болды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу басталған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша базалық әдістемелік құжаттаманы енгізу бойынша елеулі жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ орталықтандырылған іс-шаралар шеңберінде сыртқы консультантпен бірлесіп, PWC тұлғасында тәуекелдердің барлық жекелеген түрлерін (кредиттік, нарықтық, операциялық тәуекелдер, бизнес-тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі) басқару мен бағалауды, қалыпты және стрестік жағдайларды ескере отырып, тәуекелдердің жиынтық шамасын айқындауды, ішкі капиталдың жеткіліктілігін есептеу және тәуекел-тәбетті қалыптастыруды (капиталдың жеткіліктілігі, кірістілік және өтімділік бөлігінде) қамтитын Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарын ескере отырып, үздік халықаралық практикаға сәйкес әзірленген тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қордың Басқармасы тоқсан сайын Директорлар кеңесіне түйінді тәуекелдерді сипаттай және талдай отырып, тәуекелдер бойынша лимиттерді сақтау туралы ақпаратпен, сондай-ақ түйінді тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтермен шоғырландырылған негізде Тәуекелдер жөніндегі есепті ұсынады.

2022 жылы операциялық тәуекелдерді басқару жұмыстары жалғасты. Тәуекелдер базасын, тәуекелдер тіркелімін цифрландыру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Осы бағыттағы жұмысқа Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері тартылды, құжаттардың кешенді топтамасы бекітілді, оның ішінде тәуекелдердің тіркелімі мен картасы, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары жаңартылды.

Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер тіркелімі және Қордың тәуекелдер картасы стратегиялық, қаржылық (кредиттік, нарықтық, өтімділік тәуекелі), құқықтық және операциялық тәуекелдердің мынадай топтарына жататын тәуекелдерді қамтиды.

«Қызыл» аймаққа түсетін тәуекелдер Қор қызметінің тәуекеліне барынша ұшырайтынын білдіреді. «Сары» аймаққа түсетін тәуекелдер тәуекелдерге ұшыраудың қолайлы деңгейін білдіреді. «Жасыл» аймаққа түсетін тәуекелдер тәуекелдерге ұшыраудың ең төменгі деңгейін білдіреді.

Барлық тәуекелдер бойынша тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар жоспары/бақылау рәсімдері жасалды:

- тәуекелдердің түйінді индикаторлары (ТТИ) бекітілді;
- іске асырылған және әлеуетті тәуекелдер базасын тұрақты жүргізу практикасы енгізілді;
- Қор қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде Қордың қызметін қалпына келтіру, Қорды дағдарыстық басқару жоспарлары жасалды.

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесін сыртқы сарапшылардың тәуелсіз бағалауына сәйкес қорытынды балл 92% деңгейінде.

## Түйінді тәуекелдер

Қорда түйінді тәуекелдер мынадай санаттарға бөлінеді.

a. Қор контрагенттерінің кредиттік тәуекелі олардың Қор алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан ЕДБ, МҚҰ және ЛК-да орналастырылған қаражатты жоғалту тәуекелін білдіреді.

b. Қаржылық тәуекел – валюта бағамдарының және пайыздық мөлшерлемелердің теңгерімсіз құрылымының ауытқуы салдарынан шығындардың туындау ықтималдығы.

c. Операциялық тәуекел – барабар емес немесе қате ішкі процестер, персонал әрекеттері, жүйенің жұмыс істеуі нәтижесінде залалдарға, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды, оның ішінде құқықтық тәуекелді (стратегиялық және беделін жоғалту тәуекелін қоспағанда) іске асыру себептері бойынша туындайтын залалдарға әкеп соғатын тәуекел.

d. Құқықтық тәуекел – заңнама, нормативтік құқықтық актілер, келісімдер, қабылданған практика немесе этикалық нормалар талаптарының бұзылуынан немесе сақталмауынан туындайтын әлеуетті тәуекел.

## Ішкі бақылау жүйесі

корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және бизнес-процестердің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды элемент болып табылады.

Қордың қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1. Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатқа (Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 14/2018 шешімімен бекітілген) COSO моделіне сәйкес (Тредвей Комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін жақсартуға бағытталған рәсімдерді енгізу бөлігінде өзгерістер/толықтырулар енгізілді;
2. Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылар, олардың құзыреті, сондай-ақ өкілеттіктері мен міндеттері белгіленетін ішкі бақылауды қорғаудың үш желісін толық сипаттай отырып, «ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру» ұғымы неғұрлым кеңінен берілген;
3. Бақылау ортасын, тәуекелдерді бағалауды, бақылау рәсімдерін, ақпараттық қамтамасыз ету және ақпарат алмасу жүйесін, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін мониторингілеу мен бағалауды қамтитын ішкі бақылау жүйесінің өзара байланысты бес компоненті (COSO моделіне сәйкес) егжей-тегжейлі сипатталған.

Ішкі бақылау жүйесінде тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау мақсатында анықталған бұзушылықтарды/ескертулерді жою бойынша және Қорда ішкі бақылауды жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданады. Тәуекел-менеджменті департаменті тұрақты негізде:

1. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалу мониторингі;
2. сыртқы аудит жүргізу нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалу мониторингі;
3. Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Қордың тәуелсіз директорлары ұсынымдарының орындалу мониторингі.

ІАҚ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша қорытынды балл

**92%-ды құрады**

# 8. Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты

Адам капиталы – басты құндылық және негізгі ресурс. Қор қызметінің нәтижелері Қор жұмыскерлерінің кәсіби деңгейіне және қауіпсіздігіне тікелей байланысты.

Қор жұмыскерлерінің штат саны 2022 жылдың аяғында

**454 бірлікті құрайды**



**43% | Ерлер**

**57% | Әйелдер**

құрайды



## 2022 жылдың соңындағы персонал құрылымы

| Көрсеткіш | Барлығы (адам) | гендерлік топтар бойынша құрылым, % | | жас топтары бойынша құрылым, % | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер | 30 жасқа дейін | 30-50 жас | 50 жастан асқан |
| **Персоналдың орташа тізімдік саны, барлығы** | **380** | **43%** | **57%** | **12%** | **83,5%** | **4,5%** |
| Жоғары басшылық | 5 | 80% | 20% | 0% | 100% | 0% |
| Орта буын басшылары | 47 | 60% | 40% | 2% | 93,8% | 4,2% |
| Жұмыскерлер | 328 | 40,5% | 59,5% | 12% | 82% | 6% |

**2022 жылдың деректері бойынша Қор жұмыскерлерінің орташа жасы 38 жасты құрайды.**

## Персоналдың тұрақсыздығы

2022 жылы персоналдың ерікті тұрақтамауы жоспарлы 13%-дан аспаған жағдайда 9,2%-ды құрады. 2022 жылдың екінші жартысында Қордың штат саны 60 штат бірлігіне ұлғайтылды және 2022 жылы ашық бос жұмыс орындарының жалпы саны – 210 құрады.

Сыртқы үміткерлер жыл бойына 127 бос жұмыс орнын жауып тастады, бұл жабық жұмыс орындарының жалпы санының 66% құрады. Ішкі ауыстырулар арқылы 33 бос жұмыс орны немесе жабық жұмыс орындарының жалпы санының 34% жабылды.

Осылайша, 2022 жылдың аяғында қорда 160 бос жұмыс орны жабылды (ішкі және сыртқы үміткерлер), бұл 2022 жылы ашық жұмыс орындарының жалпы санының 76,2% құрады.

## 2020 - 2022 жылдар кезеңіндегі персоналдың тұрақтамау деңгейі



# 2022 жылы персоналдың тұрақтамауы және жалданған қызметкерлер саны

| Көрсеткіш | Барлығы | оның ішінде гендерлік топтар бойынша | | оның ішінде жас топтары бойынша | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер | 30 жасқа дейін | 30-50 жас | 50 жастан асқан |
| Персоналдың тұрақсыздығы,% | 9,2% | 51,2% | 48,8% | 38% | 62% | - |
| 2022 жылы жалданған қызметкерлер саны, адам | 127 | 56 | 71 | 38 | 88 | 1 |

# Кадр резерві

Қордың кадрлық әлеуетін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2022 жылы Қордың Кадр Резерві 24 штаттық әкімшілік жұмыскер санында бекітілді, оның ішінде 3 жұмыскер жоғары тұрған лауазымға ауыстырылды.

Қор резервшілерді оқыту және өздігінен білім беру арқылы кәсіби және жеке құзыреттілікті дамыту бағытында белсенді жұмыс істейді. Атап айтқанда, олар үшін Жеке даму жоспарлары жасақталып, тиісті оқыту курстары ұйымдастырылады.

Кадр резервінің құрамында болған уақыт ішінде әрбір резервші өзінің жеке даму жоспарының орындалуы туралы есеп дайындайды.

# Корпоративтік мәдениетті дамыту

Корпоративтік мәдениетті дамыту – тиімділігі жоғары ұйымды құрудың маңызды элементі және компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті құрамдас бөлігі, осыған байланысты жыл сайын персоналдың тартылу дәрежесін талдау үшін персоналға сауалнама жүргізіледі, тұрақты түрде іскерлік кездесулер, жұмыс топтарының және Қор басқармасы жанындағы Кадр саясаты жөніндегі комитеттің отырыстары өтеді.

Жыл бойы Қор корпоративтік мәдениетті нығайту және корпоративтік рухты қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының аймақтық филиалдарын қоса алғанда, Қор қызметкерлерімен мемлекеттік және кәсіби мерекелерге арналған онлайн құттықтау кездесулерін белсенді өткізді. Аталған іс-шараларда Қордың үздік жұмыскерлері алғыс мадақтамаларымен және сыйлықтармен марапатталды.

# Ынталандыру және сыйақы

Қорда еңбек тиімділігін арттыру саясаты Қордың стратегиялық мақсаттарын, Қордың стратегиясы мен бизнес-жоспарларын еңбекті бағалау, жұмыскерлерді ынталандыру және көтермелеу саясатымен байланыстыру мақсатында құрылады.

Барлық жұмыскерлер Қордың стратегиялық міндеттерінен туындайтын мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Жұмыскерлердің нәтижелілігін бағалау нақты міндеттердің орындалуына байланысты, бұл жұмыскер қызметінің тиімділігінің түйінді көрсеткіштерімен расталуға тиіс, осыған байланысты Қорда тоқсан сайын әкімшілік жұмыскерлердің қызметіне бағалау жүргізіледі, оның негізінде жұмыскерлердің атқаратын лауазымдарына сәйкестігі және қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі айқындалады.

Қордың жұмыскерлері Қор бюджетінде көзделген қаражат есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, Қор қызметкерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде екі лауазымдық жалақы мөлшерінде материалдық көмек, некеге тұру, бала туу кезінде материалдық көмек көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек төленеді.

Сондай-ақ, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің сомасын шегере отырып, орташа жалақысы сақтала отырып, жүктілік және босану бойынша демалыс төленеді.

## Жүктілігі және босануы бойынша демалыстар, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыс туралы ақпарат

| Көрсеткіш | Мәні (адам) | оның ішінде | |
|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер |
| 2022 жылы жүктілігі және босануы бойынша демалыс, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген адамдардың саны | 23 | 0 | 23 |
| 2022 жылы жүктілігі және босануы бойынша демалыстан, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыстан оралған жұмыскерлердің саны | 8 | 0 | 8 |

## Еңбекті қорғау

Қорда еңбекті қорғау бөлігінде жұмыс процесін ұйымдастыру қызметкерлердің қорғалу жай-күйінің деңгейін арттыруға, қауіпсіздік мәдениетін жүйелі түрде енгізуге және жазатайым оқиғаларға жол бермеуге бағытталған. Осы салада Қордың жауапты қызметкерлері Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін жетілдіру және күнделікті өндірістік циклға енгізу бойынша жұмыс істейді.

Сонымен қатар, аймақтық филиалдардың жұмыскерлері ҚР Үкіметінің Қордың кеңсе жұмыскерлерінің еңбегін қорғау жөніндегі қаулыларын басшылыққа алады. Елдің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптары Қор кеңселерінде жұмыс істеу, қызметтік іссапарлар кезінде, сондай-ақ төтенше және авариялық жағдайлар кезінде олар орындайтын барлық еңбек процестеріне қолданылады.

Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатты іске асыру, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелермен және аймақтық филиалдармен 2022 жылға арналған өрт қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен жоспарлар шеңберінде реттелген өзара іс-қимыл нәтижесінде қадағалау органдары тарапынан бұзушылықтар мен айыппұл санкцияларына жол берілмеді.

## Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру

Жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және Қордың даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешу үшін жұмыскерлердің кәсіби және басқару қызметі саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктерін, құзыреттері мен дағдыларын жаңарту және қосымша меңгеру мақсатында жүзеге асырылады.

Жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және Қордың даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешу үшін қызметкерлердің кәсіби және басқару қызметі саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктерін, құзыреттері мен дағдыларын жаңарту және қосымша меңгеру мақсатында жүзеге асырылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қордың Кадр саясаты жөніндегі комитетінің шешімімен Қор жұмыскерлерін оқыту жоспары бекітілді (25.11.2021 жылғы № 76-2021 Хаттама).

Есепті жылы Қордың 446 жұмыскері 29 оқыту іс-шарасында оқудан өтті, оның ішінде кейбір жұмыскерлер жыл бойы бірнеше рет, оның ішінде корпоративтік форматта оқыды. Жылдық Жоспар шеңберінде оқыту жұмыскерлердің іскерлік, жеке және кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталды. ХҚЕС және Салық кодексінің өзгерістері бойынша, сондай-ақ қаржылық талдау, қазақ тілі курстары бойынша оқыту жүргізілді, бірқатар оқыту іс-шаралары өңірлік желі қызметкерлері үшін, тәуекелдерді басқару саласында және т.б. өткізілді.

## 2022 жылы қызметкерлерді оқыту бойынша көрсеткіштер

| Көрсеткіш | Барлық қызмет-керлер бойынша | Гендерлік топтар бойынша | | Жұмыскерлердің санаттары бойынша | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Әйелдер | Ерлер | Жоғары басшылық | Орта буын басшылары | Жұмыскерлер |
| Ұйым қызметкерлерінің есепті кезеңде өткен оқыту сағаттарының орташа саны | 63 | 58 | 43 | 21 | 29 | 43 |
| Оқытудан өткен қызметкерлердің саны | 446 | 253 | 193 | 4 | 29 | 416 |
| Оқыту сағаттарының саны | 1 849 | 1 032 | 817 | 21 | 637 | 1 191 |

## Демеушілік және қайырымдылық

Қор жұмыскерлері Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне және соғыс балаларына ақшалай қаражат жинап, азық-түлік себеті түрінде атаулы көмек көрсетті.

«Visus4life» қайырымдылық жеке қорына 5 000 000 теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетілді, аталған сомаға Қор Мәскеу қаласында хирургиялық араласуға мұқтаж науқасқа операция жасады.

Еншілес компаниялардың қатысуымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ ұйымдастырған жыл сайынғы «Baiterek – Open Hearts» қайырымдылық жәрмеңкесіне қатысу үшін Қор жұмыскерлері арасында ұйымдастыру өткізілді. Қордың көлөнерінен түскен түсім 180 400 теңгені құрады. Холдинг пен еншілес ұйымдар жұмыскерлерінің жалпы күш-жігерімен 2 219 710 теңге көлемінде қаражат жиналды, олар ұзақ емделіп жатқан күрделі аурулары бар балаларға жаңа жылдық шырша ұйымдастыруға және сыйлықтар сатып алуға бағытталған.

## 2022 жылы әлеуметтік жауапкершілік саласында қол жеткізілген нәтижелер

| КӘЖ саласындағы бағыттар | Көрсеткіштер | 2022 жылға арналған нысаналы мәндер | Орындау |
|---|---|---|---|
| Экономикалық көрсеткіштер | Демеушілік/қайырымдылық көмекке көзделген Қор бюджетіндегі қаражат көлемі | 2022 жылға арналған Бюджет шеңберінде «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 5 млн теңге бөлінді | «Visus4life» қайырымдылық жеке қорына 5 000 000 теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетілді, аталған сомаға Қор Мәскеу қаласында хирургиялық араласуға мұқтаж науқасқа операция жасады. |
| | Қордың сыртқы мүдделі тараптарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге жұмсаған жалпы сомасы | 2022 жылға арналған мақсатты сома сыртқы мүдделі тараптарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге 5 млн теңгені құрайды | |
| Персоналмен жұмыс бойынша көрсеткіштер | Персоналдың тартылу дәрежесі | Орташадан жоғары | Ағымдағы жылы Жалғыз акционер ұйымдастыратын персоналдың тартылу және қанағаттану дәрежесін бағалау жүргізілмеді. |
| | Қор шегінде практикадан немесе тағылымдамадан өткен жас мамандардың саны | 15 адам | 2022 жылы Қорда тәжірибеден/тағылымдамадан өткен жас мамандар саны 15 адамды құрады. |
| | Оқытудан өткен Қор жұмыскерлерінің саны | 185 адам | 2022 жылы оқытылған жұмыскерлердің саны 446 адамды құрады. |
| | Жұмыскерлердің Қор омбудсменіне Іскерлік әдеп кодексін сақтамау мәселелері бойынша өтініштерінің саны | 7-ден аспайды | 2022 жылы жұмыскерлердің Омбудсменге өтініштері болған жоқ |

Қордың 2022 жылғы қайырымдылық көмек көрсету туралы жылдық есебін Қордың Басқармасы 22.02.2023 жылы бекіткен (№ 14/2023 Хаттама) және жылдық есепке № 5 қосымшада көрсетілген.

## Іскерлік әдеп кодексі

Іскерлік әдеп компания табысының ажырамас алғышарттарының бірі, оның салауатты әрі тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Қордың Іскерлік әдеп кодексі әрбір қызметкер үшін корпоративтік құндылықтар мен стандарттарды белгілейді. Қор жұмыскерлері адалдық, сенімділік, кәсібилік сияқты құндылықтарды ұстанады және Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына өз үлестерін қосуға ұмтылады.

Жыл сайынғы негізде Қор жұмыскерлері Қордың Іскерлік әдеп кодексінің негізгі қағидаттарын білуге және түсінуге оқытудан және тексеруден өтеді.

## Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу саясаты

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу рәсімдерін айқындау, мүдделер қақтығысын уақтылы анықтау және болдырмау (бұдан әрі – Қақтығыстар), сондай-ақ корпоративтік қақтығыс немесе мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындау мүмкіндігі туындаған жағдайда барлық органдардың іс-қимылдарын үйлестіру үшін Қорда Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат (Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі шешімі, № 60 хаттама, бұдан әрі – Саясат) бекітілген.

Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау мен қорғаудың, сондай-ақ Қордың мүліктік мүдделері мен іскерлік беделін қорғаудың тиімді тетіктерінің бірі Жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу болып табылады.

Есепті кезеңде Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне «Даму» КДҚ» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің мүдделер қақтығыстары бойынша сұрау салулары/өтініштері түскен жоқ.

Қорда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне ар-ұяттылық, адалдық және нөлдік төзімділік қағидаттарын енгізу әдістерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қор өзінің беделін жоғары бағалайды және клиенттер Қордың қойылған міндеттерді адал, әділ және риясыз орындауын және бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды күтетінін түсінеді.

Қорда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын тиісінше орындау мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылды, ол Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыруға және оның жұмыс істеуіне жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады және Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасын, Қорда және корпоративтік басқару жүйесінде белгіленген ішкі және сыртқы ережелерді, рәсімдерді сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі функциялары алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты анықтау және болдырмау, мүдделер қақтығыстарын тиімді реттеу, Қор қызметкерлерінің кәсіби әдеп талаптарын сақтауын бақылау және Қор қызметкерлерінің мүдделеріне зиян келтіруі немесе оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін тиісті емес мінез-құлықтың белгілі фактілері туралы басшылықты хабардар ету болып табылады.

Қорда тұрақты негізде Қор жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы оқыту жүргізіледі. Сонымен қатар Қорға жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлермен тұрақты жұмыс жүргізілуде, опар ең алдымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысады.

Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Қорда оларды қатаң қабылдамау ахуалын қалыптастыру болып табылады. Еңбек міндеттемелерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін Қор жұмыскерлерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелейді. Қордағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге, бұл құжатқа қызметтік өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде жұмыскерлердің мінез-құлқының құндылық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарларын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар енгізілген.

2022 жылдың қорытындысы бойынша келесі іс-шаралар іске асырылды.

- Қордың барлық жұмыскерлері Қордың корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысты.

Қордың мүдделеріне зиян келтіруі немесе беделіне нұқсан келтіруі мүмкін алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу, болдырмау не анықтау мақсатында Қордың корпоративтік сайтында «Жедел желі» жұмысы жолға қойылған және әрбір хабарлама міндетті түрде тексерілетін «Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» арнайы бөлімі жұмыс істейді, сондай-ақ хабарламаның жасырын болуы да қарастырылады. Қордың жұмыскерлері мен контрагенттері, үшінші тұлғалар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін хабарламаның құпиялылығы мен жасырын болуын қамтамасыз ететін кез келген «Жедел желі» арнасы бойынша хабардар ете алады.

- Комплаенс-бақылаушы кезең-кезеңмен Қор жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қор жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берген жоқ.

# 9. Экологиялық саясат

Қор жүзеге асырылатын және жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылады. Операциялық қызметтен экологиялық әсерді азайту шараларын қабылдайды, «жасыл» өнімдерді әзірлейді, кәсіпкерлердің ақпараттылығын арттырады. Қордың орнықты даму саласындағы саясатына сәйкес өз мамандарын оқытады, сондай-ақ экология және оған әсер ету тақырыбында оқыту семинарларын өткізеді.

2022 жылы Қор «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізу шеңберінде шикізатты қайта өңдеу орталықтарына өңдеуге жататын қауіпті емес қалдықтар мен материалдарды бөлек жинауды және шығаруды жүзеге асыруды жалғастырды.



## 2021 жылғы ақпаннан бастап Қорда Экологиялық және әлеуметтік саясат қолданысқа енгізілді. Қордың Экологиялық және әлеуметтік саясатының мақсаттары:

1 әлеуетті экологиялық және әлеуметтік теріс әсерді төмендету және Қор қызметінен ықтимал оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру;

2 экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйелерін әзірлеуге және тиісті деңгейде ұстауға тікелей қаржыландыру клиенттерін ынталандыру;

3 жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жобаның қоршаған ортаға әсері саласындағы, сондай-ақ әлеуметтік ықпал ету саласындағы жұртшылықтың мүдделерін есепке алу.

Экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануға қатысты, жауапты тұтыну қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Қор ішкі қажеттіліктерге электр энергиясын тұтынуды қысқарту бойынша мақсат қойды. Осыған байланысты 2022 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейінің нақты төмендеуі 2021 жылмен салыстырғанда 12%-ды құрады.

Бизнес-процестерді цифрландыру және электрондық бланкіге көшу есебінен қағаз тасымалдағыштағы құжат айналымы айтарлықтай азайды.

Қауіпті емес қалдықтарды әкету Қорда көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен жыл сайынғы негізде жасалатын Көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, Қор серіктестерінің экологиялық бағдарлануын арттыру мақсатында Қордың барлық серіктестеріне жеткізілген орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, Қор серіктестерімен үлгілік келісімдерге өзгерістер бекітілгенін атап өткен орынды.

## 2022 жылы экология саласында қол жеткізілген нәтижелер

| Көрсеткіштер | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|---|---|---|---|
| Өткен жылдармен салыстырғанда Қордың энергия ресурстарын тұтынуының төмендеген деңгейі, % | 2020 жылы Қордың электр энергиясын тұтынуы 2019 жылмен салыстырғанда 15,4%-ға төмендеді | 2021 жылы Қордың электр энергиясын тұтынуы 2020 жылмен салыстырғанда 12,5%-ға ұлғайды* | 2022 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейінің нақты төмендеуі 2021 жылмен салыстырғанда 12%-ды құрады |
| **Суды тұтыну көлемі, текше метр** | **4 179 текше метр** | **4 293 текше метр** | **3 392 текше метр** |

*Қордың 2021 жылы электр энергиясын тұтынуы 2020 жылмен салыстырғанда белгіленген қуат бойынша электр энергиясын есептеуге байланысты (трансформаторлық қалқанның сынуы және ауыстырылуы себебінен) 12,5%-ға өсті.



# 10. Корпоративтік басқару

Қор корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, ашықтықты және есептілікті қамтамасыз ету, беделін нығайту және капиталды тартуға арналған шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Қор корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасында заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етуге өзінің үлесі және Қордың қазіргі заманғы экономика мен тұтастай қоғамдағы орнын айқындайтын фактор ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қордың органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды көздейді.

.

## Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары:

01 өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты

02 Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

03 Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты

04 орнықты даму қағидаты;

05 тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты

06 корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты

07 Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары

# 10.1. Корпоративтік басқару жүйесі

## Қордың Жарғысына сәйкес оның басқару органдары:

1. Жоғарғы органы – Жалғыз акционер;
2. Басқару органы - Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы органы - Басқарма;
4. Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын органы – Ішкі аудит қызметі;
5. Ішкі кредит саясатын жүзеге асыратын органы – Кредиттік комитет
6. Активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаттарына қол жеткізу, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі органы – Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті
7. Қордың кредиттік, лизингтік, инвестициялық, құжаттамалық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын органы – Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитеті;
8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге де органдар

2022 жылы Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және тиісті халықаралық стандарттарға сай келетін Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтады. Қордың Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті Директорлар кеңесі қарады және ол Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен бекітілді (№ 02/2023 Хаттама).

Қордың корпоративтік басқару кодексінің 2022 жылғы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы қысқаша есеп жылдық есепке № 3 қосымшада көрсетілген (Есептің толық нұсқасы Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған).

Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес Қор үш жылда кемінде бір рет корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізуге міндетті. 2021 жылғы желтоқсанда өткізілген нәтижелер бойынша корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы, корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігі 90,8%-ды құрайды.

# 10.2. Ұйымдастырушылық құрылымы

Қордың ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. **Қордың құрылымы Басқарманың 5 мүшесінен, 6 дербес құрылымдық бірліктен (Басқарушы директорлар, Аппарат Басшысы, Корпоративтік хатшы), 21 департаменттен, 3 қызметтен, 20 аймақтық филиалдан тұрады.**






# 10.3. Жалғыз акционер

Қордың жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) болып табылады.

Холдингтің миссиясы 2050 жылға дейінгі Стратегияда қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық дамуын қолдау болып табылады. Холдинг мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асырудағы негізгі оператор болып табылады.

Холдингтің негізгі міндеттерінің бірі Холдинг компаниялары тобының тиімді және өзара толықтыратын жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

| | |
|---|---|
| Бағалы қағаздың түрі | жай акциялар |
| ҰСН | KZ1C00002286 |
| Шығарылымның тіркелген күні | 13.05.2020 |
| Номиналды құны* | 100 000 теңге |
| Жарияланған акциялардың саны | 27 962 244 |
| Орналастырылған акциялардың саны | 27 762 244 |
| Акционерге тиесілі акциялардың саны | 27 762 244 |
| Акционер туралы ақпарат | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ |
| Орналастырылған акциялардан акционердің үлесі | 100% |
| Акционердің дауыс беретін акциялардан үлесі | 100% |

*Акцияларды соңғы орналастыру құны

Қор тек қарапайым акцияларды ғана шығарады. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ Жалғыз акционерге Қорда таза кіріс болған кезде дивидендтер алуға және ол таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қор мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.



# 10.4. Директорлар кеңесі

Қордың Директорлар кеңесі Қорға стратегиялық басшылықты және Қор Басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қордың Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, Қордың Корпоративтік басқару кодексіне және Қордың өзге де құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қордың директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдері ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардан, Жалғыз акционердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалардан қалыптастырылады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамы Қор мен Жалғыз акционердің мүдделері үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Қор қызметінің салалық ерекшелігіне, Қор қызметінің ауқымына, Директорлар кеңесі комитеттері қарайтын мәселелерге қарай олардың мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесі мен білімдерінің теңгерімін көздеуге тиіс. Жеке тұлға ғана Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды.

2023 жылғы 1 қаңтарға Қордың Директорлар кеңесінің құрамында 7 мүше бар, оның 3-і – тәуелсіз директорлар, бұл корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес келеді.

## Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесінің төрағасы

### Смаилов Алихан Асханович

1972 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2019 жылғы 13 наурыз, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайланған күні 2019 жылғы 17 сәуір

(2022 жылғы 19 қаңтарға дейін)



Ақпарат https://primeminister.kz/ru/government/composition/smailov сайтынан алынды.

| | |
|---|---|
| 1994 | Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «қолданбалы математика» мамандығы бойынша тәмамдаған. |
| 1996 | ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының мемлекеттік басқару магистрі дәрежесіне ие болды. |
| 1993-1999 | «А-Инвест» инвестициялық-жекешелендіру қорының бас маманы; бөлім басшысының орынбасары, ҚР Ұлттық статистика агенттігінің басқарма басшысы; ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау комитеті төрағасының орынбасары; бас сарапшы, экономика секторының меңгерушісі, ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып қызмет атқарған. |
| 1999-2003 | ҚР Статистика агенттігінің төрағасы. |
| 2003-2006 | ҚР сыртқы істер вице-министрі, «Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру компаниясы» АҚ басқарма төрағасы. |
| 2006-2009 | ҚР қаржы вице-министрі, «ҚазАгро» ҰБХ президенті. |
| 2009-2014 | ҚР Статистика агенттігінің төрағасы. |
| 2014-2015 | ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің төрағасы. |
| 2015-2018 | ҚР Президентінің көмекшісі. |
| 09.2018-02.2019 | Қаржы министрі. |
| 02.2019 | Президент Жарлығымен Премьер-Министрдің Бірінші Орынбасары – Қаржы министрі қызметіне тағайындалды. 2021 жылы 18 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен осы қызметіне қайта тағайындалды. |
| 01.2022 | ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі лауазымына тағайындалды. |
| 03.2023 | ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі лауазымына қайта тағайындалды. |

Директорлар кеңесінің төрағасы

## Султанов Бахыт Турлыханович

1971 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2022 жылғы 19 қаңтар, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайланған күні 2022 жылғы 4 ақпан

(2022 жылғы 4 ақпаннан 2022 жылғы 26 сәуірге дейінгі кезең ішінде)



| | |
|---|---|
| 1994 | ҚР Қаржы министрлігінде қаржы нарығының құнды қағаздары басқармасы акционерлеу және лицензиялау бөлімінің жетекші экономисі |
| 1995-2002 | ҚР Қаржы министрлігінде бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары, Бюджет департаменті директорының орынбасары, Мемлекеттік сатып алу департаментінің директоры, Қазынашылық департаменті директорының орынбасары, Бюджет департаменті директорының орынбасары, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік бюджет департаментінің директоры |
| 2002-2003 | ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Бюджет саясаты және жоспарлау департаментінің директоры (2002-2003); |
| 2003-2006 | ҚР экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| 2006-2007 | ҚР Статистика агенттігінің төрағасы |
| 2007 | ҚР Қаржы вице-министрі |
| 2007-2010 | ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі |
| 2010-2012 | ҚР Президентінің көмекшісі |
| 2012-2013 | ҚР Президенті әкімшілігі басшысының орынбасары |
| 11.2013-08.2014 | ҚР Премьер-Министрінің орынбасары |
| 08.2014-09.2018 | ҚР қаржы министрі |
| 2018-2019 | Нұр-Сұлтан қаласының әкімі |
| 06.2019-01.2022 | ҚР сауда және интеграция министрі |
| 2022 | ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – сауда және интеграция министрі |
| 2022 бастап | Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының мүшесі (06.10.2022 бастап) |

Директорлар кеңесінің мүшесі

## Жаксылыков Тимур Мекешевич

1968 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде 2021 жылғы 28 шілдеде сайланған күні (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).



| | |
|---|---|
| 1993-1997 | Қазақстан агротехнология университетінің атқарушы ректоры |
| 1997-1998 | ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің бас маманы, бөлім бастығы |
| 1998-1999 | ҚР Президенті Әкімшілігі Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығының сектор меңгерушісі |
| 1999-2002 | ҚР Қауіпсіздік Кеңесі Талдау орталығының сектор меңгерушісі |
| 2003-2004 | ҚР Индустрия және сауда министрлігі ДСҰ-ға кіру департаментінің директоры |
| 2004-2005 | Женева қаласындағы Дүниежүзілік сауда ұйымы мәселелері жөніндегі өкілдер тобының жетекшісі |
| 2005-2006 | «МТЗО» АҚ басқарушы директоры |
| 2007 | «Астананың орнықты даму орталығы» ЖШС директоры, Астана |
| 2008-2009 | Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| 2009-2010 | ҚР Индустрия және сауда вице-министрі, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Инвестициялар комитетінің төрағасы |
| 2010-2011 | «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ Басқарма төрағасы |
| 2012-2017 | ҚР Ұлттық экономика вице-министрі |
| 2017-2021 | Еуразиялық экономикалық комиссияның (ЕЭК) экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (министр) |
| 2018 | ҚР Президентінің көмекшісі |
| 2021 бастап | Ұлттық экономика бірінші вице-министрі |

Директорлар кеңесінің төрағасы

## Жамаубаев Ерулан Кенжебекович

1974 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2022 жылғы 26 сәуір, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайланған күні 2022 жылғы 3 мамыр.

(2022 жылғы 3 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін)



| | |
|---|---|
| 1996-1998 | Қазақ мемлекеттік басқару академиясының оқытушы-тағылымдамашысы, оқытушысы |
| 1998-2006 | ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеулер және статистика департаментінің жетекші талдаушысы, бас талдаушысы, бас маман-талдаушысы, басқарма бастығы, директорының орынбасары ҚР Ұлттық Банкінің Үйлестіру департаментінің директоры |
| 2006-2014 | «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарушы директоры |
| 2014-2015 | ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің |
| 07.2015-11.2015 | орынбасары |
| 11.2015-11.2018 | ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі |
| 11.2018-03.2019 | ҚР Президентінің көмекшісі |
| 03.2019-05.2020 | ҚР Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы |
| 05.2020-01.2021 | ҚР Қаржы министрі |
| 29.03.2022 бастап | ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі |

Директорлар кеңесінің мүшесі

## Мухамеджанов Адиль Бектасович

1981 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде 2021 жылғы 16 маусымда сайланған күні (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).



| | |
|---|---|
| 2003-2004 | «ҚазТрансОйл» АҚ Жобаларды басқару департаментінің маманы |
| 2004-2016 | Caspian Energy Inc, «Арал Петролиум Капитал» ЖАҚ қаржы менеджері, вице-президент, директорлар кеңесінің мүшесі |
| 2010-2011 | «Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Басқарма төрағасы |
| 2008-2016 | «АзияКредитБанк» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі |
| 2016-2021 | «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы |
| 2021 жылдың 31 мамырынан бастап | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып табылады. |

Тәуелсіз директор

## Баталов Раимбек Анварович

1970 жылы туған. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде 2020 жылғы 10 маусымда сайланған күні (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).



| | |
|---|---|
| 1990 бастап | «Риддер Инвест» металлургиялық кешенінің басқарушы директорлары қатарында болды, «Жаңа Жамбыл фосфор зауыты» химия кешенінің жұмысына басшылық етті, Тобыл элеваторы, Меркедегі қант зауытын, Шымкент ТЭО-3 басқарған. |
| 1992 бастап | «Райымбек» сауда фирмасының негізін қалаушы, «Raimbek» холдингі директорлар кеңесінің төрағасы |
| 2002 бастап | Қазақстан кәсіпкерлері форумы кеңесінің төрағасы. |
| 2005 бастап | Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) Іскерлік кеңесінің қазақстандық ұлттық бөлігін басқарады. |
| 2007 бастап | ҚҚР Мәжілісі жанындағы қоғамдық палатаның мүшесі. |
| 2009 бастап | Қазақстан су асты спорты федерациясының президенті. |
| 2010 бастап | ҚҚР Премьер-министрінің төрағалығымен бірыңғай үйлестіру кеңесінің мүшесі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлік жөніндегі кеңеске және Қазақстан Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасына кіреді. |
| 2012 бастап | Еуразиялық экономикалық комиссияның кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі консультативтік комитетінің (Мәскеу қаласы) тәуелсіз сарапшысы болып табылады. |
| 09. 2015 бастап | Бизнес пен ЖОО ынтымақтастығына бағдарланған ірі халықаралық коммерциялық емес ұйым - ENACTUS Қазақстан директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. |
| 2015 бастап | Қазақстан велоспорт федерациясының бірінші вице-президенті болып сайланды. |
| 03.2017 бастап | Азия велоспорт конфедерациясының вице-президенті болып сайланды. |
| 02.2022 бастап | Қазақстан Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының мүшесі, «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқа Төрағасының міндетін атқарушы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының төрағасы |
| 03.2022 бастап | ҚР Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің мүшесі |

Тәуелсіз директор

## Бахмутова Елена Леонидовна

1962 жылы туған. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде 2018 жылғы 19 қыркүйекте сайланған күні (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).



| | |
|---|---|
| 1983-1984 | № 7 Алма-ата сел құрылысы тресінің КСМК-1 аға инженері |
| 09.1984-09.1989 | Қазақ КСР Мемлекеттік жоспары жанындағы жоспарлау және нормативтер ғылыми-зерттеу экономикалық институтының экономисі |
| 09.1989-02.1991 | Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің аға экономисі |
| 02.1991-05.1992 | «Елім-Ай» кино шаруашылық бірлестігінің экономисі |
| 05.1992-12.1998 | ҚР Қаржы министрлігінің Бюджеттік департаменті директорының орынбасары, жетекші, бас экономист, бөлім бастығы, әлеуметтік сала жөніндегі департамент бастығының орынбасары |
| 12.1998-04.2001 | ҚР Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің директоры |
| 04.2001-09.2002 | ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі |
| 09.2002-01.2004 | ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық қадағалау департаментінің директоры |
| 01.2004-01.2008 | ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары |
| 01.2008-04.2011 | ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрайымы |
| 01.2012-01.2016 | «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары |
| 01.2016-11.2016 | «Самұрық-Қазына» АҚ қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директоры |
| 11.2016-08.2018 | «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес АҚ Басқармасының төрағасы |
| 24 августа 2018 бастап | Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрайымы |

Тәуелсіз директор

## Нургалиева Асем Болатжановна

1983 жылы туған. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде 2021 жылғы 26 мамырда сайланған күні (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).



| | |
|---|---|
| 2006-2007 | «БТА Қазақстан» ЖЗҚ Маркетологы/PR-менеджері |
| 2007-2012 | «РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ Стратегиялық маркетинг департаментінің директоры (зейнетақы қоры, инвестициялау) |
| 2012-2014 | STANDARD сақтандыру компаниясының басқарушы директоры/Стратегиялық маркетинг департаментінің директоры (жалпы сақтандыру) |
| 2013-2015 | «АСТАНА БАНКІ» АҚ Маркетингтік талдау және ілгерілету басқармасының бастығы |
| 2015 бастап | «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС Бизнесті дамыту жөніндегі директор, атқарушы директоры |
| 2018 бастап | Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығы Директорлар кеңесінің мүшесі |
| 2019 бастап | МДО ХУМО ЖАҚ (Тәжікстан) Директорлар кеңесінің мүшесі, ішкі бақылау және аудит комитетінің мүшесі |

Жалғыз акционердің 2023 жылғы 22 ақпандағы шешімімен, (№ 07/23 хаттама) А. Б. Нұрғалиеваның өз бастамасы бойынша өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды

## Бурибаева Гаухар Асылбековна

1983 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде 2019 жылғы 24 сәуірде сайланған күні (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).



| | |
|---|---|
| 12.2003-12.2004 | Green Integrated Logistics Co. LTD Оңтүстік Корей көлік компаниясындағы менеджер |
| 01.2005-09.2006 | ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржы мониторингі жөніндегі бөлімінің бас маманы |
| 09.2006-05.2009 | «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жобаларды кредиттеу департаментінің бас менеджері, Жобалау дирекциясының бас фронт-менеджері |
| 05.2009-10.2009 | «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері |
| 12.2009-03.2010 | «Альянс Банк» АҚ корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері |
| 03.2010-08.2011 | «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жобалық дирекциясы басшысының орынбасары |
| 08.2011- 02.2013 | «Көліктік логистиканы дамыту ұлттық орталығы» АҚ (қазіргі «ҚТЖ Express» АҚ) дамыту жөніндегі атқарушы директоры |
| 02.2013-08.2013 | «ҚТЖ ҰК» АҚ филиалы «Көліктік логистиканы дамыту орталығының» стратегия және талдамалық зерттеулер басқармасының бастығы |
| 08.2013-03.2017 | ҚР Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымының қаржы-экономикалық мәселелері жөніндегі вице-президенті |
| 03.2017-07.2017 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әкімшілік департаментінің директоры |
| 07.2017-06.2018 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры |
| 06.2018-04.2019 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары |
| 2019 жылдың сәуірінен бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымы. |

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларын, Қордың өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

Қордың Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес тәуелсіз директорларға кандидаттар объективті пайымдауды жүзеге асыруға қатер төндіруі мүмкін Қормен, оны басқарумен немесе оның меншігімен қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қарым-қатынастардан бос болуға, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилікке және дербестікке ие болуға, Жалғыз акционердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан бос болуға тиіс.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына кіретін барлық тәуелсіз директорлар тәуелсіздік критерийлерін қанағаттандырады. Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну кезінде пайдаланылатын критерийлер Корпоративтік басқару кодексімен және Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен регламенттелген.

## 2022 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды

1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 19 қаңтардағы шешімімен (№ 02/22 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі Ә.А. Смайыловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Б.Т. Сұлтанов Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;
2. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 17 наурыздағы шешімімен (№ 14/22 хаттама) Директорлар кеңесінің құрамы 7 (жеті) адам болып айқындалды, өкілеттік мерзімі 2022 жылғы 5 сәуірден бастап 3 (үш) жыл болып белгіленді;
3. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 19/22 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі Б.Т. Сұлтановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, осыған байланысты Е.К.Жамаубаев Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;
4. Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 мамырдағы шешімімен (№ 05/22 хаттама) Е.К. Жамаубаев жалпы Қордың Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Жаңадан сайланған директорларға Қордың қолданыстағы 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын қоса алғанда, Қор қызметінің түйінді аспектілеріне қатысты ақпарат, негізгі ішкі нормативтік құжаттар (Жарғы, директорлар кеңесінің, комитеттердің, Басқарманың регламенттері және т.б.), Ішкі аудит қызметінің есептері және т.б. жіберілді.

## Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметі туралы есеп

2022 жылы Директорлар кеңесінің 12 отырысы, оның ішінде Директорлар кеңесінің 8 күндізгі және 4 сырттай отырысы өткізілді, 70-тен астам мәселе қаралды. Есепті жылы Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің 25-тен астам отырысы өткізілді, комитеттердің барлық отырыстары тек күндізгі тәртіппен өткізілді.

## Қордың Директорлар кеңесі отырыстарының саны:

| 2022 жыл | Күндізгі отырыс | Сырттай отырыс | Барлығы |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | 1 | 2 |
| 2-тоқсан | 3 | 1 | 4 |
| 3-тоқсан | 2 | 1 | 3 |
| 4-тоқсан | 2 | 1 | 3 |
| ЖИЫНЫ: | 8 | 4 | 12 |

## Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелердің саны:

| 2022 жыл | Күндізгі отырыс | Сырттай отырыс | Барлығы |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 8 | 6 | 14 |
| 2-тоқсан | 20 | 1 | 21 |
| 3-тоқсан | 16 | 4 | 20 |
| 4-тоқсан | 17 | 2 | 19 |
| ЖИЫНЫ: | 61 | 13 | 74 |

## 2022 жылы Директорлар кеңесі қараған негізгі мәселелер

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құру және қызмет туралы ережені бекіту. Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары бойынша жаңа аймақтық филиалдар құру және олар туралы ережелерді бекіту, корпоративтік басқаруды диагностикалау нәтижелері бойынша есепті және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын айқындау, 2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қордың омбудсменін тағайындау, кейіннен Жалғыз акционердің қарауына шығарумен Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жөніндегі есепті қарау, тәуекел-менеджменті сапасындағы регламенттер мен есептерді бекіту, тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есептерді бекіту, жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, Қордың таза табысын бөлу тәртібіне ұсыныс қалыптастыру, Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі есепті бекіту, Қордың Жылдық есебін алдын ала бекіту, Басшы жұмыскерлер қызметінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту, Басшы жұмыскерлер қызметінің түйінді көрсеткіштерінің картасын және олардың нысаналы мәндерін бекіту, Қордың Даму жоспарының өзгерістерін (түзетулерін) бекіту, Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының мәселелерін және т.б. мәселелерді қарады.

## 2022 жылы Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы:

| Директорлар кеңесінің мүшелері | Қатысу | % |
|---|---|---|
| Жамаубаев Ерулан Кенжебекович (2022 жылғы 26 сәуірден бастап) | 8/8 | 100% |
| Баталов Раимбек Анварович | 12/12 | 100% |
| Бахмутова Елена Леонидовна | 12/12 | 100% |
| Жаксылыков Тимур Мекешевич | 12/12 | 100% |
| Мухамеджанов Адиль Бектасович | 11/12 | 92% |
| Нургалиева Асем Болатжановна | 12/12 | 100% |
| Бурибаева Гаухар Асылбековна | 12/12 | 100% |

## Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысы

Қордың Директорлар кеңесі жанында 3 комитет: аудит және тәуекелдерді басқару, тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер, стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму бойынша комитеттер жұмыс істейді. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесі жанындағы бейінді комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.

## Комитеттердің құрамы Директорлар кеңесінің мынадай мүшелерінен бекітілді:

| Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет | |
|---|---|
| Комитет төрайымы | Е.Л. Бахмутова, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Р.А. Баталов, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Нургалиева, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Мухамеджанов, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі |

| Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет | |
|---|---|
| Комитет төрайымы | А.Б. Нургалиева, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Р.А. Баталов, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Е.Л. Бахмутова, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Мухамеджанов, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі |

| Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет | |
|---|---|
| Комитет төрайымы | Р.А. Баталов, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Е.Л. Бахмутова, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Нургалиева, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Мухамеджанов, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі |



## Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті орта және ұзақ мерзімді болашақта Қор қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді, оның табысты қызметін және орнықты дамуын қоса алғанда, қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындайды.

Есепті жылы Комитеттің 8 күндізгі отырысы өткізілді, 22 мәселе қаралды, оның ішінде Қордың 2021 жылға арналған жылдық есебі, Қордың Стратегиясын іске асыру жөніндегі есептер, Қордың Даму жоспарлары (түзету) және тағы басқалары алдын ала мақұлданды.

## Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті

Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті қаржы-шаруашылық қызметті (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығын және дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша ұсынымдар әзірлеумен, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын мониторингілеумен, сыртқы және ішкі аудит пен комплаенс-бақылаушының тәуелсіздігін бақылаумен, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі құжаттардың сақталуын бақылау бойынша, Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттарын әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау үшін Қорда тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесін дамытумен және жұмыс істеумен, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдірумен және нығайтумен айналысады.

2022 жылы Комитеттің 9 күндізгі отырысы өткізілді, онда 49 мәселе қаралды, оның ішінде Ішкі аудит қызметінің тоқсандық есептері, Қордың тәуекелдері бойынша тоқсандық есептер, Қордың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі және басқа да мәселелер алдын ала мақұлданды.

# Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне кадр саясаты, тағайындау және сыйақылар жүйесі саласындағы Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді тереңдетіп пысықтау және мониторинг, сондай-ақ тұтастай және жеке-жеке Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін, Қор Басқармасының мүшелерін бағалау, Төрағаның және Басқарма мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы ұсынымдар дайындайды.

2022 жылы Комитеттің 11 күндізгі отырысы өткізілді, онда 21 мәселе қаралды, оның ішінде 2022 жылға арналған Қордың басшы қызметкерлері қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің карталары (функционалдық ПҚК), 2021 жылға арналған функционалдық ПҚК орындау және тағы басқалары қаралды.

Жалпы, Директорлар кеңесінің үш комитеті деңгейінде 90-нан астам мәселе қаралды, бұл ретте барлық мәселелердің жартысынан астамын Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті қарады.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – Бағалау) Директорлар кеңесі қызметінің негізгі салаларына кешенді талдау алу мақсатында жүргізіледі және:

- Қордың Директорлар кеңесі қызметінің күшті және әлсіз жақтарын (артықшылықтары мен кемшіліктерін) талдауға және айқындауға;
- Қордың жұмысына түзетулер енгізуге және Директорлар кеңесі қызметінің нысаналы бағыттарын түзетуге;
- Қордың Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы Қордың стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал ететінін айқындауға;
- Директорлар кеңесі төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысының тиімділігін айқындауға;
- Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының не Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес өз күштерімен;
- тәуелсіз консультанттарды, кәсіби қауымдастықтарды және корпоративтік рейтингтер беретін ұйымдарды тарта отырып;
- өзге де тәсілдермен Бағалауды жүргізе алады.

Қор Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесі мен комитеттер қызметінің тиімділігіне кешенді бағалау, ең үздік халықаралық практикаға сәйкес Директорлар қызметіне жеке бағалау жүргізеді.

Директорлар кеңесі Корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибелерінің ұсынымдарына сәйкес Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің 2022 жылғы қызметінің тиімділігіне өз күштерімен бағалау жүргізу және 2022 жылы жүргізілген бағалау нәтижелері туралы ақпаратты Қордың жалғыз акционеріне ұсыну туралы шешім қабылдады.
2023 жылғы наурызда Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген қосымшаларға сәйкес бағалауға қатысушылармен кешенді сауалнама жүргізілді.

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен бекітілген өзін-өзі бағалау нәтижелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің 2022 жылғы қызметі тиімді деп танылды.

Өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттердің орындалуына, бюджеттің орындалуына және Қор қызметінің тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізетінін, Жалғыз акционермен және Қор Басқармасымен тиімді өзара іс-қимыл жасайтынын көрсетті. Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы тәжірибені, құрамның әртүрлілігін, тәуелсіздікті және т.б. ескере отырып, Қор алдында тұрған міндеттер тұрғысында оңтайлы болып табылады, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі тиімді болып табылады, Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен тиімді өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді және т.б.

Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауының орташа нәтижесі 4 ең жоғары балдың 3,9 балын құрады. Директорлар кеңесінің бейінді комитеттерінің өзін-өзі бағалау нәтижелері орта есеппен 3,9 балды құрады, бұл 2021 жылғы бағалармен салыстырғанда оларға сәйкес келеді.

Сондай-ақ, өткізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мен Комитеттердің өкілеттіктерін нақты айқындау, Директорлар кеңесі төрағасының қызметі, Директорлар кеңесі мен Комитеттердің отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің ұйымдастырылуы мен белсенді қатысуы, тәуелсіз директорлардың тиімді қызметі мен белсенді ұстанымы сияқты күшті жақтарды атап өтті.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындайтынын, Қордың ағымдағы қызметін мұқият зерделейтінін және Қордың ұзақ мерзімді және тұрақты өсуіне мүдделі екендігін көрсетті.

Жалпы алғанда, Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысы оң бағаланады және тиімді деп танылады.

.

# Басқарма құрылымы

Басқарма құрамы

## Бурибаева Гаухар Асылбековна

1983 жылы туған, Басқарма Төрайымы ретінде сайланған күні 2019 жылғы 29 сәуір



Қор Басқармасын басқарады. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің қызметіне жалпы бақылауды, үйлестіруді және басшылықты жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, Басқарма Төрайымы көмекшісінің, Аппарат басшысының, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-бақылаушының, Корпоративтік хатшының қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады.

| | |
|---|---|
| 12.2003-12.2004 | GreenIntegratedLogisticsCo.LTD Оңтүстік Корей көлік компаниясындағы менеджер |
| 01.2005-09.2006 | ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржы мониторингі жөніндегі бөлімінің бас маманы |
| 09.2006-05.2009 | «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жобаларды кредиттеу департаментінің бас менеджері, Жобалау дирекциясының бас фронт-менеджері |
| 05.2009-10.2009 | «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері |
| 12.2009-03.2010 | «Альянс Банк» АҚ корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері |
| 03.2010-08.2011 | «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жобалық дирекциясы басшысының орынбасары |
| 08.2011- 02.2013 | «Көліктік логистиканы дамыту ұлттық орталығы» АҚ (қазіргі «ҚТЖ Express» АҚ) дамыту жөніндегі атқарушы директоры |
| 02.2013-08.2013 | «ҚТЖ ҰК» АҚ филиалы «Көліктік логистиканы дамыту орталығының» стратегия және талдамалық зерттеулер басқармасының бастығы |
| 08.2013-03.2017 | ҚР Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымының қаржы-экономикалық мәселелері жөніндегі вице-президенті |
| 03.2017-07.2017 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әкімшілік департаментінің директоры |
| 07.2017-06.2018 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры |
| 06.2018-04.2019 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары |
| 2019 жылдың сәуірінен бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымы. |



# 10.5. Басқарма

Басқарма Қордың Жарғысына сәйкес қалыптастырылған және Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүдделері үшін Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге есеп беретін Қордың алқалы атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қордың Жарғысында Қордың басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қор қызметінің кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде заңдарда және Қордың Жарғысында оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарма Төрайымының орынбасары

## Нургазиев Галым Нургазиевич

1972 жылы туған, Қор Басқармасы Төрайымының орынбасары ретінде сайланған күні 2017 жылғы 15 желтоқсан, 2022 жылғы 27 қыркүйекте еңбек шарты бұзылды.

Ақпараттық технологиялар департаментінің, Маркетинг департаментінің, Тәуекел-менеджменті департаментінің және аймақтық филиалдардың жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



| | |
|---|---|
| 02.1997-06.1997 | «Азия Бизнес» ЖШС атқарушы директоры |
| 06.1997-07.2000 | «Жетісу» ЖПО директорының орынбасары, бас директоры |
| 12.2000-01.2001 | «Даур Лимитед» ЖШС Президенті |
| 2001 жылдан бастап | «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас менеджері, коммерциялық директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының орынбасары, Басқарушы директоры, Департаментінің директоры. |
| 01.2014-10.2014 | ҚР Мұнай және газ министрлігі Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары |
| 10.2014-04.2016 | ҚР Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры |
| 04.2016-09.2017 | «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары |
| 09.2017-12.2017 | «Азия логистик» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы |
| 2017 жылдың желтоқсанынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары қызметін атқарады. |

Басқарма Төрайымының орынбасары

## Сарсекеев Фархат Кайнарович

1984 жылы туған, Қор Басқармасы Төрайымының орынбасары ретінде сайланған күні 2019 жылғы 04 мамыр

Мемлекеттік бағдарламалар бойынша Басқарушы директордың, Субсидиялау департаментінің, Кепілдік беру департаментінің, Бағдарламалық қаржыландыру департаментінің және Стратегиялық талдау және корпоративтік даму департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



| | |
|---|---|
| 2005-2006 | «Қазкоммерцбанк» АҚ Шағын және орта бизнесті кредиттеу басқармасының кредиттік менеджері |
| 2008-2009 | «Қазақстан Демир Банкі» АҚ Корпоративтік бизнес департаменті кредиттік менеджері |
| 2009-2010 | «АТФ Банк» АҚ (UniCredit Group) Restructuring and workout бас маманы |
| 2010-2012 | «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Активтерді қайта құрылымдау департаментінің бас фронт-менеджері |
| 2012-2015 | «Жинақ банкі» ЕБ АҚ Ұлттық компаниялармен және даму институттарымен жұмыс департаменті директорының орынбасары |
| 2015-2018 | «Жинақ банкі» ЕБ АҚ Қарағанды қаласындағы филиалы директорының корпоративтік бизнес жөніндегі орынбасары |
| 2018-05.2019 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры |
| 2019 жылдың мамыр айынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары қызметін атқарады. |

Басқарма Төрайымының орынбасары

## Ескаков Ербол Амангельдинович

1982 жылы туған, Қор Басқармасы Төрайымының орынбасары ретінде сайланған күні 2020 жылғы 6 наурыз

Бағдарламаларды әкімшілендіру және мониторингілеу жөніндегі басқарушы директордың, Мониторинг департаментінің, Кредиттік әкімшілендіру департаментінің, Проблемалық активтермен жұмыс департаментінің және Заң департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



| | |
|---|---|
| 2003-2006 | Ақмола облысының Ішкі істер департаментінде тергеуші |
| 2006-2011 | «АТФ Банк» АҚ Заң бөлімінің бас маманы, Алматы қаласы |
| 2011-2014 | «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ құқықтық сараптама басқармасының бастығы, Астана қаласы |
| 2014-2016 | ҚР Ұлттық Банкі Құқықтық қамтамасыз ету департаменті басқармасының бастығы |
| 2016-2017 | «АФ Ипотека» - ипотекалық ұйым АҚ Заң департаменті бас директорының орынбасары-директоры, Алматы қаласы |
| 2017-2020 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Проблемалық активтермен жұмыс департаментінің директоры |
| 2020 жылдың наурызынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары болып тағайындалды. |

Басқарма Төрайымының орынбасары

## Макажанов Бахытжан Нигмеджанович

1990 жылы туған, Қор Басқарма Төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні 2019 жылғы 07 қазан

Қазынашылық департаментінің, Қарыз алу және халықаралық ынтымақтастық департаментінің, Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің және Бизнес технологиялар департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



| | |
|---|---|
| 2012-2013 | «Қазгеология» АҚ Стратегия және корпоративтік даму департаментінің менеджері |
| 2014-2015 | «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі |
| 2015-2016 | «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ Болжау, мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры |
| 2016-2019 | «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі |
| 2019 жылдың қазан айынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары қызметін атқарады. |

Басқарма Төрайымының орынбасары

## Бапаев Мурат Миркурбанович

1981 жылы туған, Қор Басқармасы Төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні 2022 жылғы 15 шілде

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бойынша басқарушы директордың, Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл департаментінің, Тәуекел-менеджменті департаментінің, Ақпараттық технологиялар департаментінің, Маркетинг департаментінің, Әдістеме және жаңа өнімдер департаментінің, Аймақтық филиалдардың жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



| | |
|---|---|
| 2002-2003 | «Gallaher Kazakhstan» ЖШС сату бөлімінің өкілі |
| 2003-2004 | «Gallaher Kazakhstan» ЖШС көтерме сауда менеджері |
| 2004-2005 | «LG Electronics Almaty Kazakhstan» АҚ өңірлік супервайзері |
| 2005-2008 | «Milagro Foods» ЖШС өңірлік менеджері |
| 2007-2011 | «Generali Life» АҚ сақтандыру компаниясының Сату және маркетинг жөніндегі менеджері |
| 2012-2014 | «Отан» АЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы |
| 2014-2017 | «Кузей» ЖШҚ директоры |
| 2018-2019 | «Fintex» ЖШС директоры |
| 2019-2020 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры |
| 2020 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Маркетинг және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры |
| 2020-2021 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарушы директоры - Клиенттік сервис және өңірлік даму департаментінің директоры |
| 2021-2022 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарушы директоры - Қарыз алу және халықаралық қатынастар департаментінің директоры |
| 2022 жылдың шілдесінен бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары болып тағайындалды. |

Қор Басқармасының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларын, Қордың жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

2022 жыл ішінде Қор Басқармасының құрамы екі рет өзгерді:

- 2022 жылғы 15 шілдеде Басқарма Төрайымының орынбасары болып М.М. Бапаев тағайындалды
- 2022 жылғы 27 қыркүйекте Басқарма құрамынан Басқарма Төрайымының орынбасары Г.Н. Нургазиев шықты;

2022 жылғы 29 қыркүйекте Басқарманың сандық құрамы Басқарманың 5 (бес) мүшесі болып бекітілді.

## Басқарма қызметі туралы есеп

Қор Басқармасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы ережеде және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

Қор Басқармасы туралы ереже Қор Басқармасының қалыптасу және жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруды айқындайды.

**2022 жылғы 01 қаңтардан бастап 28 қыркүйекке дейін Қор Басқармасының құрамы Басқарманың 6 мүшесін қамтыды:**

| |
|---|
| Басқарма Төрайымы - Бурибаева Гаухар Асылбековна |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Нургазиев Галым Нургазиевич; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Ескаков Ербол Амангельдинович; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Сарсекеев Фархат Кайнарович; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Макажанов Бахытжан Нигмеджанович; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Бапаев Мурат Миркурбанович. |

**2022 жылғы 29 қыркүйектен бастап Қор Басқармасының құрамы Басқарманың 5 мүшесін қамтыды:**

| |
|---|
| Басқарма Төрайымы - Бурибаева Гаухар Асылбековна; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Ескаков Ербол Амангельдинович; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Сарсекеев Фархат Кайнарович; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Макажанов Бахытжан Нигмеджанович; |
| Басқарма Төрайымының орынбасары – Бапаев Мурат Миркурбанович. |

2022 жыл ішінде Қор Басқармасының 112 отырысы өткізілді, онда Қорды жедел басқару бойынша шешімдер қабылданды. Қаралған мәселелер саны – 747.

## 2022 жылы Басқарма қараған негізгі мәселелер.

Есепті кезеңде Қор Басқармасы операциялық қызметтің түрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдік беру және субсидиялау, серіктестерді қаржыландыру мәселелерін, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту, қаржылық бағдарламалар бойынша мәселелерді, орнықты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.

## Басқарма жанындағы Комитеттердің жұмысы

Кредиттік комитет, Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет және Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет өз қызметін Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма берген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын Қордың органдары болып табылады.

### Кредиттік комитет

Қордың ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыратын және кепілдік беру және субсидиялау мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын алқалы орган. 2022 жылы кепілдік беру мәселелері бойынша 33 отырыс өткізілді, онда 83 мәселе қаралды, сондай-ақ bpm 'online sales-те 3 083 өтінім қаралды, субсидиялау мәселелері бойынша 64 отырыс өткізілді, онда 930 мәселе қаралды, сондай-ақ bpm' online sales-те 10 136 өтінім қаралды.

### Қордың активтері мен пассивтерін басқару комитеті

активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі алқалы орган. 2022 жылы 27 отырыс өткізіліп, 41 мәселе қаралды.

## Проблемалық активтермен жұмыс комитеті

Қордың кредиттік, лизингтік, құжаттамалық (кепілдіктер шығару), инвестициялық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыру жөніндегі алқалы орган. 2022 жылы 35 отырыс өткізіліп, 171 мәселе қаралды.

Кадр саясаты жөніндегі комитет, Өзгерістерді басқару жөніндегі комитет және Бюджет комитеті Қор Басқармасы жанындағы өз қызметін Қор Басқармасы берген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы-кеңесші органдар болып табылады.

## Кадр саясаты жөніндегі комитет

кадр саясатын іске асыруды, еңбек мазмұны мен жағдайларына, жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды белгілейтін кәсіби стандарттарды әзірлеу мен енгізуді, кадр ресурстарын жоспарлаудың кешенді жүйесін дамытуды қамтамасыз ететін орган. 2022 жылы 59 отырыс өткізіліп, 696 мәселе қаралды.

## Өзгерістерді басқару комитеті

Қордың қолданыстағы/жаңа бизнес-процестерін жетілдіру, цифрландыру және оңтайландыру, сондай-ақ жаңа өнімдерді қарау, алдын ала бекіту жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын орган. 2022 жылы 46 отырыс өткізіліп, 108 мәселе қаралды.

## Бюджет комитеті

Қордың тиісті қаржы жылына арналған бюджеті жобасының көрсеткіштерін айқындау, Қордың қолданыстағы бюджетіне түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, Қор бюджетінің атқарылуын бағалау нәтижелерін қарау жөніндегі ұсыныстарды қамтамасыз ету және әзірлеу жөніндегі орган. 2022 жылы 63 отырыс өткізіліп, 177 мәселе қаралды.

Комитеттердің дербес құрамдары мен мүшелерінің саны Қор Басқармасының шешімімен айқындалады. Комитеттердің қызметіне басшылықты Комитеттердің Төрағалары жүзеге асырады. Комитеттердің құрамы Қордың Басқарма мүшелерін (2 (екеуден) аспайтын) қоса алғанда, өзге жұмыскерлерінің арасынан құрылады. Комитеттер Қор Басқармасының мүшесі болып табылатын Комитет Төрағасынан, Комитет Төрағасының орынбасарынан және кеңесшіні қоса алғанда, дауыс беру құқығына ие Комитеттің басқа да мүшелерінен тұрады.

Қор Басқармасы жанындағы Комитеттердің қызметі Қор Комитеттері туралы ережемен регламенттеледі.

# 10.6. Сыйақы саясаты

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Қордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауға байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстар өтелуі мүмкін.

Жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма Төрағасы (ол Қордың Директорлар кеңесіне мүше болған жағдайда) Қордың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

## Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақының мынадай түрлері белгіленуі мүмкін:

1. Директорлар кеңесіне мүшелігі үшін тіркелген жылдық сыйақы;
2. Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасы ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы;
3. Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы.

Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қор қызметінің ауқымы, даму стратегиясында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Қордың Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың ұқсас компанияларындағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу) назарға алынады.

2022 жылы Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорларға төленген сыйақы мөлшері 17 222 098 теңгені құрады.

### Қордың басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидалары сыйақы жүйесінің мынадай қағидаттарын көздейді:

1 сыйақының Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне жауап беретін мақсаттар мен міндеттерді орындаумен өзара байланысы;

2 сыйақы мөлшерін айқындау қағидаттарының қарапайымдылығы мен әділеттілігі;

3 сыйақы мөлшерінің Қор қызметінің нәтижелеріне және басшы жұмыскерлердің жеке нәтижелілігіне тәуелділігі.

Басшы жұмыскерлердің қызметін бағалау үшін жұмыста жоғарыда аталған қағидаттарды қолдануды барынша қамтамасыз ететін және мақсаттарды жоспарлау мен қоюдың тиімді процесі, Қор Басқармасының әрбір мүшесінің нәтижелілігін дербес сенімді және әділ бағалау арқылы Қордың қаржы-өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін қызмет тиімділігінің түйінді көрсеткіштері жүйесі қолданылады. Бұл факторлар басшы жұмыскерлердің корпоративтік және жеке ПКҚ-ке қол жеткізу дәрежесін едәуір арттырады.

2022 жылы Қор Басқармасының мүшелеріне төленген жылдық сыйақы мөлшері 54 679 341 теңгені құрады.

## 10.7. Еншілес компаниялар

2023 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталына қатысу үлесі бар компаниялар жоқ.

## 10.8. Ірі мәмілелер және мүдделілік бар мәмілелер туралы ақпарат

2022 жылы Қор ірі мәмілелер жасамады.
2022 жылы жасалған Қордың мүдделілігі бар мәмілелер туралы ақпарат №4 қосымшада көрсетілген.

.

## 10.9. Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Қордың қызметіне ішкі аудитті және бақылауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді, оның миссиясы Қордың Директорлар кеңесіне және Қордың Басқармасына Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі олардың міндеттерін орындауда қажетті жәрдем көрсету болып табылады.

ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

Қордың Директорлар кеңесінің 06.12.2021 жылғы № 09/2021 хаттамадағы шешімімен бекітілген 2022 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарға (бұдан әрі – ЖАЖ) сәйкес 12 аудиторлық тапсырма мен кеңес беру, уақтылы, толық көлемде және белгіленген ЖАЖ мерзімде орындалған әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін мониторингтеу, «Даму» КДҚ» АҚ Даму стратегиясының іске асырылуын бақылау және мониторингтеу процесін тексеру, соның ішінде Қор Басқармасы мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндерінің дұрыстығына аудит, кепілдік беру бөлігінде «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аудиті, ішкі бақылау жүйесінің аудиті, Алматы қаласы, Қызылорда, Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары бойынша аймақтық филиалдардың аудиті, ілесіп жүру бөлігінде Ішкі аудит қызметінің жұмысын тәуелсіз бағалау жүргізілді.

2022 жылғы ІАҚ қызметінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді төмендетуге, ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған 68 ұсыным берілді. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ішкі аудиттің 13 ұсынымы және сыртқы аудиттің 23 ұсынымы орындалуда. Барлық берілген ұсынымдар бойынша аудит объектілері Қор Басқармасы мен Қордың Директорлар кеңесі бекіткен түзету және/немесе ескерту іс-әрекеттерінің жоспарларын әзірледі.

Тоқсан сайынғы негізде ІАҚ және сыртқы аудиторлар ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері туралы ақпарат Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетке және Қордың Директорлар кеңесіне беріледі.

28.04.2022 жылдан бастап 20.08.2022 жылға дейінгі кезеңде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ІАҚ және еншілес ұйымдардың ішкі аудит қызметтерінің қызметіне «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тәуелсіз консультантын тартумен сыртқы бағалау жүргізілді.

**Сыртқы бағалау нәтижелері бойынша Қордың ІАҚ қызметі ішкі аудит анықтамасына және Ішкі аудиторлар институтының Әдеп кодексіне сәйкес Стандарттың талаптарына сәйкестігі 96%-ды құрады:**

1. ішкі аудитті ұйымдастыру - 92% (Қордың ІАҚ қызметінің ішкі аудит функцияларын реттеу бөлігінде Стандарттар талаптарына сәйкестігін, тиісті құжаттар мен рәсімдердің сапасы мен толықтығын бағалау);
2. ішкі аудитті басқару - 98% (Қордың ІАҚ қызметінің аудитті басқару тиімділігі, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және бақылау процестерін жетілдіруге ІАҚ үлесі бөлігінде Стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау;
3. персонал - 100% (Қордың ІАҚ қызметінің кәсіби мамандық және жұмысқа кәсіби көзқарас бөлігіндегі Стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау);
4. ішкі аудит процестері - 97% (жоспарлау сатысынан бастап берілген ұсынымдардың мониторингіне дейінгі аудиторлық тексерулер жүргізу процестерінің тиімділігі бөлігінде Қор ІАҚ қызметінің Стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау).

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қызметтің бекітілген түйінді көрсеткіштері негізінде өз қызметінің тиімділігін тұрақты ішкі бағалауды қамтамасыз етеді.

ІАҚ жұмыскерлері ішкі аудит стандарттарының талаптарына сәйкес біліктілікті арттыру мақсатында тренингтер мен семинарлардан өтті.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 ақпандағы № 01/2022 хаттамадағы шешімімен бекітілген 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге арналған ІАҚ қызметін дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, біліктілікті арттыру бойынша тренингтер мен семинарлар өткізілді және әрбір аудиторлық тексерудің нәтижелері, және іс-шаралар жоспарлары тоқсан сайынғы есептер шеңберінде Басқарманың, Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттің және Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылды.

## 10.10. Сыртқы аудит

Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру және растау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Қор конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады. Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен айқындау Қордың Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.

2022 жылғы қаржылық есептілік аудитін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізді. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-не 2022 жылға қаржылық есептілік аудиті бойынша қызмет көрсеткені үшін төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен қоса 58 800 мың теңгені құрады.

«Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС 2022 жылы жекелеген қызметтер көрсеткен жоқ. Қаржылық есептілікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданбады.

## 10.11. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Орнықты даму саласында табысты және тиімді саясат жүргізу үшін Қорда мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға тиісті назар аударылады. Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қордың мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Қордың стейкхолдерлер картасы әзірленді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және басқалар болып табылады.

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың негізгі салалары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл.

Ықпал етудің маңыздылық дәрежесі x/y екі шкала бойынша бағаланады, мұнда:
x = -5 : + 5, 1-қадаммен (немесе одан да ұсақ) Қордың стейкхолдерімен қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесін сипаттайды (-5 - қарсы іс-қимылдың ақырғы дәрежесі, + 5 - қолдаудың жоғары дәрежесі),

y = 0 : 5 1-қадаммен (немесе одан да ұсақ) стейкхолдердің Қорға әсер ету дәрежесін сипаттайды (Стейкхолдерлер картасы Қордың ашық құжаты болып табылады және Қор кез келген мүдделі тұлғалар арасында еркін таратады).

## Стейкхолдерлердің картасы және Қордың мүдделеріне ықпал ету дәрежесі




**1**
- Бұқаралық ақпарат құралдары
- Бәсекелестер
- Халық
- Қоғамдық ұйымдар

**2**
- Мемлекеттік органдар
- Клиенттер, тұтынушылар
- Жеткізушілер
- Инвесторлар
- Серіктестер
- Аудиторлар
- Консалтингтік ұйымдар
- Қаржы институттары

**3**
- Жалғыз акционер
- Басқару органы
- Менеджмент
- Персонал

## Қордың мүдделеріне ықпал ету аясы




ы□палды□ жо□ары д□режесі

ы□пал етуді□ т□мен д□режесі

* жо□ары □ызы□ушылы□ д□режесі

| | |
|---|---|
| Стратегиялық даму | мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын қабылдау. Қордың стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Қорды дамытудың ұзақ мерзімді басымдықтарын, стратегиялық бағыттарын айқындау |
| Операциялық қызмет | Қордағы тұрақты, стандартты процестерді басқару жөніндегі тұрақты күнделікті қызмет |
| Нормативтік реттеу | Қор қызметінің қандай да бір тараптарын тікелей немесе жанама реттейтін нормативтік актілерді қабылдау |
| Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару сапасы | Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару бойынша қызметтер көрсетуде Қор персоналы мен менеджментінің құзыреттілік және тиімділік дәрежесі |
| Операциялық нәтижелер | Қордың операциялық қызметі тиімділігінің сандық көрсеткіштері |
| Бедел | Сапалар, қадір-қасиеттер және кемшіліктер туралы қалыптасқан қоғамдық пікір |

# 11. Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әділ құн бойынша қаржы құралдарын бастапқы тануға және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға түзетумен тарихи құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалды.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары Қордың интернет-ресурсында орналастырылған 2022 жылғы Аудиттелген қаржылық есептілікте берілген.

## Қаржылық жағдай туралы есеп

| (мың қазақстандық теңгемен) | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Активтер** | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 182,037,345 | 76,882,383 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 214,943,399 | 239,303,960 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек | 183,681 | 77,899 |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 2,600,024 | 252,248 |
| Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар | 19,329,708 | 47,001,624 |
| Негізгі құралдар | 2,324,753 | 2,121,829 |
| Материалдық емес активтер | 324,883 | 267,623 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу | 633,394 | 3,357,383 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | - | 3,132,896 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | 39,262 | 153,173 |
| Өзге активтер | 5,064,529 | 4,975,966 |
| **Активтер жиыны** | **427,480,978** | **377,526,984** |

| (мың қазақстандық теңгемен) | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Активтер** | | |
| Қарыз қаражаты | 167,974,375 | 169,302,529 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 1,244,178 | 1,244,178 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 4,913,288 | 7,792,965 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 1,835,530 | - |
| Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер | 75,349,867 | 56,861,826 |
| Өзге міндеттемелер | 1,174,872 | 976,702 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **252,492,110** | **236,178,200** |
| **Капитал** | | |
| Акционерлік капитал | 102,920,273 | 102,920,273 |
| Қосымша төленген капитал | 10,735,627 | 10,735,627 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры | (771,353) | 26,956 |
| Өзге де резервтер | 316,430 | 316,430 |
| Бөлінбеген пайда | 61,787,891 | 27,349,498 |
| **Капитал жиыны** | **174,988,868** | **141,348,784** |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | **427,480,978** | **377,526,984** |

# Пайда немесе залал және өзге жиынтық кірісте туралы есеп

| (мың қазақстандық теңгемен) | 2022г. | 2021г. |
|---|---|---|
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер | 35,526,551 | 25,416,244 |
| Басқа да ұқсас кірістер | 25,276 | 119,025 |
| Пайыздық шығыстар | (7,818,871) | (7,286,057) |
| **Таза пайыздық кірістер** | **27,732,956** | **18,249,212** |
| Клиенттердің кредиттері мен авансторы және қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін қалпына келтіру/(құру) | (4,191,497) | 1,418,073 |
| **Кредиттік портфельдің құнсыздануына резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер** | **23,541,459** | **19,667,285** |
| Таза комиссиялық кірістер | 24,853,961 | 17,479,186 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер | 32,793,975 | 6,544,684 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан болған шығыстарды шегергендегі кірістер | 12,497 | 75,345 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер | (105) | (167) |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер | 384,190 | 80,492 |
| Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал | (3,267,258) | (10,856,707) |
| Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануы | (936,400) | (12,412) |
| Өзге активтердің құнсыздануына резервке аударымдар | 66,660 | (86,753) |
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/(резервке аудару) | (6,388,865) | 3,377,843 |
| Таза өзге операциялық кірістер/(шығыстар) | 164,704 | 128,790 |
| Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар | (1,219,306) | (862,405) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (5,563,952) | (4,955,574) |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | **64,441,560** | **30,579,607** |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар | (12,481,494) | (5,548,645) |
| **Прибыль за год** | **51,960,066** | **25,030,962** |

# Жыл ішіндегі пайда

| Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар: | | |
|---|---|---|
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар: | (798,309) | (20,625) |
| **Жыл ішіндегі өзге де жиынтық залал** | **(798,309)** | **(20,625)** |
| **Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны** | **51,161,757** | **25,010,337** |

# Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

| (мың қазақстандық теңгемен) | Акционерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры | Өзге де резервтер | Бөлінбеген (залал) / пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **102,920,273** | **10,735,627** | **47,581** | **316,430** | **5,652,551** | **119,672,462** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 25,030,962 | 25,030,962 |
| Өзге де жиынтық залал | - | - | (20,625) | - | - | (20,625) |
| Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны | - | - | (20,625) | - | 25,030,962 | 25,010,337 |
| Жарияланған дивидендтер | - | - | - | - | (3,334,015) | (3,334,015) |
| **2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **102,920,273** | **10,735,627** | **26,956** | **316,430** | **27,349,498** | **141,348,784** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 51,960,066 | 51,960,066 |
| Өзге де жиынтық залал | - | - | (798,309) | - | - | (798,309) |
| Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны | - | - | (798,309) | - | 51,960,066 | 51,161,757 |
| Жарияланған дивидендтер | - | - | - | - | (17,521,673) | (17,521,673) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **102,920,273** | **10,735,627** | **(771,353)** | **316,430** | **61,787,891** | **174,988,868** |

# Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

| (мың қазақстандық теңгемен) | 2022г. | 2021г. |
|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты:** | | |
| Алынған пайыздар | 27,582,539 | 16,888,252 |
| Төленген пайыздар | (1,527,789) | (1,410,972) |
| Алынған комиссиялар | 36,748,547 | 40,834,291 |
| Төленген комиссиялар | (133,820) | (90,516) |
| Өзге операциялық қызметтен түскен түсімдер | 147,552 | 126,269 |
| Еңбекке ақы төлеу бойынша төленген шығындар | (2,858,295) | (2,433,556) |
| Төленген жалпы және әкімшілік шығыстар | (3,344,077) | (2,812,941) |
| Төленген пайдаға салынатын салық | (3,003,272) | - |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты** | **53,611,385** | **51,100,827** |
| **Таза (өсім)/төмендеу:** | | |
| қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша | 45,530,608 | (8,393,327) |
| клиенттерге кредиттер мен аванстар бойынша | 6,096,677 | 32,148 |
| өзге де қаржы активтері бойынша | (4,372,601) | (2,268,440) |
| өзге активтер бойынша | 48,876 | 41,753 |
| **Таза өсім/(төмендеу):** | | |
| өзге де қаржылық міндеттемелер (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер) | 1,308,823 | (14,062,078) |
| өзге де міндеттемелер бойынша | (91,633) | 13,605 |
| **Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты** | **102,132,135** | **26,464,488** |

| (мың қазақстандық теңгемен) | 2022г. | 2021г. |
|---|---|---|
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты** | | |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу | (18,880,610) | (94,771,385) |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер | 47,182,629 | 72,589,544 |
| Негізгі құралдарды сатып алу | (146,073) | (71,365) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | (123,472) | (96,438) |
| Сату үшін активтерді сатудан түскен түсімдер | 249,585 | 489,672 |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты** | **28,282,059** | **(21,799,972)** |
| **Қаржы қызметінен түскен ақша қаражаты** | | |
| Қарыз қаражатын алу | 4,366,600 | 1,130,000 |
| Қарыз қаражатын өтеу | (11,987,102) | (13,491,612) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсімдер | - | 1,000,000 |
| Ұзақ мерзімді жалға беруді өтеу | (184,340) | (166,052) |
| Акционерлерден капиталға жарналар | - | - |
| Төленген дивидендтер | (17,521,673) | (3,334,015) |
| **Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша қаражаты** | **(25,326,515)** | **(14,861,679)** |
| Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері | (1,209) | (449) |
| Құнсыздануға резерв өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері | 68,492 | (71,271) |
| **Ақша қаражатының және олардың баламаларының (таза төмендеуі)/таза өсімі** | **105,154,962** | **(10,268,883)** |
| Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары | 76,882,383 | 87,151,266 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары** | **182,037,345** | **76,882,383** |

# Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Егер Тараптар ортақ бақылауда болса немесе олардың біреуі екіншісін бақылау мүмкіндігіне ие болса немесе екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде елеулі ықпал етуі мүмкін болса, олар байланысты деп есептеледі. Барлық байланысты тараптармен өзара қарым-қатынастарды қарау кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, осындай өзара қарым-қатынастардың экономикалық мазмұны назарға алынады.

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

| (мың қазақстандық теңгемен) | Жалғыз Акционер | Жалпы бақылаудағы компаниялар | Өзге де байланысты тараптар |
|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және олардың баламалары (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | 845,294 | 52,589,572 |
| Банктердегі қаражат (шарттық пайыздық мөлшерлеме:10%) | - | 45,050,839 | - |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар (шарттық пайыздық мөлшерлеме: (4.93% -7.68%) | - | - | 74,139 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | - | 12,892,499 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек | - | - | - |
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу (Пайыздық мөлшерлеме: 15%) | - | - | 633,394 |
| Кейінге қалдырылған салық активі (пайыздық мөлшерлеме: 20%) | - | - | - |
| Өзге қаржы активтері (пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | 46,172 | - |
| Өзге активтерҚарыз қаражаты | - | - | 177,662 |
| (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0.1% - 5.5%) | 102,446,602 | - | 65,527,773 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | - | - | 175,714 |
| (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | - | 1,835,530 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | | | |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | - | 59,930 | - |
| Өзге міндеттемелер | - | 15 | 145,288 |

# Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Төменде 2022 жылғы байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

| (мың қазақстандық теңгемен) | Жалғыз Акционер | Жалпы бақылаудағы компаниялар | Өзге де байланысты тараптар |
|---|---|---|---|
| Пайыздық кірістер | - | 1,657,534 | 1,894,534 |
| Пайыздық шығыстар | (6,582,136) | (7,760) | (1,069,717) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар | - | - | 12,497 |
| Таза комиссиялық кірістер | - | - | 625,600 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер/(кірістерді шегергендегі шығыстар) | - | - | 379,876 |
| Әкімшілік және өзге операциялық шығыстар | - | (53,869) | (135,858) |
| Басқа да операциялық кірістер | - | - | - |
| Кредиттік портфельдің құнсыздануына арналған резерв | - | (4,832,360) | - |
| Ақша қаражатының құнсыздануына арналған резерв | - | (188) | - |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар | - | - | (12,481,494) |
| Басқа да кірістер/шығыстар | - | 546 | 2,677 |



№1 қосымша

# Есеп туралы

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) 2022 жылға арналған жылдық есепті (бұдан әрі – Есеп) дайындады.

Осы Есепте Қор барлық мүдделі тараптарға 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі қызмет нәтижелері мен жетістіктеріне толық шолу береді.

Осы Есепте көрсетілген 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 2022 жылғы қаржылық есептілігін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторы растады.

Есеп Қордың корпоративтік сайтында (damu.kz) электрондық нұсқаны орналастыра отырып, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалды.

Ағымдағы Есеп сыртқы куәландырудан өтпеді. Есептілікті ұсыну циклы – жыл сайын.

# Есептің мазмұнын анықтау

Есептің құрылымы Қор туралы ақпарат, қызметтің негізгі бағыттары мен қаржылық нәтижелер, Қазақстандағы ШОК-ті дамыту перспективалары, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, орнықты даму саласындағы басқару салалары бойынша Қор қызметінің сипаттамасын қамтиды.

Мүдделі тараптарға маңыздылығын анықтау үшін 30-ға жуық маңызды тақырыптарды қамтитын сауалнама жіберілді. Сауалнамада ұсынылған барлық тақырыптар экономикалық, экологиялық және әлеуметтік болып үш топқа бөлінген. Олардың пікірінше, ең маңызды тақырыптарды таңдау мақсатында ішкі және сыртқы тараптарға сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша жиынтық бағалар Маңыздылық матрицасына енгізілді. Матрицаның оң жақ жоғарғы бұрышына енген тақырыптар неғұрлым маңызды деп танылды және осы Есепте көрініс тапты.

# Маңыздылық матрицасы




### Қоғам

15 Жұмыспен қамту
16 Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы
17 Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік
18 Оқыту және білім беру
19 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
20 Кемсітушілікке жол бермеу
21 Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу бостандығы
22 Балалар еңбегі
23 Мәжбүрлі және міндетті еңбек
24 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы
25 Байырғы және саны аз халықтардың құқықтары
26 Адам құқықтарының сақталуын бағалау
27 Жергілікті қауымдастықтар
28 Жеткізушілердің қоғамға әсерін бағалау
29 Мемлекеттік саясат
30 Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі
31 Өнімдер мен қызметтерді таңбалау
32 Тұтынушының жеке өміріне қол сұғылмаушылық
33 Талаптарға сәйкестігі

### Картаны ашып көрсету

### Экономика

1 Экономикалық нәтижелілік
2 Нарықтарға қатысу
3 Тікелей емес экономикалық әсерлер
4 Сатып алу практикалары
5 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
6 Бәсекелестікке кедергі жасау

### Экология

7 Материалдар
8 Энергия
9 Су
10 Биоәртүрлілік
11 Шығарындылар
12 Төгінділер мен қалдықтар
13 Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі
14 Жеткізушілерді экологиялық бағалау

(елеулі деп танылған тақырыптар көк түспен ерекшеленді)



№ 2 қосымша

# GRI көрсеткіштер кестесі

## GRI 101: Негіздер
## GRI 102: Жалпы ақпарат
## Ұйым бейіні

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/Түсініктемелер |
|---|---|---|---|
| 102-1 | Ұйымның атауы | Қор туралы, 9-бет | |
| 102-2 | Қызмет бағыттары | Қызметтің негізгі бағыттары, 1 7-26-беттер | |
| 102-3 | Бас кеңсенің орналасқан жері | Мекенжайлар мен байланыстар, 98-99-беттер | |
| 102-4 | Қызмет географиясы | Қызмет географиясы, 11-бет | |
| 102-5 | Меншік нысаны | Қордың тарихы, 10-бет | |
| 102-6 | Өткізу нарықтары | Қордың даму стратегиясы, 12-бет | Қордың даму стратегиясының толық мәтіні мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://damu.kz/o-fonde/o-nas/strategicheskie-napravleniya/ |
| 102-7 | Ұйымдастыру ауқымы | Қор туралы, 9-12-беттер Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 102-8 | Персонал туралы ақпарат | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 102-9 | Жеткізу тізбегі | Қызметтің негізгі бағыттары, 17-26-беттер | |

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/Түсініктемелер |
|---|---|---|---|
| 102-10 | Ұйым жұмысындағы елеулі өзгерістер | Негізгі оқиғалар, 7-8-беттер | Есепті жылы ұйым жұмысында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ |
| 102-11 | Сақтық қағидаттары | Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, 31-33-беттер<br>Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер<br>Экологиялық саясат, 40-бет | |
| 102-12 | Сыртқы бастамаларды қолдау | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 102-13 | Қауымдастықтарға мүшелік | - | Қор мынадай қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:<br>1) «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ;<br>2) «Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ;<br>3) «Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы» ЗТБ;<br>4) «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |

## Стратегия

| | | | |
|---|---|---|---|
| 102-14 | Менеджмент мәлімдемесі | Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-4-беттер<br>Басқарма Төрайымының үндеуі, 5-6-беттер | |

## Әдеп пен адалдық

| | | |
|---|---|---|
| 102-16 | Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары | Титул беті<br>Корпоративтік басқару, 41-62-беттер<br>Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер |

## Корпоративтік басқару

| | | |
|---|---|---|
| 102-18 | Басқару құрылымы | Корпоративтік басқару, 41-62-беттер |

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

| | | |
|---|---|---|
| 102-40 | Мүдделі тараптардың тізбесі | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, 62-65-беттер |
| 102-41 | Ұжымдық шарттар | - |
| 102-42 | Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, 62-65-беттер |
| 102-44 | Негізгі көтерілген тақырыптар мен қауіптер | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, 62-65-беттер |

## Есеп туралы мәліметтер

| | | |
|---|---|---|
| 102-45 | Біріктіру негізі | Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер, 66-70-беттер |
| 102-46 | Есеп мазмұнын және шекараларды анықтау | №1 қосымша, 71-72-беттер |
| 102-47 | Маңызды тақырыптар тізімі | №1 қосымша, 71-72-беттер |

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/Түсініктемелер |
|---|---|---|---|
| 102-48 | Өткен кезеңдердің деректерін қайта есептеу | Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер, 66-70-беттер | |
| 102-49 | Есеп мазмұнындағы өзгерістер | - | |
| 102-50 | Есеп беру кезеңі | №1 қосымша, 71-72 беттер | |
| 102-51 | Соңғы жарияланым күні | - | Шілде 2022 ж. |
| 102-52 | Есеп беру циклі | №1 қосымша, 71-72-беттер | |
| 102-53 | Есептің мазмұны бойынша сұрақтарға арналған байланыс ақпараты | Мекенжайлар мен байланыстар, 74-бет | Маржан Халмурзаева, стратегиялық талдау және корпоративтік даму департаментінің бас менеджері e-mail: M.Khalmurzayeva@fund.kz<br><br>Айжан Қабатаева, стратегиялық талдау және корпоративтік даму департаментінің директоры e-mail: Aizhan.Kabatayeva@fund.kz |
| 102-54 | GRI стандарттарына сәйкестік деңгейі | | Бұл есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған: ашу деңгейі – негізгі |
| 102-55 | GRI қамту индексі | №1 қосымша, 71-72-беттер | |
| 102-56 | Сыртқы куәландыру | №1 қосымша, 71-72-беттер | |

## GRI 103: Басқару тәсілдері

| | | |
|---|---|---|
| 103-1 | Маңыздылық және шекаралар | №1 қосымша, 71-72-беттер<br>Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, 62-65-беттер |
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 9-бет<br>Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-4-беттер<br>Басқарма Төрайымының үндеуі, 5-6-беттер<br>Қызмет нәтижелері, 27-28-беттер<br>Бизнес-модель, 9-бет |
| 103-3 | Менеджментті бағалау | Корпоративтік басқару, 41-62-беттер |

## Елеулі тақырыптар
## GRI 200: Экономикалық тақырыптар
## GRI 201: Экономикалық нәтижелілік

| | | |
|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 9-бет<br>Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-4-беттер<br>Басқарма Төрайымының үндеуі, 5-6-беттер<br>Қызмет нәтижелері, 27-28<br>Қызметтің негізгі бағыттары, 17-26-беттерҚор туралы, 9-бет |
| 201-1 | Экономикалық құндылықты генерациялау және бөлу | Қызметтің негізгі бағыттары, 17-26-беттер<br>Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер, 66-70-беттер |

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/Түсініктемелер |
|---|---|---|---|

## GRI 203: Тікелей емес экономикалық әсерлер

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 9-бет<br>Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-4-беттер<br>Басқарма Төрайымының үндеуі, 5-6-беттер<br>Бизнес-модель, 9-бет | |
| 203-1 | Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер | Ақпараттық технологияларды дамыту, 24-25-беттер<br>Халықаралық ынтымақтастық, 25-26-беттер | |
| 203-2 | Елеулі тікелей емес экономикалық әсерлер | – | |

## GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 9-бет<br>Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 205-2 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 205-3 | Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қор жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берілген жоқ |

## GRI 300: Экологиялық тақырыптар
## GRI 307: Экологиялық талаптарға сәйкестігі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 307-1 | Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны | Экологиялық саясат, 40-бет | Есепті жылы экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін айыппұлдар болған жоқ |

## GRI 400: Әлеуметтік тақырыптар
## GRI 401: Жұмыспен қамту

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 401-1 | Жаңадан қабылданған қызметкерлердің жалпы саны мен пайызы, сондай-ақ жас тобы, жынысы және өңірі бойынша бөліністегі кадрлардың тұрақтамауы | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |

## GRI 402: Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39 | |
| 402-1 | Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі, сондай-ақ оп ұжымдық келісімде айқындалған ба | – | |

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/Түсініктемелер |
|---|---|---|---|

## GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 403-2 | Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі, кәсіптік аурулардың деңгейі, жоғалған күндердің коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өңірлер мен жыныстар бойынша бөліністегі жұмыстармен байланысты өлім-жітімнің жалпы саны | – | |

## GRI 404: Оқыту және білім беру

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 404-1 | Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөле отырып, бір қызметкерге арналған оқу сағаттарының орташа жылдық саны | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 404-3 | Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөлуде мансаптың нәтижелілігі мен дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |

## GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 405-1 | Жынысы, жас топтары, азшылық топтарына қатыстылығы және басқа да әртүрлілік белгілері бойынша бөлінетін ұйымның басшы органдары мен персоналының негізгі санаттарының құрамы | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |

№ 3 қосымша

# «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын/ережелерін сақтау/сақтамау туралы 2022 жыл үшін есебі

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| 1 | Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты | Сақталады | Корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Қордың тиісті корпоративтік органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін айқын ажыратуды көздейді.<br><br>Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың қызметі, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өкілеттіктерді бөлу оңтайлы және толық көлемде көрсетілген және:<br><br>· «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен;<br>· Қордың Жалғыз акционерінің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма отырысының 13.10.2016 жылғы № 41/16 хаттамасы) бекітілген Қор Жарғысымен;<br>· Жалғыз акционердің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма отырысының 28.11.2018 жылғы № 53/18 хаттамасы) бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен; |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | · Директорлар кеңесінің 05.03.2014 жылғы № 49 шешімімен бекітілген, 09.07.2020 жылғы № 07/2020 өзгерістері мен толықтырулары ескерілген Қор Басқармасы туралы ережемен регламенттелген.<br><br>2022 жылы Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма Қор Жарғысында олардың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қарады және шешімдер қабылдады. |
| 2 | Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты | Сақталады | Қордағы корпоративтік басқару жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қордың тиімді қызметіне және оның қызметінің залалсыздығына қол жеткізуге ықпал етуге бағытталған.<br><br>Жалғыз акционердің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма отырысының 13.10.2016 жылғы № 41/16 хаттамасы) бекітілген Қор Жарғысының 34-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің:<br><br>· Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;<br>· дивидендтер алуға;<br>· Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;<br>· орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға; |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | • Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;<br>• «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу және Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға қайтаруы туралы және (немесе) қорытынды жасау ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;<br>• Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;<br>• Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;<br>• белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;<br>• Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;<br>• аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.<br><br>Жалғыз акционердің Жарғымен бекітілген құқықтарын Қор және Қордың уәкілетті органдары сақтайды.<br><br>**Жалғыз акционердің 2022 жылғы неғұрлым маңызды шешімдерінің қатарына:**<br><br>• Директорлар кеңесінің құрамын, сандық құрамын айқындау және Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау туралы;<br>• өткен 2021 қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілікті, таза табысты бөлу тәртібін бекіту туралы;<br>• Қордың 2021 жылғы қызметі туралы жылдық есепті бекіту туралы мәселелер жатады.<br><br>2021 жылдың маусым айынан бастап Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А.Б. Мухамеджанов болып табылады. |
| 3 | Директорлар кеңесі мен Басқарманы Қорды тиімді басқару қағидаты | Сақталады | Қордың Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген.<br><br>Есепті жылы Директорлар кеңесі Жарғымен Қордың Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қарады және қабылдады.<br><br>**2022 жылы Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды.** Жалғыз акционердің 19.01.2022 жылғы шешімімен (№ 02/22 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі А.А. Смаиловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, сондай-ақ Б.Т. Султанов Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. Акционердің 17.03.2022 жылғы № 14/22 шешіміне сәйкес |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | **Директорлар кеңесінің құрамы 7 (жеті) адам болып белгіленді, өкілеттік мерзімі – 05.04.2022 жылдан бастап 3 (үш) жыл болып белгіленді.** 26.04.2022 жылы (№ 19/22 хаттама) Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшесі Б.Т. Сұлтановтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады, **осыған байланысты Е.К. Жамаубаев Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.** Директорлар кеңесінің 03.05.2022 жылғы отырысында (№05/2022 хаттама) Е.К. Жамаубаев «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.<br><br>Жаңадан сайланған директорларға Қордың 2014-2023 жылдарға арналған қолданыстағы даму стратегиясын қоса алғанда, Қор қызметінің түйінді аспектілеріне қатысты ақпарат, негізгі ішкі нормативтік құжаттар (Жарғы, директорлар кеңесінің, комитеттердің, Басқарманың регламенттері және т.б.), Ішкі аудит қызметінің есептері және т.б. жіберілді.<br><br>Осылайша, 01.01.2023 жылы Қордың Директорлар кеңесі **7 директорды,** оның ішінде **3 тәуелсіз директорды** қамтыды:<br><br>1. Жамаубаев Ерулан Кенжебекович, Директорлар кеңесінің төрағасы;<br>2. Жаксылыков Тимур Мекешевич, Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>3. Мухамеджанов Адиль Бектасович, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі;<br>4. Баталов Раимбек Анварович, тәуелсіз директор;<br>5. Бахмутова Елена Леонидовна, тәуелсіз директор;<br>6. Нургалиева Асем Болатжановна, тәуелсіз директор;<br>7. Бурибаева Гаухар Асылбековна, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрайымы |



| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Тәуелсіз директорлардың үлесі **барлық құрамның 30%-ын құрайды, бұл корпоративтік басқарудың ең үздік қағидаттарына сәйкес келеді.**<br><br>Директорлар кеңесінің қызметі Директорлар кеңесін қалыптастыру тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің мәртебесін, құрамын, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын, Директорлар кеңесі қызметінің, отырыстарды шақыру және өткізу тәртібін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді белгілейтін Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі.<br><br>Белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары бекітіледі.<br><br>2022 жыл ішінде **Директорлар кеңесінің 12 отырысы,** оның ішінде 8 күндізгі, 4 сырттай отырысы өткізілді, оларда **74 мәселе** қаралды.<br><br>Тәуелсіз директорлардың қатысуымен бейінді комитеттердің отырыстарын өткізу арқылы Жалғыз акционердің Қормен тұрақты диалогы қолдау табады.<br><br>2022 жылы Директорлар кеңесі жанында **3 комитет** жұмыс істеді:<br><br>1. Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет.<br>2. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет.<br>3. Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Комитеттердің қызметі 2021 жылғы 26 тамызда Директорлар кеңесі бекіткен Комитеттер туралы тиісті ережелермен регламенттелген. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес **Комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.**<br><br>Директорлар кеңесі комитеттердің хатшысы болып корпоративтік хатшы табылады. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды уақтылы жіберуді, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.<br><br>**2022 жыл ішінде:**<br><br>• Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитетінің **8 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **22 мәселе** қаралды.<br>• Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетінің **9 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **49 мәселе** қаралды.<br>• Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің **11 күндізгі отырысы** өткізілді, оларды **21 мәселе** қаралды.<br><br>2022 жылы комитеттердің отырыстары негізінен **онлайн отырыстар форматында** өткізілді. |



| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақылар төлеу тәртібі Тәуелсіз директорлардың шығыстарын іріктеу, сыйақылар төлеу және өтеу қағидаларына сәйкес айқындалады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу туралы ақпарат Қордың жылдық есебінде ашылады.<br><br>Алайда, Корпоративтік басқару кодексінің («Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы» № 2 параграф) № 50 ережесінің Қорды табысты басқару үшін талап етілетін осындай деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту және ынталандыру үшін жеткілікті сыйақы мөлшерін белгілеу бөлігінде «ішінара сақталуы» атап өтіледі.<br><br>Қордың Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес **алқалы атқарушы орган – Қор Басқармасы** құрылды және жұмыс істейді, ол мынадай сандық құрамда бекітілген (31.12.2022 жылғы жағдай бойынша):<br><br>1. Г.А. Бурибаева - Басқарма Төрайымы;<br>2. Е.А.Ескаков - Басқарма Төрайымының орынбасары;<br>3. Б.М. Макажанов – Басқарма Төрайымының орынбасары;<br>4. М.М. Бапаев – Басқарма Төрайымының орынбасары;<br>5. Ф.К. Сарсекеев – Басқарма Төрайымының орынбасары.<br><br>Басқарма төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке мінездемеге ие, мінсіз іскерлік беделге ие және жоғары этикалық стандарттарды ұстанады. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | **2022 жыл ішінде** Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың атқарушы органының қызметіне қатысты мынадай шешімдер енгізілді:<br><br>1. Басқарма Төрайымының орынбасары Г.Н.Нургазиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.<br>2. М.М. Бапаев «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары – Басқарма мүшесі қызметіне «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін сайланды.<br><br>2022 жылы Басқарма **бизнес-процестің цифрлық режимінде тұрақты негізде** отырыстар өткізді. 2022 жыл ішінде Қор Басқармасының **112 отырысы** өткізілді, онда Қорды жедел басқару бойынша шешімдер қабылданды. Қаралған мәселелер саны – **747.**<br><br>Есепті кезеңде Қор Басқармасы операциялық қызметтің түрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдік беру және субсидиялау, серіктестерді қаржыландыру мәселелерін, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту, қаржылық бағдарламалар бойынша мәселелерді, орнықты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.<br><br>Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қарауына және стратегиялық сессияларға шығарылатын барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарайды және тек қана **күндізгі отырыстар форматында** мақұлдайды. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| 4 | Орны□ты даму □а□идаты | Са□талады | Директорлар кеңесінің шешімімен (17.04.2019 жылғы № 03/2019 хаттама) Қордың Орнықты даму саласындағы саясаты бекітілді. Саясаттың мақсаты орнықты даму саласында басқару жүйесін құруда Қор ұстануға тиіс негіз қалаушы нормаларды, қағидаттарды, қағидаттар мен тәсілдерді айқындау болып табылады. Саясат талаптарына сәйкес:<br><br>1. Басқарма Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын бекітеді және жыл сайынғы негізде Жоспар іс-шараларының орындалуы жөніндегі есепті қалыптастырады;<br>2. Қордың құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.<br><br>**Орнықты даму жөніндегі іс-шаралар** Қордың 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру бойынша **2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілді.**<br><br>Директорлар кеңесінің 14.07.2022 жылғы шешімімен (№ 07/2022 хаттама) 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді, оның ішінде **орнықты даму жөніндегі бөлім енгізілді.**<br><br>Қор қызметіне орнықты даму қағидаттарын енгізу мақсатында Қор Басқармасының 14.12.2021 жылғы шешімімен (№ 100/2021 хаттама) Қорды орнықты дамыту жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Сонымен қатар, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ 2022-2023 жылдарға арналған орнықты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітуге байланысты («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 07.09.2022 жылғы № 37/22 шешімі) Қор Басқармасының 23.12.2022 жылғы шешімімен (№ 110/2022 хаттама) Қордың орнықты дамуы саласындағы 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына **өзгерістер мен толықтырулар бекітілген.**<br><br>Бұдан басқа, орнықты даму саясатының қағидаттарын іске асыру тиімділігінің мониторингі мақсатында 2019 жылдан бастап Қор Басқармасы **жыл сайын орнықты даму саласындағы ПҚК бекітеді.** Қор Басқармасының 21.12.2021 жылғы шешімімен (№ 102/2021 хаттама) 2022 жылға арналған орнықты даму саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндері бекітілді.<br><br>2022 жылға арналған Қорды орнықты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы және 2022 жылға арналған орнықты даму саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндерінің орындалуы туралы есептер Басқарманың 24.01.2023 жылғы шешімімен бекітілген (№ 06/2023 хаттама).<br><br>Орнықты даму саясатын «Даму» қоры 2019 жылы бекіткеніне қарамастан, **2022 жылдың қорытындысы бойынша** Қор қызметінде бірқатар оң өзгерістер байқалды. Мысалы: |



| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | • 2022 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда 41 600 Квт-қа төмендеді. 2022 жылы тапсырылған қайталама шикізаттың жалпы салмағы 85 кг құрады.<br>• Қордың бизнес-процестерін цифрландыру деңгейі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 100%-ға жетті.<br>• «Visus5life» қайырымдылық және қорына 5 000 000 теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетілді, аталған сомаға Қор хирургиялық араласуға мұқтаж науқасқа операция жасады.<br><br>Сонымен қатар, 2021 жылы жүргізілген корпоративтік басқару жүйесін сыртқы бағалау нәтижелеріне сәйкес «Орнықты дамуды басқару жүйесінің» сәйкестік пайызы 66.7%-ды құрады, сәйкесінше осы тармақ бойынша «Ішінара сақтау» белгіленді. Бұл ретте Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 ақпандағы шешімімен (№ 01/2022 хаттама) 2022-2024 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 07/2023 хаттама) бекітілген, 2022 жылғы екінші жартыжылдықта Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 01/2023 хаттама) бекітілген. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| 5 | Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты | Сақталады | Қорда стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттер (ұйымдастырушылық саясаттар, рәсімдер, әдістер, тетіктер, мінез-құлық нормалары және т.б.) жиынтығын білдіретін **тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері** жұмыс істейді.<br><br>Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін нормативтік реттеу тәуекелдерді басқару процесінің құрылуы мен жұмыс істеуін реттейтін ішкі актілердің жиынтығының болуымен қамтамасыз етіледі.<br><br>**Жыл сайынғы негізде** Қордың стратегиялық және операциялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу қабілетіне сыни әсері бар тәуекелдер тіркелімі мен картасын өзектендіру жүргізіледі.<br><br>Ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.<br><br>Қор тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.<br><br>**2022 жылы** Жалғыз акционерге, Директорлар кеңесіне және Қордың Басқармасына **есептер берілді:**<br><br>• екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарына лимиттердің сақталуы бойынша есеп;<br>• қаражатты игеру құрылымы, теңгерімі, ГЭП-талдауы, Қордың валюталық позициясы туралы ай сайынғы есеп; |
| | | | • кредиттік, қаржылық, операциялық және стратегиялық тәуекелдерді қамтитын 16-қосымшадан тұратын тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп (жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде берілген).<br>• операциялық тәуекелдердің барлық тізбесін және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын 2023 жылға арналған Тәуекелдер картасын, Тәуекелдер тіркелімін және Түйінді индикаторлар панелін Директорлар кеңесі бекітті.<br>• Қордың контрагент банктерінің қаржылық жай-күйінің жартыжылдық мониторингі.<br><br>Жоғарыда баяндалған есептер шеңберінде тәуекелдер портфелін талдау және ден қою және ресурстарды бөлу стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару процесін жедел бақылау, ІНҚ талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингі жүзеге асырылды.<br><br>Директорлар кеңесі мынадай ішкі құжаттарды бекітті:<br><br>• Директорлар кеңесінің 04.09.2015 жылғы шешімімен (№ 64 хаттама) бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты;<br>• «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы саясат;<br>• Қаржылық тәуекелдерді басқару ережесі және т.б. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаттары тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті тұрақты жетілдіру болып табылады.<br><br>Тәуекелдерді басқару саясаты мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталған:<br><br>• тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қатысушылардың тәуекелдерді бірыңғай түсінуін қамтамасыз ету;<br>• қабылданатын тәуекел деңгейін ескере отырып, стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз ету;<br>• қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға және мониторингке негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;<br>• бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына жәрдемдесу;<br>• шешімдер қабылдау және жоспарлау процесі үшін толыққанды база құру;<br>• активтерді басқару тиімділігін арттыру ; |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Меншікті капиталдың сақталуын қоса алғанда, қызметтің үздіксіздігі қағидатын қамтамасыз ету үшін қаржылық, операциялық және өзге де тәуекелдерді іске асыру салдарынан қаржылық ысыраптарды барынша азайту.<br><br>Тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдарды, уәкілетті органдарды, құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлерді тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.<br><br>**Ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаттары:**<br><br>• операциялық қызмет шеңберінде активтер мен пассивтерді басқарудың тиімділігін қоса алғанда, қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету, активтердің сақталуын қамтамасыз ету;<br>• қаржылық есептілікті дайындау шеңберінде: қаржылық, реттеушілік және өзге де есептіліктің толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз ету;<br>• нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау шеңберінде: Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ ішкі актілердің сақталуын қамтамасыз ету.<br><br>**Қорда** негізгі мақсаты рөлдер мен функцияларды нақты бөлу есебінен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі болып табылатын **үш қорғаныс желісінің моделі** қолданылады. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Әрбір желінің міндеттері мыналардан тұрады: тәуекелдерді жедел басқару бірінші желіде жүргізіледі; біріктірілген тәуекел мониторингі және екінші желіде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыру мәніне бірінші қорғау желісін бақылау және үшінші қорғау желілері үшін тәуекелдерді басқару жүйесі қызметіне тәуелсіз кепілдік беру. Егер қорғаудың әрбір желісі өз рөлін тиімді орындаса, өзінің стратегиялық мақсаттарына табысты жету ықтималдығы артады.<br><br>Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы қорғаудың екінші желісі шеңберінде тәуекелдерді басқаруды үйлестіруге және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде әдістемелік қолдауды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің болуын көздейді.<br><br>Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мақсатында қорғаудың екінші желісінің жұмыскерлері басқа бөлімшелермен, оның ішінде ішкі және сыртқы аудит өкілдерімен тиімді өзара іс-қимыл жасауы қажет.<br><br>Екінші қорғау желісінің құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлеріне функционалдық міндеттерін тиісінше орындау қажет болатын көлемде ақпарат пен құжаттамаға рұқсат беріледі.<br><br>Екінші қорғау желісінің құрылымдық бөлімшелері белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін кәсіби жұмыскерлерден тұрады. Жұмыс тәртібі, функционалдық міндеттері және өзге де талаптар қорғаудың екінші желісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне арналған |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетілген.<br><br>Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ басшы жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды өзге функциялармен біріктіру мүмкіндігін болдырмайды.<br><br>**Қорда Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.** ІАҚ сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі анықталды, ІАҚ басшысы мен жұмыскерлері тағайындалды. 2022 жылдың аяғында Ішкі аудит қызметінің құрамы **4 (төрт) бірлік** мөлшерінде айқындалды.<br><br>Ішкі аудит қызметі – ішкі аудитті жүзеге асыратын орган (ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздеріне сәйкес) – ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет.<br><br>Ішкі аудит қызметі тікелей Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне, Директорлар кеңесіне бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ міндеттері, функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның қызмет тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалған. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | **Ішкі аудит** тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, ұйымға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.<br><br>Ішкі аудиторлар тексеру жүргізген және аудиторлық есепті жасаған кезде Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының, Директорлар кеңесінің 25.07.2011 жылғы шешімімен бекітілген (23.02.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) Іскерлік әдеп кодексінің, ІАҚ туралы ереженің, Директорлар кеңесінің 03.10.2019 жылғы № 09/2019 шешімімен бекітілген (06.12.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалардың, Қордың ішкі нормативтік құжаттарының нормалары мен ережелері қолданылады.<br><br>2022 жылы Ішкі аудит қызметі өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырды. Аудиторлық есептердің нәтижелері, түйінді анықтамалар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Ішкі аудит қызметінің басшысы тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын назарға алады, сондай-ақ Басқармамен және Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетпен консультациялардан кейін қалыптастырылған тәуекелдер туралы өз пікірін қолданады.<br><br>**Сыртқы аудиторды таңдау** бекітілген регламенттерге сәйкес конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының (Жалғыз акционер) 15.12.2021 жылғы шешімімен (№ 67/21 хаттама) **«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС Қордың 2022-2023 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып айқындалды.**<br><br>Қордың 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және 2023 жылдың екінші тоқсанында Қордың Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын болады. |
| 6 | Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты | Сақталады | Қор және Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 17.04.2019 жылғы № 03/2019 шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік қақтығыстары мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты басшылыққа алады. Осы Саясаттың нормалары мен ережелерін сақтау корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысынан аулақ болуға/жол бермеуге мүмкіндік береді.<br><br>2022 жылы корпоративтік қақтығыстарға байланысты жағдайлар **анықталған жоқ.**<br><br>2022 жыл ішінде Комплаенс-бақылаушы Қор жұмыскерлеріне мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша консультациялар өткізді. Бұл ретте Қорда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары тіркелмеген. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, сондай-ақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Жарғысына енгізілген өзгерістерге сәйкес **2022 жылы бақылаушының комплаенс позициясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне айналды.**<br><br>Директорлар кеңесінің 17.06.2019 жылғы № 06/2019 шешімімен Қордың тәуелсіз Омбудсмені - Холдинг қызметінің жетекшісі тағайындалды, оның рөлі Қордың өзіне жүгінген жұмыскерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу, сондай-ақ Қор жұмыскерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауы болып табылады.<br><br>Қордың Директорлар Кеңесінің 14.07.2022 жылғы шешімімен (№ 07/2022 хаттама) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ **Омбудсмені** М.Д. Турганованың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Омбудсмен болып «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы аппаратының басшысы **Д.В. Акрачкова** 2 (екі) жыл өкілеттік мерзімімен **тағайындалды.**<br><br>Қорда Корпоративтік қақтығыстарды және лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығысын реттеу жөніндегі саясат жұмыс істейді, ол қақтығыстарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде органдардың, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің іс-қимылдарын регламенттейді. |



| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер мүдделерінің қақтығысын анықтау мақсатында ай сайынғы негізде үлестес тұлғалардың тізімі және тоқсан сайынғы негізде Қормен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімі жүргізіледі. |
| 7 | Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты | Сақталады | Қор корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпаратты, үлестес тұлғалардың тізімдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ листингтік қағидаларымен бекітілген талаптарға сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің (ҚЕД) интернет-ресурстарында ашуға жататын өзге де ақпаратты ашады.<br><br>Мүдделі тұлғалар тобына Қордың қызметі, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы ашу қамтамасыз етіледі. Ақпаратты ашудың үздік практикасына сәйкес Қор жыл сайынғы негізде Қызмет туралы жылдық есепті дайындайды. 2022 жылы Қордың 2021 жылғы қызметі туралы жылдық есеп шығарылды.<br><br>Ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында Қорда мынадай ішкі құжаттар қолданылады:<br><br>• Қор Басқармасының 31.05.2019 жылғы шешімімен (№ 77/2019 хаттама) бекітілген Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру регламенті. |

| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | • Қор Басқармасының 06.04.2018 жылғы шешімімен (№ 35/2018 хаттама) бекітілген Қордың жылдық есебінде ақпаратты дайындау және ашу шеңберіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл регламенті<br>• Қор Басқармасының 15.12.2017 ж. шешімімен (№ 099/2017 хаттама) бекітілген Қордың жасасуға мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу қағидалары.<br>• «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Astana International Exchange (AIX) регламенті.<br><br>Қор Ақпараттық қауіпсіздік саясатын сақтайды және басшылыққа алады. Саясат ақпаратты қорғау жөніндегі негізгі қағидаттарды, бағыттар мен талаптарды айқындайды, ақпараттық қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады, тиісті ережелерді, қағидаларды, нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде басшылық етеді.<br><br>Бұдан басқа, ақпаратты ашу мәселелері Басқарманың 17.03.2011 жылғы шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу туралы ережемен регламенттелген. Ереже ақпаратты ашудың ережелері мен тәсілдерін; ашуға жататын жалпыға бірдей қолжетімді құжаттардың, ақпараттардың (материалдардың) тізбесін; Жалғыз акционерге ашуға жататын құжаттардың, ақпараттардың (материалдардың) тізбесін; ақпаратты (материалдарды) және т.б. ашу тәсілдері мен мерзімдерін айқындайды.<br><br>Қордың **корпоративтік сайты** бар, онда қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін қоса алғанда, қызметтің барлық маңызды аспектілері туралы ақпарат ашылады. Сайттың контенті Қордың жаңа Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес барлық қажетті ақпаратты қамтиды. |



| № р/с | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|---|
| | | | Қордың қызметі туралы ақпаратты ашықтықтың ашықтығы мен объективтілігі қағидатын сақтау мақсатында корпоративтік сайтта қаржылық бағдарламалар мен құралдар (субсидиялау, кепілдік беру, Ұлттық Қордың қаражатын және «Даму» Қорының басқа да бағдарламаларын игеру шеңберінде ЕДБ арқылы қаржыландыру) сияқты, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары сияқты кеңейтілген талдамалық және шолу есептері-тұсаукесерлері мен қатысушылардың тізімдері тұрақты түрде орналастырылады. Есептер мен тұсаукесерлерден басқа, Қордың корпоративтік сайтында жария кездерде ашуға (орналастыруға) жататын құжаттар, материалдар мен ақпарат жарияланады.<br><br>Сонымен қатар, «Достык Эдвайзори» ЖШС Қордың корпоративтік басқару жүйесін сыртқы бағалау және Қорды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шараның тиісті жоспарын бекіту нәтижелері бойынша **Қордың Интернет-сайтында қажетті ақпаратты ашу бойынша қосымша шаралар** қабылданды. Атап айтқанда, Басқарманың 2022 жылғы 17 маусымдағы шешімімен (№ 53/2022 хаттама) Қордың интернет-ресурстары мен ресми аккаунттарында ақпаратты ұсыну және орналастыру бойынша Регламентке толықтырулар енгізілді, олардың шеңберінде ашуға қажетті ақпарат пен оны ашу кезеңділігі айқындалды. Қордың Интернет-сайтында ақпарат Жылдық есеп шеңберінде ашылады. Жылдық есептер корпоративтік сайтта мына сілтеме бойынша орналастырылады: https://damu.kz/o-fonde/otchetnost-fonda/godovye-otchety-fonda/ |

№ 4 қосымша

# Мүдделі мәмілелер бойынша ақпарат

| № | Шарт бойынша контрагенттің атауы | Шарттың мәні | Мәміле жасау туралы шешім қабылдаған Қордың уәкілетті органы шешімінің күні мен нөмірі | Қысқаша ақпарат, негіздеме және қорытындының мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Bereke Bank» АҚ (бұрын «Жинақ банкі» ЕБ АҚ) (172 мәміле) | Кепілдік шарты | ДК-нің 04.05.2022 ж. шешіміне сәйкес (№ 05/2022 хаттама) Ұлттық жоба, Қарапайым заттар экономикасы, АӨК кепілдік беру, Даму-Оптима шеңберіндегі үлгілік шарттар бекітілді | Кепілдік шартын жасасу |
| 2 | «Bereke Bank» АҚ (бұрын «Жинақ банкі» ЕБ АҚ) (3 мәміле) | «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде субсидиялау | ДК-нің 04.05.2022 ж. шешіміне сәйкес (№ 05/2022 хаттама) Ұлттық жоба, Қарапайым заттар экономикасы шеңберіндегі үлгілік шарттар бекітілді | Субсидиялау шартын жасасу |
| 3 | «Bereke Bank» АҚ (бұрын «Жинақ банкі» ЕБ АҚ) (66 мәміле) | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде субсидиялау | ДК-нің 04.05.2022 ж. шешіміне сәйкес (№ 05/2022 хаттама) Ұлттық жоба, Қарапайым заттар экономикасы шеңберіндегі үлгілік шарттар бекітілді | Субсидиялау шартын жасасу |
| 4 | «Bereke Bank» АҚ (бұрын «Жинақ банкі» ЕБ АҚ) (19 мәміле) | «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау | ДК-нің 04.05.2022 ж. шешіміне сәйкес (№ 05/2022 хаттама) Ұлттық жоба, Қарапайым заттар экономикасы шеңберіндегі үлгілік шарттар бекітілді | Субсидиялау шартын жасасу |
| 5 | «Bereke Bank» АҚ (бұрын «Жинақ банкі» ЕБ АҚ) (231 мәміле) | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау | ДК-нің 04.05.2022 ж. шешіміне сәйкес (№ 05/2022 хаттама) Ұлттық жоба, Қарапайым заттар экономикасы, АӨК кепілдік беру, Даму-Оптима шеңберіндегі үлгілік шарттар бекітілді | Кепілдік шартын жасасу |



№ 5 қосымша

# «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2022 жылы демеушілік көмекті пайдалану туралы есебі

| № | Смета бабы | Смета бойынша сома, теңгемен | Ұйымның атауы не жеке тұлғаның Т.А.Ә. | БСН не ЖСН | Шарт | Нақты жұмсалған шығыстардың сомасы, теңгемен | Шығыстардың мазмұны | Жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттың түрі, нөмірі және күні (төлем тапсырмалары, кіріс-кассалық ордерлер, шығыс-кассалық ордерлер, фискалдық чектер, төлем ведомостары, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісі, тауарларды, жұмыстарды/қызметтерді сатып алу-сату шарттары, бұйрықтар, жол жүру билеттері, отырғызу талондары, қонақ үй үшін шоттар, аванстық есептер; жалақы есептеу жөніндегі есеп айырысу ведомостары, Алушының қызмет көрсететін банкінен айналым ведомосі (валюталау күнінен бастап есеп беру күніне дейін) және басқа құжаттар – олар болған кезде) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1. Емдеу және операциядан кейінгі күтім** | | | | | | | | |
| 1 | Г.В. Полевой үшін алдыңғы қабатты терең кератопластика | 1 500 000 | Көз амбулаториялық микрохирургиясы клиникасы, Мәскеу қ. | 771598 1393 | № 329/22 | 2 037 000 | 300 000 руб. Halyk Bank 19.05.2022 ж. 6,79 бағамы бойынша | № 329/22 шарт, төлем туралы түбіртек |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Г.В. Полевой үшін операция алдындағы диагностика | | Көз амбулаториялық микрохирургиясы клиникасы, Мәскеу қ. | 771598 1393 | № 2 | 67 900 | 10 000 рубль Halyk Bank 19.05.2022 жылғы 6,79 бағамы бойынша | № 2 шарт, төлем туралы түбіртек |
| 3 | Г.В. Полевойды операциядан кейінгі бақылау | 200 000 | «Focus» офтальмологиялық орталығы» ЖШС | 17084001 7244 | № 2 | 195 000 | | № 2 шарт, орындалған жұмыстар фактурасы шоты, Алушы Банкінен төлем тапсырмасы, төлемді растау |
| 4 | Б.А. Газиевты операциядан кейінгі бақылау | 300 000 | «Focus» офтальмологиялық орталығы» ЖШС | 17084001 7244 | № 1 | 205 000 | | № 1 шарт, орындалған жұмыстардың шот-фактурасы, Алушының Банкінен төлем тапсырмасы, төлемді растау. |

## 2. Ілеспе шығыстар (ұшу, тұру, тәуліктік)

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Іссапар шығыстары | 2 343 000 | «Хотэл Менеджмент Компани» ЖШҚ | 771057 8737 | | 488 800 | 72 000 рубль Halyk Bank 19.05.2022 ж. 6,79 бағамы бойынша | Кассалық чектер, орналастырғаны үшін invoice |
| | | | «V4L» жұмыскерінің тәуліктік төлемдері (5 күн) | 90111900 1582 | № 2 | 147 000 | | Іссапар куәлігі, жұмыскерлерді іссапарға жіберу ережесі, тәуліктік нормалар бұйрығы, 2-2 бұйрық |
| | | | «V4L» жұмыскерінің ұшуы | 771204 0126 | | 173 867 | | Маршруттық түбіртек, отырғызу талондары |



| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Көлік шығыстары | 600 000 | Қамқорлыққа алынушының ұшуы | 3024000 5191 | | 254 286 | | Түбіртек, отырғызу талондары, қосымша түбіртек - билеттегі деректерді түзеткені үшін айыппұл |
| 7 | 2022 ж. наурыздан шілдеге дейінгі кезеңдегі салықтар мен міндетті төлемдерді қоса алғанда, «V4L» Қорының қызметкеріне жалақы | 900 000 | «V4L» Қорының жұмыскері | 90111900 1582 | | 900 000 | | «V4L» Жеке Қоры қызметкерінің жалақы есеп айырысу ведомосы |

## 3. Қосымша қызметтер

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Теңгені рубльге айырбастау кезіндегі банк комиссиялары | | Halyk Bank | 4114000 4401 | | 14 142, 65 | | № 1 шығыс кассалық ордері, орындаушының таңдауы бойынша жеке шоттардан үзінді көшірме (шетел валютасын сатып алу-сату) |
| 9 | Заң қызметтері | | ТОО «Legist S V» | БИН 19084 0012495 | | 250 000 | | Заң қызметін көрсету шарты, банктен төлем тапсырмасы. |
| 10 | Бухгалтерлік қызметтер | | Байкатова З.Е. | ИИН 72122 3400130 | | 267 100 | | Азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарт |
| | **Жиыны** | | | | | **5 000 095,65** | | **Нақты бөлінген қаражат 5 000 000 теңге** |

№ 6 қосымша

# Глоссарий

| | |
|---|---|
| ҚРА | Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| ЕДБ | Екінші деңгейдегі банктер |
| ЖІӨ | Жалпы ішкі өнім |
| «БЖК 2025» | «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы |
| «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ |
| KASE | «Қазақстан қор биржасы» АҚ |
| ЛК | Лизингілік компаниялар |
| Қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы | «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру және қаржы лизингі тетігі |
| ЖАО | Жергілікті атқарушы органдар |
| МҚҰ | Микроқаржы ұйымдары |
| МШОК | Микро, шағын және орта кәсіпкерлік |
| ШОК | Шағын және орта кәсіпкерлік |
| ҚР ҰЭМ | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі |
| АХҚО | Астана халықаралық қаржы орталығы |
| «Еңбек» бағдарламасы | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы |
| БҰҰДБ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы |
| ІАҚ | Ішкі аудит қызметі |
| МШОКС | микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері |
| ШОКС | шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері |
| ЖКС | жеке кәсіпкерлік субъектілері |
| Қор, «Даму» қоры | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ |
| Нүктелік өңірлік бағдарлама | «Шағын жеке және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» өнімі/бағдарламасы |
| Ұлттық жоба | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба |
| «Даму-Факторинг» | «Факторингті пайдалана отырып, микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін қаражатты екінші деңгейдегі банктерде және өзге де ұйымдарда шартты орналастыру» өнімі |

## Бас кеңсе

A05C9Y3, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111

+7 (727) 244 55 66
+7 (727) 244 55 77

info@fund.kz

www.damu.kz

қысқа нөмірі 1408 (Қазақстан бойынша қоңыраулар тегін)

## Филиалдық желі:

### Астана қ.

Z05T2H3, Астана қаласы, Есіл ауданы Мәңгілік Ел көшесі, 55 «А», «Бәйтерек» БО
+7(7172) 55 91 99, 55 92 14
astana@fund.kz

### Алматы обл.

B10A0A7, Қонаев қаласы 1-ықшам аудан, 14 Б
+7 (7272) 44 55 66, (ішкі 3231)
Assiya.Yessentayeva@fund.kz

### БҚО

L02K7D7, Орал қаласы Темір Масин көшесі, 67/2
+7 (7112) 55 48 08 (05,06,09,10,02)
zko@fund.kz

### Маңғыстау обл.

R00A7D3, Ақтау қаласы 13-ықшам аудан, 55
+7 (7292) 70 10 51
Zhannat.Atalikova@fund.kz

### Түркістан обл.

X43D7G7, Түркістан қаласы Жаңа Қала ықшам ауданы, 28
+7 (7252) 99 70 49
ardak.moldabek@mail.ru

### Алматы қ.

A05K7A5, Алматы қаласы Наурызбай батыр көшесі, 8-үй, «Коба» БО
+7 (727) 244 55 66, 244 55 77 (ішкі 3100)
info@fund.kz

### Атырау обл.

E01X8K9, Атырау қаласы Азаттық даңғылы, 17
+7 (7122) 55 81 01, 55 80 91
atyrau@fund.kz

### Қарағанды обл.

M01M7M3, Қарағанды қаласы Ерменов көшесі, 29
+7 (7212) 55 90 20
Ainur.Adilzhanova@fund.kz

### Павлодар обл.

S03G9X0, Павлодар қаласы Бұқар жырау көшесі, 109
+7 (7182) 70 38 02
Dinara.Zhukina@fund.kz

### Абай обл.

F16T7G3, Семей қаласы Қайым Мұхамедханов көшесі, 23 А
+7 (7222) 60 00 50
damu_abay@mail.ru

### Ақмола обл.

C00G9B9, Көкшетау қаласы Ақан сері көшесі, 46/1
+7 (7162) 55 11 16, 55 11 14
akmola@fund.kz

### ШҚО

F00M3F5, Өскемен қаласы Жеңіс даңғылы, 6
+7 (7232) 56 05 90
damu-vko@mail.ru

### Қызылорда обл.

N02B7B1, Қызылорда қаласы Иван Журба көшесі, 12
+7 (7242) 55 11 12, 55 11 18
damu@list.ru

### СҚО

T01E6A4, Петропавл қаласы Жамбыл көшесі, 191
+7 (7152) 55 98 10 (16)
sko@fund.kz

### Жетісу обл.

B01G6D5, Талдықорған қаласы Тәлебаев көшесі, 86, Біржан сал қиылысы
+7 (7282) 55 87 10
a.nurmuhambetova@fund.kz

### Ақтөбе обл.

D00K9D9, Ақтөбе қаласы Ә. Молдағұлова даңғылы, 30
+7 (7132)70 38 08, 70 38 10, 70 38 11
aktobe@fund.kz

### Жамбыл обл.

H01X4X8, Тараз қаласы Желтоқсан көшесі, 94
тел.: +7 (7262) 99 94 70
e-mail: taraz@fund.kz

### Қостанай обл.

P00F8C6, Қостанай қаласы Әл-Фараби даңғылы, 65
+7 (7142) 99 03 05 (06, 07)
kostanay@fund.kz

### Шымкент қ.

X08X2D1, Шымкент қаласы Қонаев бульвары, 95/1
+7 (7252) 99 70 49
Zhazira.Bekbayeva@fund.kz

### Ұлытау обл.

M13F6C8, Жезқазған қаласы Мир даңғылы, 26 А
+7 (777) 983 00 36
info@fund.kz